$$Y_2 = \begin{cases} R_{11} \times N_y \times t_c + L_y \times R_{21} \times N_y; S_{ra} < 5\%, \\ R_{12} \times N_y \times t_c + L_y \times R_{22} \times N_y; 5\% < S_{ra} < 25\%, \\ R_{13} \times N_y \times t_c + L_y \times R_{23} \times N_y; S_{ra} > 25\% \end{cases}$$

(3)

мұндағы,  $R_{11,12,13}$ ;  $R_{21,22,23}$  – тұрған және қозғалыстағы ағын бөлігінің  $W$  параметрін бағалаудағы регрессия коэффициенті, кг/(сағ\*авт) және кг/(авт\*км);  $N_y$  – тораптағы ағын қарқындылығы, авт/сағ;  $t_c$  – бағдаршамның тиым салу дабылының уақыты, сағ;  $L_y$  – қиылыс алдындағы кезек ұзындығы, км.

(3) формуладағы  $R_{21,22,23}$  мәні келесі өрнекпен анықталады:

$$R_{21,22,23} = A_{j_{1,2,3}}^T \times (1 + R_{ж.а} + R_{б}) / 3, \quad (4)$$

мұндағы,  $R_{ж.а}$ ,  $R_{б}$  – АКҚ жылдамдық алу және баяулату кезінде тастандылардың өзгерісін есепке алатын коэффициент.

Егер мәліметтерді бір өлшемге келтіретін болсақ екі аралықтағы қозғалыс кезіндегі транспорт ағынының тастандыларынан қиылыс маңындағы тастандылар 5-8 есе жоғары.

Транспорт ағынының шу деңгейі ағынның құрамы мен қарқындылығы және де біріншіден ағындағы жүк автомобильдерінің үлесімен анықталады. Транспорт ағынының орташа жылдамдығын көбейту шу деңгейінің жоғарылауына әкеліп соқтырады. Егер ағын құрамындағы бір жеңіл АКҚ шуын 78-ден 75 дБА, ал жүк автомобильдерінің шуын – 85-тен 80 дБА дейін төмендетсе (ағындағы жүк АКҚ-ң үлесі 10-80%), онда ағынның эквивалентті шу деңгейі 2-3,5 дБА төмендеуі мүмкін [2].

Қозғалыстың жақын жолағынан 7,5 м қашықтықтағы транспорт шуының эквивалентті деңгейі келесі формула бойынша анықталады (дБА):

$$L_{экв} = 50 + 8,8 \lg N_a + \Delta L_i \quad (5)$$

мұндағы,  $N_a$  – 40 км/сағ ағынның орташа жылдамдығындағы қозғалыстың есептік қарқындылығы, авт/сағ;  $\Delta L_i$  - әсер етудің  $i$  факторы бойынша түзету (құрамы, ағын жылдамдығы, жол жабынының типі, жолдың еңістік бойы).

Кесте 1 – 1 т отынның жануы кезінде бөлінетін зиянды заттардың меншікті көрсеткіштері. Автокөліктің жылдық зиянды тастандыларының есебі

Отын түрі	Отын шығыны, т/жыл	Заттардың атауы	Меншікті тастанды, М, т/т отын	Тастандылар-дың массасы, $M = M \times G$
Дизель отыны	344,52	Көміртегі оксиді	0,047000	16,19244
		Көмірсутектер		
		Альдегидтер	0,019000	6,54588
		Күйе	0,003400	1,171368
		Бенз(а)пирен	0,009200	3,169584
		Азот оксидтері	0,0000001	0,000034
		Күкірт диоксиді	0,033000	11,36916
		0,010000	3,445200	
Барлығы				41,89367
Бензин	37,3248	Көміртегі оксиді	0,42000	15,676416
		Көмірсутектер	0,02700	1,007770
		Альдегидтер	0,04600	1,716941
		Күйе	0,0020	0,074650
		Бенз(а)пирен	0,0011	0,041057
		Азот оксидтері	0,0012	0,044790
		Күкірт диоксиді	$0,1 \times 10^{-6}$	0,000004
Барлығы				18,561628

Кесте 2 – Атмосфералық ауаның ластануы

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Мөлшері
Тастанды көздерінің саны, барлығы	бірлік	37548
Тұрақты:	бірлік	1334
Күкірт диоксиді	тонна	2373,0
Күкіртсутек	тонна	-
Көміртегі оксиді	тонна	14135,6
Азот оксиді	тонна	2388,7
Басқа тастандылар	тонна	1469,6
Жылжымалы:	бірлік	36214
Көміртегі оксиді	тонна	42689,0
Күкіртсутек	тонна	6351,6
Альдегид	тонна	517,1
Күйе	тонна	1210,1
Бенз(а)пирен	тонна	2,6
Азот оксиді	тонна	6371,7
Күкірт диоксиді	тонна	1386,2
Қорғасын қосылыстары	тонна	32,6
Басқа тастандылар	тонна	-

Маңғыстау облысының тастандылардың жалпы көлемінде автокөлік тастандылары шамамен 70% құрайды.

Белгілі шаралардың көп санының ішінен ең тиімдісі келесі шаралар болып табылады:

1. Бір транспорт құралының шу деңгейін және уыттылық нормасын қатаңдату жағына қарай тұрақты қайта қарау.

2. ДЖД оталу, ток беру жүйесін жақсарту – жанғыш қоспаның мөлшерін оңтайландыру жолымен отынның толық жануын және сенімді оталуын арттыру және:

- жану камерасын, отын беру жүйесін, қосылма труба құбырларын қалыптастыратын деталь дайындауда технологиялық рұқсатты қатаңдату;
- поршеньді сақиналардың конструкциясын жақсарту;
- қосылу, қызу, оталып тұрған жүйелерін жақсарту;
- отынның шашырауын, транзисторлық оталуын және микропроцессорлық басқаруды қолдану.


3. Мотор отындарының сапасын арттыру. Бензинде тетраэтилқорғасынды қолданудан бас тарту, дизельді отында күкірттің (0,05 % дейін), ароматты көмірсутектердің мөлшерін төмендету.

4. Қалдық газдарды рециркуляциялау ( $R_{к.г.}$ ) қалдық газдарды қосылу жүйесіне қайта жіберу жану температурасын төмендетуге және азот оксиді тастандысын төмендетуге әкеліп соқтырады, бірақ отынды үнемдеу нашарлайды. ( $R_{к.г.} = 15-20\% \text{ NO}_x$  60-80 % төмендейді).

5. Қалдық газдарды бейтараптау, қатты бөлшектерді сүзу. Бейтараптағыш (сурет 1) – двигательдің қалдық газын өңдеу үшін белгіленген каталитикалық әсердегі құрылғы.

Бейтараптағыштардың үш типі ажыратылады: сұйықты, термиялық және каталитикалық.

Сұйықты бейтараптау дизельді двигательдің өңделген газына физико-химиялық әсер ететін ең қарапайым әдіс ретінде транспорт құрылысы мен тау-кен өнеркәсібі объектілерінде жұмыс істейтін автомобильдерде кеңінен қолдау тапты. Сұйықты бейтараптағыштармен тазартуға келесі негізгі процестер кіреді: ұсақ дисперсті бөлшектерді ұстау, абсорбция, конденсация және сүзу.



а-каталитикалық; б-құрама (бейтараптағыш-сүзгі-бәсендеткіш); в-абсорбциялық бейтараптағыш-сүзгі

Сурет 1 – Автомобильдер бейтараптағышының түрлі типінің схемасы

Сұйықты бейтараптау әдісі ең қарапайым түрінде су немесе қандай да бір химиялық ерітінді қабаты арқылы өңделген газдарды өткізуден тұрады. Өңделген газдардың альдегид, күкірт диоксиді мен азот диоксиді сияқты су ерітінді компоненттері бейтараптанады; күйе және аэрозольді бөлшектер қолданудан бас тарту, дизельді отында күкірттің (0,05% дейін), ароматты көмірсутектердің мөлшерін төмендету.

Бейтараптау тиімділігін арттыру үшін химиялық реактивтердің ерітіндісін қолданады. Ең тиімдісі натрий сульфатының  $\text{Na}_2\text{SO}_3$  сулы ерітіндісі, гидрохинон  $\text{C}_6\text{H}_6\text{O}_2$  қоспасымен сода  $\text{Na}_2\text{CO}_3$  болып табылады. Көптеген жағдайда бейтараптағышта оның жиі алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық суды қолданады.

ІЖД отын түрлерін қолдану, соның ішінде автокөліктерде қарқынды өсу мен даму жағдайында біздің елімізде және шет елдерде мұнай өңдеудің негізгі өнімдері – дизельдік отын мен бензинді (дәстүрлі отын) үнемдеу бойынша кешенді зерттеулер жүргізілуде. Сонымен бірге мұнайдың табиғи қорлары шектеулі, оны өндірумен байланысты шығындар тұрақты өсіп келеді. Бұл факторлар мұнай отынын алмастырғыштарды алу және қолданудың тиімді әдістерін іздеуге зерттеулерді бағыттайды.

Автомобиль үшін мұнай отынын алмастырғыштардың көп мөлшерін жалпылама баламалы отын деп аталатын түрлерін бөлуге болады. Осындай отынға бірінші кезекте көмірсутекті қосылыстар: спирттер – метанол ( $\text{CH}_3\text{OH}$ ) немесе этанол ( $\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$ ), пропанның ( $\text{C}_3\text{H}_8$ ) – бутанның ( $\text{C}_4\text{H}_{10}$ ) сұйытылған газ қоспасы, метан табиғи газ ( $\text{CH}_4$ ), сутегі ( $\text{H}_2$ ), азот, сутекті және т.б. жатады.

Транспорт құралдары қалдығының айтарлықтай төмендеуін баламалы отындарды қолдану жағдайында қамтамасыз етуге болады (кесте 3). Келешегі зор отын түріне, мысалы, қалалық дизельді автомобильдер мен автобустар үшін отын ретінде диметилэфирді қолдану жатады. Қалыпты жағдайда ДМЭ газ тәрізді күйінде болады, физикалық қасиеті бойынша сұйытылған мұнай газымен ұқсас.

Кесте 3 – АКҚ түрлі отынмен жұмыс жасағандағы зиянды заттар қалдығы, г/км

Отын түрі	CO	C <sub>x</sub> H <sub>y</sub>	NO <sub>x</sub>	CO <sub>2</sub> , кг/кг
АИ-93 бензині	10,3	2,17	2,25	2,1
Сұйытылған мұнай газы	4,7	1,19	2,15	2,0
Сығылған табиғи газ	2,1	1,11	2,1	1,9
Бензин + сутегі	0,74	0,69	1,11	0,42
Сутегі	0	0	0,62	0
Метанол	6,92	1,14	1,09	0,35
Метанол + Синтез-газ	1,24	0,62	0,89	0,26
Синтез-газ	0	0,1	0,57	0,19

Оны қолданған кезде сығымдаудан жалындаумен двигательде шу мен зиянды зат тастандысының өте төмен деңгейімен жанудың тиімді процесін жүзеге асыруға болады. Қатты бөлшектердің кейбір мөлшері жану камерасына майлағыш майдың түсуінен түзіледі. Азот оксиді тастандысының төмен деңгейі араласпаған жанғыш қоспаның жану уақытының аздығымен, жану температурасы мен қысым өсуі жылдамдығының аздығымен түсіндіріледі. Диметилэфир тәуліктен аз жартылай ыдырау периодына ие және атмосфераны ластамай CO<sub>2</sub> және H<sub>2</sub>O ыдырайды. Бірақ мотор отынының осы түрін өндірістік алу проблемасы туындайды.

Газ баллонды автомобильдерді пайдаланудың технико-экономикалық көрсеткіштері бензинді автомобильмен салыстырғанда біршама төмендейді: жүк көтеруі 9-14% төмендейді, жүріс қоры азайып, жүрісті қолдану коэффициенті төмендеуіне әкеледі, техникалық қызмет көрсету аймағында жұмыстың еңбек сыйымдылығы 8-10% артады. Бұдан басқа газды қондырғының конструкциясы газды отынға көшіруге болатын бензинді автомобильдерінің моделінің санын шектейді.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Определение выбросов загрязняющих веществ от автотранспорта : метод. указания / В. А. Молодцов, А.А. Гуськов. – Тамбов: Изд-во ФГБОУ ВПО «ТГТУ», 2014. – 22 с.
2. Лебедева М.И., Анкудинова И.А. Экология: Учебное пособие. Тамбов: Изд-во Тамбовского государственного технического университета, 2002.
3. Общая экология. Учебное пособие /С.С. Маглыш. - Гродно: ГрГУ, 2001.

4. Оценка воздействия на окружающую среду и экологическая экспертиза. Учебное пособие /СПбГУАП. СПб. 2004.
5. Коробкин В.И Экология. – М., 2006. – 465с.
6. Петрунин В.В. Плата за негативное воздействие на окружающую среду в 2016 году // Финансы. – 2016. – № 4. – С.25-30.
7. Родзевич Н.Н. Экологическая глобализация // География в школе. – 2005. – № 4. – С.8 – 15.

**УДК 665.6.**

## **ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ДОРОЖНОМ СТРОИТЕЛЬСТВЕ**

**Рахманов С., студент, КГУТИ им. Ш.Есенова, г. Актау**  
**Научный руководитель: Аккенжеева А.Ш.**  
**КГУТИ им. Ш.Есенова, г.Актау**

**Аннотация.** В статье приводятся результаты анализа эффективности внедрения инновационных технологий в дорожном строительстве, таких как использование асфальтобетонных покрытий, изготовленных с использованием полимерно-битумных вяжущих (ПБВ). Показаны преимущества ПБВ по сравнению с не модифицированными битумами. Показано, что использование ПБВ обеспечивает снижение совокупной стоимости строительства автодорог на 30%, повышение срока службы дорожного покрытия в 2-3 раза, снижение среднегодовых расходов на содержание дорог на 55-60%.

**Ключевые слова:** полимерно-битумные вяжущие, термоэластопласты, эластичность, трещиностойкость, интервал пластичности.

Строительная индустрия является основой экономики любого государства, местом трудоустройства миллионов людей и одним из главных инструментов сохранения и увеличения денежной массы населения, предотвращения резких обвалов на финансовом рынке и в реальном секторе экономики. Дорожное хозяйство и связанные с ним отрасли являются наиболее динамичными и активно развиваются в Мире. Это обусловлено тем, что модернизация имеющихся автодорог и развитие дорожной инфраструктуры городов и регионов является одним из главных приоритетов экономической политики в стране. Одной из наиболее эффективных инновационных технологий в дорожном строительстве является использование асфальтобетонных покрытий, изготовленных с использованием полимерно-битумных вяжущих. Полимерно-битумные вяжущие (ПБВ) на основе термоэластопластов являются качественно новым материалом, позволяющим повысить срок службы дорожного покрытия. По сравнению с нефтяными дорожными битумами полимерно-битумные вяжущие обладают новым комплексом свойств, существенно отличающихся от свойств исходных битумов: эластичностью, трещиностойкостью, широким интервалом пластичности, повышением прочности при растяжении [1].

Полимерно-битумные вяжущие (ПБВ) применяются при строительстве, реконструкции, ремонте дорог, мостов и аэродромов. Применение ПБВ позволяет

повысить деформационную устойчивость полимер асфальтобетона во всем диапазоне эксплуатационных температур, коррозионную стойкость покрытий, а также безопасность движения автомобилей.

Битумы, не модифицированные должным образом, показывают на практике ряд недостатков: высокая термическая чувствительность (размягчение при высоких температурах и хрупкость при низких), плохие механические характеристики и низкая упругость, склонность к старению. Термическая чувствительность не позволяет обычным битумным смесям хорошо вести себя и при высоких, и при низких температурах, поэтому они нуждаются в модификации. Применение модифицированных битумов является одним из перспективных направлений, позволяющих обеспечивать дорожному покрытию максимальное сопротивление усталостным разрушениям, устойчивость к изменениям температур суточных и сезонных циклов. Стоимость модифицированных битумов выше обычного битума в среднем на 60-65 %, но дороги не строят из одного битума, доля битума в асфальтобетоне всего 6%, расчёты показывают, что удорожание строительства 1км дороги составляет около одного процента. Учитывая увеличение срока службы дороги в 2-3 раза, применение модифицированных битумов, безусловно, экономически обосновано [2].

Лучшими модификаторами для улучшения технологических качеств битума являются полимерные материалы. Полученный модифицированный битум, образованный объединением обычного битума и полимера, обеспечивает более высокий уровень качества: улучшение рабочих характеристик при высоких и низких температурах, улучшение эластопластических характеристик, повышенное сопротивление усталости материала, улучшение когезии и адгезии с наполнителями, повышенное сопротивление старению. Модифицирование битума полимерами, обладающими эластическими и пластическими свойствами ведет, к получению в итоге полимерно-битумных вяжущих (ПБВ). По сравнению с нефтяными дорожными битумами полимерно-битумные вяжущие обладают новым комплексом свойств, существенно отличающихся от свойств исходных битумов: эластичностью, трещиностойкостью, широким интервалом пластичности (ИП), повышением прочности при растяжении.

ПБВ рекомендуется применять для устройства асфальтобетонных покрытий и поверхностных обработок в первую очередь на наиболее ответственных участках автомобильных дорог, мостах, аэродромах. Особенно эффективно использовать ПБВ в районах с резко континентальным климатом, а также на объектах с повышенными динамическими воздействиями на покрытие (например, на полосах примыкания к трамвайным путям и т.п.) в составе мастик для заполнения швов и трещин в покрытиях. Температура хрупкости ПБВ должна быть близка к минимальной температуре воздуха в районе строительства.

Использование ПБВ обеспечивает снижение совокупной стоимости строительства автодорог на 30%, повышение срока службы дорожного покрытия в 2-3 раза, а также снижение шума на дороге в 3-4 раза, за счет применения ПБВ происходит снижение среднегодовых расходов на содержание дорог на 55-60%. Экономия дорожного бюджета

РК от использования полимерно-битумных вяжущих (ПБВ) должно составить несколько млрд. тенге в год.

Технические требования к ПБВ регламентируются СТ РК 2534-2014. В зависимости от глубины проникания иглы при 25 °С ПБВ подразделяют на следующие марки: БМП 50-70, БМП 70-100, БМП 100-130. По физико-механическим показателям ПБВ должны соответствовать требованиям и нормам, указанным в СТ РК 2534-2014.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Дорожные асфальтобетонные покрытия на модифицированных битумах : учеб.пособие / А. В. Руденский, Ю. И. Калгин. ; Воронеж. гос. арх.-строит. ун-т. — Воронеж, 2009. — 143 с.
2. Гохман Л.М. Битумы, полимерно-битумные вяжущие, асфальтобетон, полимерасфальтобетон. Учебно-методическое пособие. - М.: ЗАО «ЭКОН-ИНФОРМ», 2008. - 117 с.
3. «Битумы и битумные вяжущие. Битумы нефтяные модифицированные дорожные. ТУ». Технические условия. СТ РК 2534-2014. Астана.

**Секция №2**

**«Экономикалық дамуда экологиялық тепе-теңдікті сақтау»**

**«Сохранение экологического равновесия в экономическом развитии»**

**«Conservation of ecological equilibrium in economic development»**

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

**Сырлыбаева Р.Б., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**  
**Ғылыми жетекшісі: Сатанбаева А.Ө.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Әлеуметтік инфрақұрылымның салалары ең ірі әрі еңбекті көп қажет ететін кешен болып табылады. Елдің әлеуметтік жағдайы мен даму болашағы онымен тығыз байланысты. Бұл кешеннің географиясын тұтыну факторы - халықтың орналасуы басқаларға қарағанда көбірек анықтайды.

**Түйінді сөздер:** Инфрақұрылым, әлеуметтік сала, тұрғындар, логистика, байланыс, маңғыстау.

Инфрақұрылым - экономиканың және адамдардың қызмет етуінің жалпы жағдайларын жасауды қамтамасыз ететін халық шаруашылығы салаларының жиынтығы (мысалы өндірістік инфрақұрылым - жолдар, көлік, байланыс, электрмен қамту желісі, қоймалар және т.б.); әлеуметтік - тұрмыстық инфрақұрылым - тұрмыстық - коммуналдық шаруашылық, сауда, жолаушылар көлігі және байланыс, білім беру, ғылым, мәдениет, денсаулық сақтау және т.б.; экологиялық инфрақұрылым - тазалаушы құрылымдар, бөгеттер, дренажды жүйелер, саябақтар және т.б.).

Материалдық өндіріс пен қоғамның өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті ғимараттар, жүйелер мен қызметтердің жиынтығы.

Маңғыстау облысы – Қазақстан Республикасының қиыр оңтүстік-батысында орналасқан әкімшілік бірлік. Жер аумағы: 165 642 км<sup>2</sup>, тұрғын саны 674 963 адамды құрайды. Каспий теңізі жағалауында орналасқан бұл облыс арқылы, 6 050 тонна шамасында тауар экспорттап, 18 314 тонна тауар импортталады. Республикамызға осыншама маңызы бар облысымыздың ішкі жағдайы, яғни инфрақұрылымын қарастырайық.

Маңғыстау облысы еліміздің тарихында мыңжылдықтар датасын атап өткен Тараз бен Шымкент, Түркістан мен Алматыдан кейінгі бесінші өлке ретінде Маңғыстау атауының мың жылдығы анықталды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалары аясында жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен Маңғыстаудың тарихын насихаттау. Шетелдік ғалымдардың қатысуымен кешенді ғылыми зерттеулер, халықаралық деңгейде экспедициялар мен конференциялар жоспарлы түрде іске асырылуда.

Қазақ шығанағында қазірдің өзінде демалыс зонасы бар. Оның қасындағы «320 әулие жерінде» (кейде Маңғыстау түбегін солай атайды) жер асты мешіттері (Бекет ата және т.б.) мен елкенің орта ғасырдағы астанасының қалдықтары сақталған.

Бұл - біздің еліміздегі рекреациялық байлықтың, тек бір кішкене бөлігі ғана. Олар - қазақстандықтар ғана емес, сонымен бірге саны 2007 ж. 6 млн-нан асқан туристердің де тамашалайтын ғажайып жерлері.

Әлеуметтік инфрақұрылым салалары Әлеуметтік инфрақұрылымның негізгі мақсаты - халыққа қызмет көрсету. Бұл 30-дай саланы құрайтын күрделі кешен. Олар халықтың қалыпты тұрмыс-жағдайын қамтамасыз етіп, мамандар даярлаумен, адамдарды әр түрлі аурулардан қорғап, олардың дұрыс дем алуын ұйымдастырумен айналысады. Нақты айтқанда кешен еңбек өнімділігі мен елдің еркендеуі үшін «жұмыс істейді». Қызмет көрсету түрлері өте көп. Олардың кейбірі күнделікті (біз күнде дүкенге барамыз), кейбірі андасанда (мысалы, ауырған кезде), ал қайсыбірі сирек уақытта (үй, машина жөндеу) қажетті болып табылады. Кейбір қызмет түрлері халыққа жаппай қажет болса

(сауда, денсаулық сақтау, дем алу), олардың кейбіреулері тек жекелеген топтарға көрсетіледі. Сендерге, жастар үшін маңызды қызмет - білім беру, ал қарт адамдарға - кәрілікті әлеуметтік жағынан қамтамасыз ету. Бұл қызмет түрлері арналып көрсетілетінін білдіреді. Бірақ кез келген жағдайда олар адамдардың тұрып жатқан жерлерінде көрсетіледі. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымды орналастырудың негізгі факторы - халықтық (халықтың орналасуы) фактор. «Табиғат аясындағы» демалыс су айдындарымен, орман, таумен байланысты. Оған табиғи қор факторларының маңызы зор. Жоғары білім (университеттік, институттық) ғылыми орталықтарға жақын орналасады. («ғылымды көп қажет ету») факторы). Инфрақұрылым нысандарын халыққа көлікпен бара алатындай етіп орналастырады (көліктік фактор). Халыққа күнделікті қызмет көрсететін салалар барлық халық орналасқан зонада біркелкі таралып орналасады. Қалған инфрақұрылым мекемелерінің желісі сиректеу болып келеді. Тұрмыстық қызмет көрсету 1. Тұрмыстық қызмет көрсету. Сауда халыққа тұтыну тауарларын ұсынды. Олар үлкен партиямен (көтерме сауда) немесе бірбірлеп сатылады (бөлшек сауда). Сауда жұмысының негізгі көрсеткіші - оның көлемі (тауар айналымы) мен құрылымында. Халықтың әл-ауқатының өсуіне байланысты, сауда құрылымында азықтық емес тауарлар үлесі кебеюде.

Білім беру саласы бойынша облыста 117 күндізгі жалпы білім беретін мектеп (олардағы қатысушылар саны 88,1 мың), 13 колледж (10,3 мың қатысушы) 4 жоғары оқу орны (17,8 мың студент) жұмыс жасайды. Ең үлкен оқу орны Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті.

Соңғы жыл ішінде, «Бейнеу ауданы Бейнеу селосында 900 орындық мектеп құрылысы», «Қарақия ауданы Жетібай поселкесінде 280 орынға арналған бала бақша құрылысы», «Жанаөзен қаласының «Арай» ықшамауданында 320 орындық бала бақша салу» байламалау» сияқты жобалар жүзеге асырылды.

Қазіргі таңда, мемлекет облыс бойынша балабақша салу жобаларын қаржыландыру үстінде. Себебі, облысымыздың мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын басты мәселелердің бірі. Бұдан басқа, балабақшалардың көбеюі облыстың демографиялық ахуалын арттыруға көмектеседі. Сондықтан біз өңірімізде балабақшалар салу мәселесіне аса назар аударып келеміз.

2018 жылы 2895 орындық 24 балабақша пайдалануға беріледі деген жоспар болған. Балабақша ашуда облыс кәсіпкерлері белсенділік танытуда. Қазірдің өзінде 714 орындық 10 жекеменшік балабақша ашылды.

Денсаулық сақтау саласы бойынша облыста барлық мамандық бойынша 1,2 мың дәрігер қызмет ететін және 3,1 мың орта медицина қызметкерлері бар 36 аурухана мекемелері бар.

Денсаулық сақтау нысандары бойынша «Ақтау қаласындағы 150 төсектік ана мен баланы қорғау орталығы құрылысы» нысанының құрылысы ағымдағы жылдың аяғында тапсырылады. Сонымен қатар Ақтау қаласында онкологиялық диспансер құрылысына ЖСҚ жасақтау. Түзету» жобасы бойынша ЖСҚ жасақталды [2].

Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының желісіне Маңғыстау облысы 2 586,2 км, оның ішінде:

- 1033 шм – республикалық маңызы бар;
- 1553 км – жергілікті желі, 932 шақырымы облыстық маңызы бар жолдар және 621 шақырымы аудандық.

01.01.2017 жылғы жағдай бойынша автомобиль көлігімен 84 801,4 мың жолаушы тасымалданды, автомобиль көлігімен жүк тасымалдау көлемі 216 351,5 мың тонна.

Маңғыстау облысы бойынша жолаушылар тасымалымен 28 көлік мекемелері айналысады. Оның ішінде: 19 мекеме – аудандық және қалалық маршруттарға, 9 – облыс ішілік және облысаралық маршруттарға қызмет көрсетеді. Облысаралық және халықаралық маршруттар жоқ. Аталған маршруттық желіге 46 маршрут кіреді. Оның ішінде: 13 аудандық, 17 қалалық және 16 облыс ішілік маршрут.

Облыс көлеміндегі маршруттарда 440 автобус қызмет етеді, олардың тозу көрсеткіші 9,8 %. Жаңаөзен қаласында және Шетпе, Бейнеу ауылдарында 3 автобекет қызмет етеді.

Барлық облысшілік және қалалық маршруттар GPS спутниктік навигаторларымен диспетчерлендіру мақсатында орнатылған. Автобустардың тұрған орны, қозғалыс интервалы мен жылдамдығы бойынша ақпараттар интернет арқылы бақыланады.

Ауыл шаруашылығы. Маңғыстау өңірінде ауыл шаруашылығының негізі - дәстүрлі мал шаруашылығы, оның ішінде тұрбалы және шахталы құдықтардың тұздылығы төмен тереңдегі жерасты суын пайдаланып, жыл бойы табиғи жайылымда бағылатын қой, жылқы және түйе шаруашылықтары дамыған.

Мал шаруашылығы өнімінің негізгі көлемі шаруа қожалықтары және тұрғындар ауласында өндіріледі.

2016 жылы қаңтар-желтоқсан айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 11 574,2 млн теңге, оның ішінде егін шаруашылығында 2 118,5 млн теңге, мал шаруашылығында 9 434,2 млн теңге болды.

Тұрақты бағамен ЖӨ-нің нақты көлем индексі (НКИ) –101,5% оның ішінде егін шаруашылығында 127%, мал шаруашылығында 96,1% құрады [1].

Осы тұрғыда энергетиканы, көлік пен телекоммуникацияны, облыстық және аудандық инфрақұрылымды, ауыл шаруашылығын дамытуды, сумен жабдықтауды және кәрізді, қоршаған ортаны қорғауды, қала құрылысын және логистика секілді инфрақұрылымдық секторларына, сондай-ақ басқа да өндірістік секторларға инвестициялау Банктің басым бағыттары болады.

Маңғыстау облысы бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің ресми филиалы мен 19 дан астам екінші деңгейлі банктер бар [3].

Бұл облыстың инфрақұрылымдық жағдайының толық көрінісі емес және оны дамыту біздің басты мүддеміз болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. mangystau.gov.kz
2. str.mangystau.gov.kz
3. nationalbank.kz

## ӘОЖ 33.238

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІ

**Тасболатова А.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Бүгінгі күнде Қазақстанда қаржылық және қаржылық емес құралдар негізінде инновациялық жобаларды жүзеге асыруға әсер ететін, ұлттық инновациялық жүйе құрылған. Аймақтық инновациялық жүйелер негізінен ұлттық даму институттарының жергілікті ұйымдарымен ұсынылған. Мұндай құрылымдар бірінші тәртіп негізінде қызмет етеді.

**Кілт сөздер:** Инновация, экономикалық механизм, венчур, АИЖ.

Инновациялық кәсіпкерлік жүзеге асырылатын инновациялық ортамен тығыз байланысты. Инновациялық орта ұлттық және аймақтық инновациялық жүйелер әсеріне байланысты қалыптастырылады.

Бұл елдің аймақтарындағы инновациялық жобаларды жүзеге асырудың процессін қиындатады. Осыған байланысты аймақтық инновациялық жүйелерді қалыптастыру

мәселесін қайта өңдеу қажеттілігі туындайды, олар инновациялық бастамаларды мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарын иелене отырып, қызмет етудің өзіндік дербес ұйымдастырушылық- экономикалық механизмдерін иеленетін еді.

Біздерде бүгінгі күнде инновациялық жобалардың қаржыландыру көздерін іздестіру инновациялық кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Елдің инновациялық инфрақұрылымын талдау барысында анықталғандай, меншікті қаржылық қаражаттарды және кепілдік негізді иеленбейтін бастамашыға инновациялық жобаны іске асыруға инвестицияларды тарту өте қиын болып табылады. Сондықтан да, қазіргі кезде елдегі венчурлық қорлардың қызмет етуінің қарқындылығының мәселесі өте өзекті болып табылып отыр.

Елде венчурлық қаржыландыруды құралдарын дамытудың механизмдерінің бірі аймақтық венчурлық қорды құру болып табылады, ол аймақ үшін ерекше жобаларды қаржыландыратын еді.

Сонымен қатар, қолда бар инновациялық жобалар үшін аймақтық инновациялық жүйе (АИЖ) шеңберінде инновациялық жобаны ғылыми зерттеуден инновациялық өндірісті ұйымдастыру кезеңіне дейін үздіксіз сүйемелдеу жүйесін құру қажет.

АИЖ стратегиялық басқаруымен қамқорлық кеңес айналысуы тиіс. АИЖ барлық элементтерін қызметін үдемелі басқару және бақылау аймақтық Әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациялар жаныдағы құрылған аймақтық инновациялар кеңсесімен іске асырылуы тиіс.

Болашақта аймақтық венчурлық қорды құру кезінде технопаркте және индустриалды паркте бизнес және технологиялық инкубациялауға жобаны орналастырумен байланысты өкілеттілікті, сонымен қатар тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға венчурлық қордың компаниясының басқарушысы тағайындалынады. Мұндай шара облыстағы венчурлық қаржыландыру процессінің тиімділігін жоғарлатады және бизнес – инкубациялаудан бастап, өнімнің нарыққа шығарылуына дейін бөлінген қаражаттарға бақылау жасауды қамтамасыз ете алады.

Бұл компанияның қызметінің негізгі принциптері келесідей болуы тиіс:

- басқарушы компания толығымен қамқорлық кеңесіне толығымен есеп беруге міндетті және міндетті түрде аудиторлық бақылау өткізіп отыруы тиіс;

- басқарушы компанияға аймақтың ұзақ мерзімді дамуы бойынша жауапкершілік артылады, сондықтан да бірінші кезекті міндет аймақта әзірленген жобаны дамыту болуы тиіс;

- басқарушы компания оған сеніп тапсырылған қордың қаражаттарынан инновациялық жобаның іске асырылуына қажетті талап етілетін шығындарды төлейді.

Жобаның бастамашылары ретінде бизнес – құрылымдар, жаңалық ашушылар және ғалымдар болуы мүмкін. Сонымен қатар, АИЖ институттары арқылы жүзеге асыруға жобаларды беру өкілдігін ҮИИДМБ облыстық келісімділік кеңесі иеленуі тиіс, оған дамудың әрекет етуші бағдарламалары (Жол картасы – 2020, Инвестор – 2020, Экспортер – 2020) бойынша жүзеге асырылатын, жобаларды таңдау бойынша міндет жүктелінген, олар Қазақстанның даму Банкі, «ТДҰА» АҚ, ИФК АҚ және басқа да даму институттарының қатысуымен республикалық деңгейде қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау және жүзеге асыру үшін бағытталынады.

Әрекет етуші аймақтық даму институттары (аймақтық ӘКК және технопарктер) да АИЖ қамқорлық кеңесінің келісімі және өздерінің қызметі түріне сәйкес, АИЖ келіп түскен инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін таңдау жасай алады. Сонымен қатар, әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациялар өнеркәсіптік аудандардың дамуымен байланысты инфрақұрылымдық мәселелерді (жалға беру шарты шеңберінде жолдардың құрылысы және жөнделуі және жаңа қуаттылықтарды енгізу есебінен электр қуаттылығының тапшылығын қысқарту) шешуін қамтамасыз етуі тиіс.

Инновациялар жобалар бойынша жобалық – сметалық құжатты дайындауды жылдамдату қажеттілігі және өздерінің қызметтеріне конструкторлық бюроның бағаларын тым жоғары қоюына байланысты бірқатар мәселелерді шешу үшін,

Қазақстанда шетелдік конструкторлық бюро аккредитациясын ұсыну қажет, себебі мұндай жобалар шеңберінде техникалық құжаттама толығымен технологияны сататын фирмамен дайындалады.

Сонымен қатар, инновациялық жобаларды табысты коммерцияландыру үшін интеллектуалды меншікті бағалау институты қажет, ол өндірістік фирма- инвесторлар қаражаттары немесе қарыз қаражаттарын тарту үшін жарғылық капиталға салым немесе кепілдік мүлік ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қалыптастырылушы кластерлер шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми жобалардың қозғалысын қамтамасыз ету қажет, ол үшін аймақтағы жүйені қалыптастырушы корпорациялармен, ірі жер қойнауын пайдаланушылармен және ұлттық компаниялармен АИЖ шеңберінде құрылған кәсіпорындар өздерінің өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін және талап етілетін шикізаттың жеткізілуі туралы мүмкіндікті иеленетіні жөнінде технологиялық келісімдер жасалынуы қажет.

Осылайша, аталған бағыттың табысты жүзеге асырылуы үшін келесідей ұйымдастырушылық механизмдер ұсынылады:

- технопарк және кәсіпкерлік және өнеркәсіп Басқармасы бір жағынан және екінші жағынан ірі жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық компаниялар және трансұлттық корпорациялар арасында технологиялық келісім шарт жасалынуы қажет, онда аймақтың шағын және орта инновациялық фирмаларымен инновациялық өнімдерді болашақта игеруі және одан әрі оны шығаруы туралы мәселелер қарастырылуы керек;

- ҚР ИДМ және ҚР ҰЭМ инжинирингтік қызметтерді көрсету туралы заңдылыққа өзгерістер енгізуі бойынша ұсыныстарын білдіру;

- аймақтағы жүйені қалыптастырушы компанияларымен АИЖ ресурстары есебінен оларға бейімделінген жобаларды жүзеге асыру бойынша меморандумлар мен мәмілелерге отыру.

Осылайша, ғылымның кадрлық әлеуетінің табысты дамуы үшін келесідей ұйымдастырушылық механизмдер ұсынылады:

- жыл сайын ғылыми кадрлардың ұдайы өндірісі үшін аймақтың ЖОО және ҒЗИ магистратура және докторантурада нысаналы түрде оқу үшін өтініштер тізімін орталықтандырылған түрде қалыптастыру;

- аймақтық еңбек нарығында мамандар тапшылығын жою үшін аймақтың кәсіпорындарынан және инновациялық жобалардың ұйымдастырушыларынан жоғарғы және орта звенодағы мамандарды дайындауға жыл сайынғы орталықтандырылған тізімін дайындау.

Аймақтарда жинақталынған ғылыми білімді коммерцияландыру үшін банктік несиелендіруге сүйенбейтін, өндіріске жергілікті әзірлемелерді енгізу процессін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қаржыландырудың көздерін анықтау маңызды мәнді иеленеді, себебі отандық шаруашылық тәжірибе жарғылық капиталға салым немесе кепілдік қамтамасыз ету ретінде интеллектуалды меншікті баламалы бағалау механизмдерін әзірге дайындаған жоқ. Сонымен бірге, венчурлық қор өтініш білдірушілердің әрекет етуші бизнесі жоқ, нолдік жобаларды қаржыландыру үшін өте қажетті болып табылады, оның шеңберінде өзіндік ғылыми әзірлемелерді жүзеге асыру үшін әрекет етуші «Бизнес жол картасы - 2020», «Өнімділік - 2020», «Экспорттаушы - 2020» бағдарламаларын пайдалануға болатын еді.

Облыс территориясында дайындалатын инновациялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан территориясында қызмет ететін республикалық және аймақтық венчурлық қорлармен әріптестік және келісім бойынша жұмысты бастау қажет.

Аймақтық инновациялық жүйенің даму шеңберінде венчурлық қор оның негізгі элементі болып табылады. Негізгі салымдар бойынша табыс қорды толықтыру үшін қайта қаржыландырылуы тиіс, қосымша салымдар бойынша табыс қор қызметінің нәтижелері бойынша инвесторларға төленеді, қаржыландыруды тарту сферасында іскерлік әріптестік тәжірибесін иелену.

Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары негізінде қорды толықтыру келешегі бар. Бұл қорда жинақталынған қаражаттарды аймақтың кәсіпорындарына инжинирингтік қызметтер көрсету облысында кәсіпорындарды және болашағы бар ғылыми жобалары негізінде өнеркәсіптік кәсіпорындарды құруды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Қор қызметі негізіне келесідей принциптер жатқызылады:

1. Қор қызметіне жалпы бақылауды Облыс әкімі жетекшілік ететін, Қамқорлық кеңесі (12 адамға дейін) жүзеге асырады, онда дамудың аймақтық институттарының, ғылыми ұйымдардың өкілдері қатыстырылады.

2. Қамқорлық кеңесі байқау жүргізу негізінде басқарушы компанияны таңдайды, ол қорға жалпы басшылық жасай отырып, қормен қаржыландырылған жобалардың іске асырылуы барысына бақылау жасайды.

3. Басқарушы компания жеке инвесторларды тартуға міндетті.

4. Бұл қордың қызметінен табысты бірінші кезекте жеке инвесторлар алады. Басқарушы компания табысты қордың қызметінің нәтижелері бойынша алады.

5. Қордың толықтырылуы жүзеге асырылған жобалардан алынған табыстар есебінен немесе жергілікті бюджетке жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары негізінде іске асырылады.

6. Пайданы ұлғайту және қосымша қаражаттарды тарту мақсатында венчурлық қор қаражаттарының бір бөлігі технологиялар трансфертіне негізделінетін жобаларды қаржыландыруға бағытталынуы мүмкін.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы: 2013 жылдың 4 маусымы, №579 бекітілген // [adilet.zan.kz/](http://adilet.zan.kz/).

2. Сабден О. Инновационная экономика. – Алматы: Эксклюзив, 2008. –

3. Костенко М.А. Правовые основы инновационной деятельности: учебное пособие. – Таганрог: ТТИ ЮФУ, 2012. – 72 с.

4. Әмірбекұлы Е. Фирманың бәсекеге қабілеттілігі. – Алматы: Эверо, 2012. – 116 б.

5. Отчет о тенденциях развития инноваций в мире и в РК / АО «Национальный инновационный фонд». Центр аналитического сопровождения инновационных процессов. – Астана, 2011. – 200 с.

**ӘОЖ 65.011.23**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ВАЛЮТА НАРЫҒЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

**Ескелді Р., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Ғылыми жетекші: Сатанбаева А.Ө.**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Валюта бағамының деңгейі сыртқы саудаға, ұлттық өнімдердің әлемдік нарықтағы бәсекелестігіне, капиталдың қозғалысына, ақша айналымының қалпына және елдің бүкіл экономикасына айрықша әсер етеді. Ұлттық валютаның бағамын төмендету тауарларды экспорттауға жағдай туғызады, яғни төлем балансының белсенділігін арттырады.

**Түйінді сөздер:** валюта, теңге, қозғаушы күштер, Ұлттық банк, курс бағамы, сауда балансы.

Шын мәніндегі тәуелсіз елдің болашағы - оның экономикалық, әлеуметтік тәуелсіздігі мен қауіпсіздігіне де тікелей байланысты екендігі ақиқат. Сол үшін де

Қазақстанның ұлттық валютасы теңгесін айналымға енгізу – ел Үкіметіне де, Ұлттық банкке де тәуелсіз экономикалық, қаржылық-кредиттік саясат жүргізуге мол мүмкіндік берді. 1992 жылдан бастап Елбасы теңгені дайындау және айналымға енгізу мәселесін алға қойған болатын. Теңге алғаш айналымға түскен жылы Ұлттық Банк әуелде 1 теңгені сол кездегі мың рубльге бағалаған болатын. Дегенмен де еліміздің саяси, әлеуметтік мәселелері және мемлекетаралық қатынастар ескеріле келіп бір теңге бес жүз сомға бекітілді. Кейіннен теңгенің бағамы елімізбен сауда жасайтын үлкен мемлекеттердің немесе АҚШ долларының валюталық себетіне сәйкес шығару керек болды. Екшелеп келіп, теңгені доллардың бағамына теңеп, бұл бірінші айналымға кірген күні бір доллар 4,75 теңге болып бекітілген. Тоқтала кететін мәселе, осы кезеңде үлкен құнсыздану тек қана Қазақстанда емес, сол кездегі ресейлік рубль ақша ықпал ететін барлық аймақтарда жүріп жатқан болатын. Атап айтар болсақ, құнсыздану елімізде 1992 жылы 3200 пайыз болса, теңгенің айналымға кірген 1993 жылы 2 700 пайыздай көрсеткішке жеткен. Бұл кезеңді мамандар кәдімгідей құнсызданудың ырықсызданған кезеңімен салыстырады. Осыншама құлдырауға теңгенің қарсы тұруы қамтылуы тиіс еді. Бірақ, бұған сол кездердің өзінде Қазақстанның Алтын валюталық қоры аздық етті. Уақыттың тапшылығы, қордың әлсіздігі әсер еткендіктен де, көпшілік жағдайда ұлттық валютаның бағамы экономиканың жағдайына да тікелей байланысты болып табылды. Теңгенің ең құлдыраған заманы 1994-96 жылдары болды.

Әуелгіде ұлттық валютаға беделді бабаларымыздың тұлғасын беру қазақтың кім болғандығын айғақтап тұратын ерекшелік ретінде жасалған шара секілді көрінуші еді. Ал Ұлттық банктің соңғы шешімінен тек батысқа еліктеушілікті байқауға болатын тәрізді. «Жалпы отарланған ұлттардың үлкен бір арманы – Тәуелсіздік алып, өзінің ұлттық валютасы болып, өзі дербес ел ретінде сол ұлттық валютасымен ішкі де, сыртқы да қатынастарды дамыту. Қазақ халқы да теңгесінен айрылған бір кездері теңгені қайта жаңартуды армандап, оған 1993 жылдың қарашасында қол жеткізілді.

Ұзақ мерзімді перспективадан мемлекеттің валюталық реттеуге тікелей араласуы тиімділікке қол жеткізбейді. Ұлттық валютаның бағамын жиі-жиі әрі ұзақ уақыт бойы тежеп отыру импортқа бағытталған жеке салаларға кері әсерін тигізуі мүмкін. Қазақстанға 2003 - 2015 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру барысында басқа дамыған елдерден жаңа жоғары технологияларды, машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ жоғары технологиялық жетілдірудің маңызы зор.

Валюта жүйелер маңызды элементі валюта бағамы болып табылады, МЭО дамыту өйткені әртүрлі елдердің валюталарының құн байланысының өлшемі талап етеді. Валюта бағамы үшін қажетті:

- тауарлармен, қызметпен сауданың жанында валюталардың ауыс-түйісі, капиталдар және қарыздардың қозғалысында. Экспортшы құтқарысқан шетелдік валютаны ұлттыққа айырбастайды, өйткені басқа елдердің валютасы осы мемлекеттік аумақтағы заңды сатып алушы және төлеу құралы ретінде айнала алмайды. Импорт шетелде сатып алған тауарлардың төлеуі үшін ұлттық валютаны шетелдікке айырбастайды. Қарыздар сыртқы заемдер бойынша берешекті өтеу және пайыз төлеу үшін шетелдік валютаны ұлттыққа алады;

- әлемдік бағалар және ұлттық немесе шетелдік валюта бейнеленген әртүрлі ел құндық көрсеткіш ұлттық рыноктерді салыстырулар;

- фирмалар және банктердің шетелдік валютасындағы есептердің периодты қайта бағалауы. Валюталық курстың мәні бұл құн дәрежесі. Ақша баға валюта бағамы

Валюта бағамының деңгейі сыртқы саудаға, ұлттық өнімдердің әлемдік нарықтағы бәсекелестігіне, капиталдың қозғалысына, ақша айналымының қалпына және елдің бүкіл экономикасына айрықша әсер етеді. Ұлттық валютаның бағамын төмендету тауарларды экспорттауға жағдай туғызады, яғни төлем балансының белсенділігін арттырады. Қазақстан соңғы 5 - 6 жылда экспортқа дем беру мен төлем балансының белсенділігін қуаттау үшін теңге бағамын төмендету саясатын ұстап отыр. Ұлттық банк осы мақсатпен

үнемі валюта интервенциясын (шетел валютасын сатып алу - сату) жүргізіп, айналымға теңгені көбірек жіберудің арқасында теңге бағамын төмендетуде. Алайда, соңғы жылдары доллардың өзінің бағамының төмендеуінен елімізге көптеп келіп түсуде, осы себепті теңгенің бағамы өсіп келеді.

Қазақтың ұлттық валютасы көршілес елдердің ішінде үлкен құнды ақшаға айналып отыр. Сондықтан да Орталық Азия елдері арасында қос тілді болып, әріп қатесі кеткені болмаса, теңгенің беделі өте жоғары, бүгінгі тұғыры бір қалыпты. Бір сөзбен айтқанда, ұлттық валюта - ел экономикасының жағдайын көрсететін, айырбас құралы ғана емес, ұлттың айнасы болуы тиіс.

Валюталық курсқа әсер етуші факторлар.

Көптеген экономикалық индикатордың ең бірінші нақты валюталық курспен сауда балансы байланысты себебі ол мемлекеттің экспорт пен импорт айырмашылығын көрсетеді.

Сауда балансы экспорт – импорт сыртқы саудада экспорт басым болса, онда елге шетел валютасы артық түседі яғни ұлттық валютаға сұраныс көбейеді және айырбастау курсыда өседі. Және керісінше сауда балансының дефициттенде (импорттық көлемі экспорттан басым) ұлттық валюта әлсірейді.

Саудаға, айырбастау курсына, инфляция және проценттік ставка бір -біріне тең әсер етуі бүкіл факторларды араластырады және бір - бірімен байланысы нәтижесіз.

Валюталық курстың табиғатын басқаша сипаттайтын - икемділік теориясы. Ол көбіне сауда балансының бір жағына валюталық курстың өзгеруіне әсірін түсіндірсе, керісінше екінші жағынан валюталық курстың өзгеруі, сауда балансының өзгерісіне әкеледі. Икемділік теориясы бойынша, валюталық курс дегеніміз, ол сауда балансын тепе – теңдік те ұстайтын шетел валютасының айырбастау бағасы. Егер сұраныс баға жағынан икемсіз болса, онда импорттың түсуі мен экспорттың өсуі шамалы болады, сол себепті, саудадағы дисбалансты теңеу үшін, айырбастау курсы қарқынды өсуі керек. Екінші жағынан, егер сұраныс баға жағынан икемді болса, онда импорттың түсуі мен экспорттың өсуі үлкен және оған валюталық курстың сәл ғана өзгерісі де жеткілікті.

Шынайы нарыққа икемділік теориясын қолдану қиындығын тудырушы, валюталық курстардың бірдей икемділікке ие бола алмауы, дәллірек айтсақ, қысқа мерзімді курстар (СПОТ) өте икемсіз, ұзақ мерзімділермен салыстырғанда.

Келесі фактор Пайыздық ұтыс (процентная ставка). Валюта нарығын бақылаудағы негізгі көрсеткіштердің бірі пайыздық ұтыс. Пайыздық дифференциал дегеніміз, пайыздық ұтыстардың айырмасы.

Әр елдің ақша нарығында пайыздық ұтыстардың бірнеше түрі бар:

- ұтыс, коммерциялық банктердің орталық банктен қарыз ақша алуы.
- Ұтыс, банктер бір – бірінен қарыз ақша алуы
- Ұтыс пайызы, мемлекеттік құнды қағаздардан
- Ұтыс пайызы, банктердің өз клиенттерінен несие беруі
- Ұтыс пайызы, коммерциялық банктердің ақшаны депозиттерге тартуы.

Міне осы ұтыстардың бәрі бір – бірімен тығыз байланыса отырып, аяғында ресми ұтыс пайызын орталық банктың айқындауына апарды.

Үшінші фактор Жалпы ұлттық өнім.

Жалпы ұлттық өнім – экономика күшін көрсететін индикатор болып есептеледі. Жалпы ұлттық өнім күшті өскен сайын, ұлттық валюта да күшейе түседі.

Соңғы фактор инфляция.

Сонымен қатар, инфляция көрсеткіштерін валюта диллерлері өте бір ұқыптылықпен бақылап отырады.

Инфляцияның өсуі шынайы ұтыс пайызын түсіреді. Сонымен қатар, инфляция денгейі экономиканың «денсаулығын» көрсетуші, сондықтан орталық банктердің бақылауында болады. Инфляциямен күресу шарасы ұтыс пайызын көтереді.

Қазіргі таңда, ҚР Ұлттық Банкімен долларға қатысты теңгенің 19,35%-ға ресми девальвациясы өткізілген болатын. 2015 жылдың екінші жартысынан кейін АҚШ-тың ФРЖ (Федеральді Резерв Жүйесі) дамушы нарықтардан капитал ағымының кетуін азғыртты. Осыған қоса, Қытай экономикасының бәсеңдеуі және Ресейдегідей нашар кәсіби орта, Түркиядағыдай қауіпті саяси ахуал, Индиядағыдай ағымды операциялар шотының төмен жағдайы сияқты дамушы елдердегі ескі проблемалар инвесторларды үркітті. Осының нәтижесі дамушы елдердің ұлттық валюталарының жаппай құнсыздануы пайда болды. Осындай апаттың ошағында біздің елімізде қалды және ұлттық валютаның бағасы да қарқынды түрде арзандады. Бұл жағдай бизнес пен тұтынушылар үшін нағыз шок болды: импорттық тауарлардың құны жедел түрде өсіп, бұнымен қоса, инфляция да өсіп халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайларына да кері әсерін тигізді. Осыған жауап ретінде осы елдер тұрғындары өз шығындарын қысқартуға мәжбүр болады, ал ол экономикалық өсуге әсер тигізеді. Валюта бағамдарын қолдау және инфляцияны «буып тастау» үшін орталық банктер пайыздық мөлшерлемелерді көтеруге мәжбүр болады. Соңғы девальвация банк секторына да кері әсер тигізуі мүмкін, себебі елдегі банктердің сыртқы қарыздары жоғары. 2009 жылғы девальвацияның 2014 жылдағы девальвациядан тағы бір айырмашылығы – негізгі банктердің рекапитализациялау мен қаржылық жүйенің тұрақтылығын арттыру шаралардың мемлекетпен жүргізілуінде. Осы жолғы девальвация кезінде банктерге мемлекет тарапынан ешқандай қолдау көрсетілмейді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. К.Ж. Бертаева Валютный рынок и валютные операции: Учебное пособие.- Алматы 2000.
2. А.А. Ильяс - Платежная система Республики Казахстан: теория и практика учебное пособие.
3. nationalbank.kz

ӘОЖ 631.18 (578)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ САЛЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМА

Толыбек Ф., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.,  
Ғылыми жетекшісі: Кубигулова Р.Т.  
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Андатпа.** Мақалада салық салудың әр түрлі шарттары қарастырылған қызмет түрлерін жүзеге асыратын салық төлеуші қызметтің мұндай түрлері бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу мақсаттарында салық салу объектілерінің және салық салуға байланысты объектілердің есебін бөлек-бөлек жүргізуі.

**Түйінді сөздер:** салық жүйесі, реформа, экономика, сұраныс, ұсыныс, фактор.

Қазақстан Республикасы өз алдына егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғасын, экономиканы дербес түрде басқарады. Мемлекеттік басқару жүйелеріне көптеген өзгерістер жасалып, бірнеше заң жобалары қабылданды. Оларға қаншама өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Дамыған мемлекеттер мен көрші мемлекеттердің жүргізіп отырған саясаттарын сараптай отырып, өзіміздің ұлттық менталитетке сай, қажетті жақтарын алып отырды.

Нарықтық экономика мен мемлекеттің салық саясатының негізгі мақсаты- бюджеттің кіріс бөлігін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Салық саясатының басты мақсаты- салық жүйесін құру және оның тиімді қызмет етуіне мүмкіндік беретін салық механизмін іске асыру.

Салық жүйесі өз алдына сала болып қалыптасуы үшін, біршама қиындықтарды бастан кешіре отырып, көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасалынып, қазіргі кезде тұрақты жүйеге түсті

«Салық» ұғымымен «салық жүйесі» ұғымы тығыз байланысты. Мемлекетте алынатын салық түрлерінің, оларды құрудың және алудың нысандары мен әдістерінің, салық службасы органдарының жиынтығы әдетте мемлекеттің салық жүйесін құрайды. Қазақстан Республикасының қазіргі салық жүйесі салықтарды құру мен алудың нақтылы әдістерін белгілейтін, яғни салықтардың нақтылы элементтерін анықтайтын тиісті заңнамаларға негізделеді.

1991 жылға дейін, яғни КСРО ыдырағанға дейін елде көбінесе экономиканы басқарудың әкімшіл-әміршіл жүйесіне, бағаларға қатаң мемлекеттік реттеуге сәйкес келетін салық жүйесі қызмет етті. Бюджеттің басты кіріс көздерінің бірі болған айналым салығы тіркелген бөлшек сауда мен көтерме сатып алу бағаларын қолдануға және мемлекеттік реттеп отыруға бағытталған болатын. Қазақстан егемендікке ие болғаннан кейін 1991-1995 жылдары қабылдаған бірқатар заңдарға сәйкес республикада жаңа салық жүйесі қалыптасты.

Елімізде салық саясатында алғашқы қабылдалған заң барысында салық салу бойынша әлемдік тәжірибеде жете есепке алынған жоқ, өтпелі экономиканың ерекшеліктері есепке алынбады, сонымен бірге еліміздің тарихи, әлеуметтік ерекшеліктеріне көңіл бөлінбеді.

Әр түрлі елдердің салық жүйелері әр түрлі экономикалық, саяси және әлеуметтік шарттар негізінде құрылған. Әрине, олар оңтайлы емес, бұл оңтайлы жүйені құру үшін экономистерге және әлеуметтанушыларға талаптар ретін өңдеу қажет болды. Олардың ішінде неғұрлым маңыздылары мыналар:

— салық ауыртпалығын таратудың біркелкілігі немесе басқа сөзбен айтқанда, әркім мемлекеттік кірістерге өзінің «әділетті үлесін» енгізуі;

— салықтар мүмкіндігінше әр түрлі тұлғалармен экономикалық шешімдерді қабылдауға әсерін тигізбеуі қажет, немесе мұндай әсер ең аз шамада болуы қажет;

— әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін салықтық саясатты пайдалану кезінде, салық салудың теңдік және әділеттік қағидаларын бұзуды ең аз шамаға жеткізу қажет;

— елдің экономикалық өсуі және тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында салық саясатын пайдалануда салықтық құрылым әсер етуі қажет;

— салық жүйесі әділетті болуы қажет және салық төлеушілерге түсінікті болуы қажет;

— салықтарды басқару және салық заңдылығын сақтау бойынша әкімшілік шығындар ең аз шамада болуы қажет.

Осы талаптар елдің салық жүйесінің сапасын бағалау үшін негізгі критерийлер ретінде пайдалануы мүмкін.

Салық жүйесін құру кезінде әр түрлі салықты қолданудың салдарын қайта тарату күрделі проблемалардың бірі болып табылады. Бұл салдар салықтарды алу тәсілінен, салық мөлшерлеме құрылымынан, салық базасын анықтаудан, және салықтың қызмет өрісіне тәуелді болады. Ел экономикасының салық жүйесіне әсері сұраныс және ұсыныс жағдайынан, нарықтар құрылымынан және жаңа салықтық жағдайларға бейімделу кезеңіне тәуелді болады. Салықтық өзгерістер баға өзгерістеріне әкеледі, бұл салық төлеушілердің кірістері және шығыстарына, салық ауыртпалығын таратуға әсерін тигізеді. Қайта таратудың соңғы нәтижесі барлық көрсетілген факторлардың өзара әсеріне тәуелді болады. Бұл өте күрделі үдеріс, бірақ жалпы ережелер және қорытындыларды жасауға болады.

Тұтыну салықтарына қатысты бұл қорытындылар төмендегілерден тұрады:

— салықты енгізу бағаның өсуіне әкеледі және салық салынатын тауарларға сұранысты қысқартады;

— бағадағы және өндірістегі өзгерістер ауқымы сұраныс пен ұсыныстың икемділігіне тәуелді болады;

— салық ауыртпалығы сұраныс және ұсыныс икемділігіне қатысты сатушы және сатып алушы арасында таратылады;

— белгілі шектен жоғары салық мөлшерлемелерін жоғарылату кезінде салықтық түсімдер төмендеуі мүмкін.

Өндіріс факторына салықтар қатыстылығына қарай бұл ережелер мен қорытындылар мыналарға бөлінеді:

— салық өндіріс факторында табыстың жалпы нормасын жоғарылатады, осы факторлардың төмендетеді;

— салық ауыртпалығын қайта тарату сұраныс және ұсыныстың икемділігіне тәуелді болады;

— бұл салықтар ұсынысын қысқартады және пайданың таза нормасын шешуші әсерді үй шаруашылығының шығындарына емес, кірістеріне тигізеді;

— өндіріс факторына салық салу өзгерістерінің соңғы нәтижесі нарық құрылымына, ұжымдық келісімшарттарға және бәсекелестік шарттарына тәуелді болады.

Экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып бірнеше деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның түзілуі негізінен отбасында жүреді. Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің де негіздерін үйрете бастауы керек.

Көбіне, балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қоршаған ортаға ешқандай жамандық жасамай ақ тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанымызды байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды ондысолды шашудамыз, суды, ауаны ластаудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз үйіңнен бастауға болады, яғни суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды қолдану және тағы басқалар. Сөйтіп экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды [1].

Одан кейінгі экологиялық тәрбиенің қалыптасуы қоғамның қатысуымен болуы керек. Бұл көбіне елдің басшыларына, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсаттарына қаншалықты көңіл бөлініп жатқанына байланысты.

Экологиялық тәрбие беруді әртүрлі жолдармен жүргізуге болады. Бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының және қоғамдық экологиялық ұйымдардың ролі зор. Баспасөз ақпарат құралдарының бірінші болып экологиялық қолайсыз жағдайлар туралы дабыл қағып халықты құлағдар етіп отыруы керек. Осының арқасында халықтың экологиялық сана сезімі өсіп, көтеріледі. Экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады.

Экологиялық білім беру – балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі болып саналады.

Экологиялық білім беру – бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі - табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Экологиялық білім – қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, ептілікті, икемдікті қамтиды. Ол кәсіби мамандарды дайындауға ықпал етіп, кадрларға білім беру, оларды дайындау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заңдар бойынша экологиялық тәрбие мен білім берудің бәріне ортақ кшендік және үздіксіз болуы қарастырылған.

Бәріне ортақ қағидасы бойынша экологиялық тәрбие мен білім беру қоғамның барлық мүшесін қамтуы керек. Экологиялық пәндерді оқыту жоғары оқу орындарының барлығында жүргізілуі керек. Алайда, жоғарыда айтылғандай, экологиялық ағарту жұмысы тек оқытумен ғана шектелмеу керек, бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының, қоғамдық экологиялық ұйымдардың да ролі зор.

Экологиялық тәрбие мен білім берудің кешендік қағидасы бойынша, әртүрлі екі процестің ғылыми негізделген әдістемелік талаптарды ескере отырып адамдардың санасына бірлесіп кешенді әсер ету.

Үздіксіз қағидасы, азаматтардың, мамандардың, басшылардың кәсіби жұмысы барысында қоршаған ортаға, адамдар денсаулығына жағымсыз әсер етуіне байланысты экологиялық тәрбие және білім беру жүйесі бойынша өздерінің біліктілігін көтерудің құқығы мен міндеттерін білдіреді.

Сонымен, экологиялық тәрбие мен білім берудің негізгі мақсаты - қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Экология міндеті - адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету [2].

Экологиялық ақпараттар алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша Қазақстан қол қойған Орхус Конвенциясы халықтың экологиялық саясатқа қатысуына үлкен жол ашады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қуатбаев А.Т. Жалпы экология. – Алматы, 2008 ж, 220 б.
2. Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2008 ж, 10 б.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒАРТУ

Усенбаева А.У., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Аңдатпа:** Бұл мақалада экологиялық білім беру, экологиялық мәдениет және экологиялық ағарту мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** ресурс; кадр; зерттеу.

Қазіргі таңда экологиялық дайындықтан өткен тәрбиешілердің жеткіліксіз болуына және оқу құралдары мен бағдарламалардың болмауына байланысты көптеген балалар экологиялық тәрбие беру жүйесінен шет қалып отыр. Республика мектептерінде экология сабақтары жүйелі түрде өткізілмейді. Оқу процесінде пайдаланатын экология пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдары ескірген, қазіргі таңдағы Қазақстандағы экологиялық мәселелердің ерекшеліктерін көрсете алмайды. Осы күнге дейін елімізде экологиялық білім берудің біртұтас бағдарламасы және экологиялық арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер жоқ деп айтуға болады [1].

Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында экологиялық пәндері бар факультеттер бар. Айта кетерлігі, халықаралық талаптар бойынша эколог-мамандарды даярлауда тек жетекші университеттер ғана есепке алынады.

Қоршаған ортаны қорғау туралы, ерекше қорғалатын аймақтар туралы заңдар, қажетті нормативтік құқықтық базалар, экономикалық механизмдер болғанымен іс жүзінде ол заңдар, ережелер өз дәрежесінде жұмыс істемей жатыр. Мұның бір себебі, азаматтардың экологиялық мәдениеті деңгейінің төмендігі.

Экологиялық мәдениет бұл азаматтардың экологиялық салауаттылығы, ақпараттармен хабардар болуы, табиғатты тиімді пайдаланудың нормаларын күнделікті орындау белсенділігі мен сенімділігі ретінде көрініс табады [2].

Экологиялық ағарту ісі - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білім, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпарат тарату болып табылады.

Экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы негізгі міндеттер:

- экологиялық білім берудің мазмұнын өзекті ету, білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, оқытушы кадрлардың біліктілігін арттыру арқылы экологиялық білім берудің сапасын жақсартуды;
- қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі ұйымдастыру негіздерін, бағдарламалар мен іс-шараларды дамытуды;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерді іске асыру үшін кәсіби кадрлар даярлауды қамтиды.

Экологиялық білім беру және ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті мемлекеттік органдар, білім беру, мәдениет және ғылым ұйымдары, табиғат қорғау мекемелері, табиғат пайдаланушылар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген жетекші педагогтар мен ғалымдар ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Қоғам мен отбасында экологиялық ағартуды ұйымдастыруды оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде сектораралық ынтымақтасу мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау, біліктілікті арттыру мен қайта даярлау мақсатында білім беру, ғылым ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер жанынан өңірлік кеңестер (орталықтар) құрылады. Үздіксіз және кешенді экологиялық білім беру жүйесі білім берудің барлық деңгейлерін қамтиды.

Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру мамандандырылған және пәнаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ экологиялық аспектілерді қазіргі оқу пәндеріне кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Табиғат қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басым міндеттерінің бірі ретінде танылады.

Сонымен қатар жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге, насихаттауға, экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға, қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға құқылы болып саналады.

Экологиялық білім берумен қатар экологиялық ғылыми зерттеулерді жүргізу қажеттігі туындайды. Экологиялық ғылыми зерттеулер қоршаған ортаны қорғауды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, табиғи экологиялық жүйелерді жақсарту, қалпына келтіру, орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі мен әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Экологиялық ғылыми зерттеулердің міндеттері - қоршаған ортаның жай-күйін ғылыми тұрғыдан бағалау және болжау; ғылыми негізделген экологиялық нормативтерді, стандарттар мен талаптарды әзірлеу; табиғи ресурстарды кешенді және ұтымды пайдалануды негіздеу; қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында мемлекеттік реттеу мен басқаруды қамтамасыз ету үшін ғылыми ұсынымдар әзірлеу; экологиялық тұрғыдан тиімді ресурстарды сақтау технологияларын ғылыми тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және енгізу болып табылады.

Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары мен қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мамандықтар бойынша кәсіби білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді.

Мемлекет мынадай басым бағыттар бойынша:

1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуі үшін білім беру саласында ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспарын айқындау;

2) экологиялық білім беру мен ағартудың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру;

3) қоршаған ортаны қорғау саласында білікті мамандар даярлау;

4) экологиялық білім беру мен ағарту жөніндегі оқу және әдістемелік материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

5) қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі бағдарламаларды және іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымдарды дамытуға жәрдемдесу жөнінде экологиялық білім беру мен ағартуды қолдауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қолдау шаралары: білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беруді (экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу-әдістемелік жұмыстар мен іс-шараларды) әртүрлі мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыруды; мемлекеттік органдардың мамандар

даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға белсене қатысуын; орнықты даму үшін білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс беруді; экологиялық білім беру мен ағарту саласындағы қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беруді; қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар шеңберінде экологиялық білім беру мен ағарту, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жөніндегі қажетті іс-шараларды қамтамасыз етуді қамтиды [3].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2018. – 85 б.
2. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. - Алматы. 2005. – 396 б.
3. Байдельдинов Л.Л. Экологическое законода

УДК. 336.03

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПЛАСТИКАЛЫҚ ТӨЛЕМ КАРТОЧКАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

**Сатанбаева А.Ө., аға оқытушы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Төлем карточкасы – электронды сақтағыштар - терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы болып табылатын магнит қабатты пластикалық карточка.

**Түйінді сөздер:** банк, төлем, карточка, авторландыру, төлем құралы, эквайрер.

Қағаз ақша ғасыры тәмамдалып келеді. Адамдардың көпшілігі қазіргі таңда қолма-қол ақшадан бас тартып, төлем карточкаларын таңдауға көшкен. Осы бір кесек пластик артықшылығының орасан зорлығы сонша оны сипаттап беру оңай емес. Карточка – әмбебап төлем құралы, оны ұстаушы жер шарының кез келген түпкірінде пайдалана алады (әрине, банк бар жерлерде). Бұл Ұстаушының банктік карточкалық шотын басқаруға қол жеткізетін кілт. Төлем карточкасының көмегімен үйден шықпай-ақ тауарлар мен қызметтерді төлеуге болады немесе қолма-қол ақша алуға болады.

Банктік карточкаларды қолдану бойынша қатысты негізгі субъектілері: эмитент, карточка ұстаушы, сауда ұйымы, эквайрер, төлем ұйымы, есеп айырысу банкі. Банктік карточка эмитенті — бұл банктік карточканы шығарған және ұстаушыға берген несиелік ұйым. Банктік карточканы ұстаушы - оны қолданушы жеке тұлға. Сауда ұйымы — заңды тұлға немесе жскс кәсіпкер, олардың және эквайрердің арасындағы келісімге сәйкес, эквайрердің тауар (қызмет) ұстаушыға банктік карточканы қолданып кезекті төлеу үшін тапсырылған құжаттары бойынша жауаптылықта болады.

Эквайрер - банктік карточканы қолданып жүргізілген операция бойынша сауда ұйымдарымен есеп айырысатын және ұстаушыға қолма-қол ақша қаржыларын беретін несиелік ұйым болып табылады.

Төлем ұйымы – төлем жүйесі шегінде банктік карточкалармен операция бойынша ережелерді бекітетін заңды тұлға болып табылады.

Төлем жүйесі — анықталған түрдегі банктік карточкалармен операцияларды демейтін коммуникация және арнайы құрылғылар жүйесі. Төлем ұйымдары әдетте банктік карточка түрлерін сәйкестендіретін қызмет көрсету белгілерінің құқына ие болады. Төлем ұйымы сондай-ақ тиісті төлем жүйесінің техникалық қалыптасуын қамтамасыз етеді. Есеп

айырысу банкі немесе есеп айырысу агенті — төлем ұйымымен жасалған келісім негізінде эмитент пен эквайрлер арасындағы өзара есеп айырысуды жүргізетін несиелік ұйым.

Банктік карточканы ашу үшін клиент бекітілген нысандағы өтінішті ұсынады және банк онымен келісім жасайды. Банктік карточкалар негізгі екі операцияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді: тауарларды (қызметті) төлеу және банкоматтар арнайы автоматтық құрылғылар. Қазіргі кезде аталған операцияның екеуін жүзеге асыратын карточкалар (эмбебап карточкалар) кең тараған, алайда тек қолма-қол ақша қаржыларын алуға немесе тек тауар немесе қызметтерді төлеуге негізделген карточкалар да қолданылуда.

Банктік карточкалар екі негізгі типте болады: кредиттік және дебеттік. Халықаралық төлем ұйымдарының кредиттік карточкаларының дебеттіктен айырмашылығы операция жүргізу технологиясына байланысты. Дебеттік карточкалармен операция барлық уақытта авторландыруға жатқызылады, кредиттік карточкалармен операциялар анықталған шарттарда жатқызылмайды. Осындай ерекшеліктеріне байланысты дебеттік карточкаларды эмитенттер банктік шотта бар қаржы қалдығы көлемінде операцияларды жүзеге асыруға қолданылады, ал несиелік карточкалар бойынша шоттағы бар қаржы көлемінде операция жүргізуге, сондай-ақ несие ұсынуға болады, әдетте тәжірибеде бұл қарызшыға несиелік желі ашу жолымен жүзеге асырылады.

Банктік карточканы қолданып тауар немесе қызметті төлеу кезінде ұстаушы карточканы сауда ұйымының кассиріне береді. Кассир авторландыру рәсімін өткізуі керек, ол үшін карточка эмитенттері мен бұл орталықта карточка ұстаушының банктік шотының жағдайы туралы деректер базасы жүргізіледі. Авторландырудың негізгі қызметі — карточка ұстаушының төлем қабілетіне көз жеткізу. Авторландыру екі әдіспен жүзеге асырылады: дауыстық және электрондық.

2019 жылғы ақпан айында банктер және «Қазпочта» АҚ кестеде ұсынылған төлем құралдарын пайдалана отырып 43 839,2 млрд. теңге сомаға 118 972,7 мың транзакция көлемінде транзакция өткізді.

Бұрынғыдай Қазақстанның аумағында төлем тапсырмалары және төлем карточкалары неғұрлым таралған төлем құралдары болып табылады. Бұл ретте, бір төлем тапсырмасының орташа сомасы 2019 жылдың ақпан айында 2 223,3 мың теңге құрады.

Сонымен бірге саны бойынша төлем карточкаларының жоғары үлес салмағы және транзакциялар көлемі бойынша төмен үлес салмағы осы төлем құралын негізінен шамалы қолма-қол ақша сомасын алу үшін пайдаланылатындығымен сипатталады.

Көрсетілген мерзімде төлем құралдарының ішіндегі инкассалық өкімдер және чектер аз пайдаланылады. Жалпы сан мен көлемдегі осы құралдарды шамалы пайдалану үлесі олардың ерекшелігіне байланысты.

Дауыстық авторландыру кезінде кассир эквайрер-банкінің іс жүргізу орталығына телефон соғып, ондағы қызметкерге келесі деректерді хабарлайды: карточка нөмірін және оның әрекет ету мерзімін, операция сомасын және сауда ұйымының сәйкестендірушісін (нөмірін). Эквайрердің іс жүргізу орталығының қызметкері тиісті төлем жүйесінің байланыс арнасы арқылы (электронды тәсілмен, яғни берілген деректерді компьютерлік жүйеге енгізу арқылы) эмитенттің іс жүргізу орталығымен байланысады. Егер қызмет мақұлданса, онда көрсетілген тізбек бойынша, бір-ақ кері бағытта аталған авторландырушылық сұрауды сәйкестендіретін «авторландыру коды» хабарланады.

Электронды авторландыру кезінде жоғарыда көрсетілген мәліметтерді сауда ұйымының кассирі арнайы құрылғы — электрондық терминалға енгізеді. Ол аталған деректерді эквайрердің іс жүргізу орталығына жолдайды және ол автоматты режимде тиісті эмитенттің іс жүргізу орталығына береді.

Авторландыру, соның ішінде дауыстық авторландыру белгілі бір уақыт мерзімін алады және сауда ұйымы қызметінде қажетсіз болып табылады. Тиісті телекоммуникацияны қолдану себепті авторландыру айтарлықтай қымбат тұратын рәсім есептеледі, ол аз сомадағы операцияда өзін ақтамайды.

Сондықтан халықаралық төлем жүйесінің ережесі белгіленген лимиттен аспайтын сомадағы банктік карточкалармен операциялар авторландыруды қолданбай жүргізілуін қарастырады.

Көрсетілген лимит ерекет етуі үшін анықталған сауда ұйымы мен эквайрер банк арасындағы келісім бойынша тиісті шарттар қарастырылуы керек. Халықаралық төлем жүйесінің ережесіне сәйкес «лимитке дейінгі» сома операциялары авторландырылған эмитент болып саналады. Бірақ сауда ұйымы карточканың әрекет ету мерзімі аяқталмағанына және оның нөмірі тоқтатым парағында (стоп-лист) — ұрланған немесе жойылған карточкалардың тізімінде жоқ екендігіне көз жеткізуі тиіс.

Атап ететін жайт, дебеттік карточкалармен операция сома көлеміне байланыссыз авторландыруға жатады, өйткені шоттағы бар қаржы көлемінде ғана қатаң жүргізілуге тиісті.

Авторландырудың заңдық мәні, банктік карточканы қолданып атқаруға ұсынылған құжаттарды эмитенттер міндеттемесінің еркін пайдаланылуына негіз болып табылуында. Аталған ереже авторландыру жүзеге асқандығын сол мезетте эмитентке хабарлап, ұзамай оған тиісті есеп айырысу құжаттары ұсынылатындығын хабарлайды. Осындай ретпен авторландыруға құқылық факт статусын беру қалыптасқан қатынастарды көрсетеді.

Авторландыру өткізу кезінде эмитент авторландырылған сома көлемінде ұстаушының ақшалай қаржыларын шектейді. Аталған шектеу өткізілетін операциялар сомасын ұстаушыға төлеу бойынша эмитенттің талаптарын қамтамасыз етуге негізделген. Егер авторландыру өткізіліп, қандайда бір себептермен тауар толық ұсынылмаса, онда сауда ұйымы авторландыруды толықтай немесе жартылай қайтаруы тиіс.

Алайда егер авторландыру өткізілмесе және операция сомасы сауда ұйымы бекіткен лимиттен аспаса, эмитент банктік карточканы қолданып құрылған құжаттарда көрсетілген міндеттемелердің орындалуына жауапты.

Авторландыру өткізілген соң кассир карточка және импринтер көмегімен слип деп аталатын арнайы түбіртекте құрады. Импринтер орнына электронды терминал қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда тиісті құжат электронды терминал түбіртегі деп аталады. Халықаралық тәжірибеге сәйкес слип (электронды терминал түбіртегі) кем дегенде келесі деректерден тұруы тиіс:

1. сауда ұйымының сәйкестендіргіштері (нөмірі);
2. операция өткізу күні;
3. операция сомасы;
4. операция валютасы;
5. операция эмитенттері авторландыруды бекітетін код;
6. банктік карточка деректемелері;
7. карточка ұстаушының қолы.

2019 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша төлем карточкаларын шығаруды іс жүзінде 22 банк және «Қазпочта» АҚ жүзеге асырады. Аталған ұйымдар келесі халықаралық жүйелердің төлем карточкаларын шығарып, таратумен айналысады: VISA International, MasterCard Worldwide, UnionPay International, American Express International және Diners Club International. Бұдан басқа келесі Қазақстан банктері жергілікті жүйелері төлем карточкаларын шығарады: Altyn Card – «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және Ситибанк Қазақстан жергілікті карточкасы - «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

2019 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша банктердің айналымдағы карточкаларының саны 24,1 млн. жетіп, карточкаларды ұстаушылардың саны – 20,8 млн. адам болды (2018 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 23,0% және 21,0% өсім байқалады). Кеңінен таралған карточкалар түрі дебеттік карточкалар болып табылады, олардың үлесі 75,6%, екінші орындағы кредиттік карточкалардың үлесі – 20,8%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар мен алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне сәйкесінше 2,0% және 1,6% тиеді.

2019 жылдың ақпанында қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып жасалған транзакциялардың көлемі 1 817,6 теңгеге жетіп, саны 93,3 млн. бірлікті құрады (2018 жылғы ақпан айымен салыстырғанда көрсеткіштер сәйкесінше 38,4%-ға және 83,5%-ға ұлғайды). Оның ішінде қолма-қол жасалмайтын төлемдер саны 2,2 есе, ал сомасы 97,9%-ға (транзакциялардың саны 67,9 млн. бірлік және транзакциялардың көлемі 718,3 млрд. теңге) өсіп, ал қолма-қол ақшаны алу операциялары бойынша тиісінше 26,9%-ға (транзакциялардың саны 25,4 млн. болды) және 15,7%-ға (транзакциялар көлемі 1 099,3 млрд. теңге) өсті.

Қолма-қол жасалмайтын төлемдердің негізгі үлесі POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы саны, көлемінен сәйкесінше 54,6% және 35,0%) және интернет/мобильді банкинг (тиісінше 44,4% және 62,9%) арқылы жасалды. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жүзеге асырылған (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы саныменен көлемінен сәйкесінше 90,4% және 83,7%).

Банктің карточкалары қолданылатын операциялар бойынша төлемдер тізімі – электронды немесе қағаз жеткізушіде үрдісті жүзеге асырушы және есеп айырысуға қатысушы (эмитент, эквайрер, есеп айырысу банкі) ұйымдармен белгілі уақыт аралығында эквайрер құрылысын және эмитенттің банк карточкасы қолданылған операциялар бойынша екі және одан да көп құжат. Төлемдер тізімі несиелік ұйымдарда ашылған шоттар бойынша операция өткізуге негіз болады. Келтірілген анықтамада көрсетілгендей, төлемдер тізімі есеп айырысу құжаты статусына ие.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Мақыш С.Б. Коммерциялық банктер операциялары. Алматы:2004ж.
- 2.Сейтқасымов Г.С. Ақша, несие, банктер. Алматы: 1996ж.
- 3.[www.stat.kz.com](http://www.stat.kz.com).
- 4.[www.halykbank.kz](http://www.halykbank.kz)

УДК. 336.03

## ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ МҰНАЙ САЛАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Сатанбаева А.Ө., аға оқытушы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Қазақстан қаржы нарығының даму арнасы еліміздің шикізат базасының дамуымен тығыз байланыста. Несие, инвестиция, валюта, қор нарықтарының қалыптасуындағы үлес салмағы үлкен көлемде.

**Түйінді сөздер:** несие, инвестиция, шетел инвестициясы, мұнай, Ұлттық қор, қаржы нарығы.

Біздің елімізде экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық алғы шарттары бар қаржы нарығын қалыптастырушы процесс жүріп жатыр. Оны әрі қарай дамыту мақсатында институционалдық құрылымдарды құруға, инвесторлардың қажеттіліктеріне жауап бере алатын шетелдерде дамыған әртүрлі қаржы құралдарын және қаржы нарығын талдаудың әдіснамасын енгізуге, даму тенденциялары мен мемлекеттік қолдаудың бағыттарын бөлуге ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Қазіргі қаржы нарықтарының қызмет етуі және әртүрлі қаржы институттарының қызметі Қазақстан экономикасының дамуында өте маңызды болып табылады.

«Қаржылық тұрақтылық экономикада кейіннен қаржы нарықтарындағы теріс түзетуге, жүйеде дағдарыстың туындауына және қаржы институттарының қаржы жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканың нақты

секторының іскерлік белсенділігін ұстап тұру қабілетсіздігіне әкеп соғуы мүмкін сәйкессіздіктің болмауы ретінде айқындалады»

Қазақстанның қаржы тұрақтылығы туралы есеп шеңберінде қаржы тұрақтылығын айқындайтын мынадай аспектілерді бағалау жүзеге асырылады:

1) қаржы ресурстары ақша сақтаушылар мен инвестициялаушылар арасында қаншалықты тиімді және уақтылы қайта бөлінуде;

2) тәуекелдерді барабар бағалау және тиімді басқару жүзеге асырыла ма;

3) қаржылық күйзелістер айтарлықтай сілкіністерсіз қаржы жүйесінде сіңіп кетуі мүмкін бе.

Brent сұрыпты мұнайдың әлемдік бағасының орташа алғанда 2017 жыл үшін бір баррель үшін 54,4 АҚШ долларына дейін 23,5%-ға (2016 жылы – бір баррель үшін 44,0 АҚШ долл.) өсуі және Қазақстанның ІЖӨ-нің жедел өсу қарқыны (2016 жылы 1,1%-дан 2017 жылы 4,0%-ға дейін) төлем балансының ағымдағы операциялар шоты дефицитінің 2016 жылғы 8,9 млрд. АҚШ долларымен (ІЖӨ-ге 6,5%) салыстырғанда 5,4 млрд. АҚШ долларынан дерлік 40%-ға қысқаруын қамтамасыз етті.

Ұлттық қор шығыстарының едәуір өскеніне және доллардың теңгеге қарағанда әлсірегеніне де қарамастан қорда жинақталған қаржының мөлшері ұлттық валютадағы есептеулерде әжептәуір артқан.

Әрбір елге мазмұны мен ерекшелігін мүмкіндігінше толық ашатын қаржы нарығының құрылымы тән. Қаржы нарығының құрылымына қатысты ғалым – экономистердің пікірлері әртүрлі.

Дамыған елдердің тәжірибесінде қаржы құралдарының айналыс мерзімі бір жылға толмайтын болса, онда бұл ақша нарығының құралы деп саналады. Ұзақ мерзімді және орта мерзімді құралдар капитал нарығына жатады. Әртүрлі елдерде қаржы құралдарын қысқа, орта және ұзақ мерзімдерге бөлу әртүрлі болады. Қазақстанда негізінен қысқа мерзімді қаржы құралдары ақша нарығының құралдарына қатысты, ал орта және ұзақ мерзімділері – капитал нарығына қатысты. Осылайша, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қаржы құралдарының арасына ақша нарығы мен капитал нарығының арасындағы сияқты нақты шекара жүргізуге болмайды. Сонымен бірге бұлайша бөлудің үлкен экономикалық маңызы бар. Ақша нарығының құралдары ең алдымен бизнес салалары мен мемлекеттік ұйымдардың өтімді қаражаттарын қамтамасыз ету үшін қызмет етеді, өйткені капитал нарығының құралдары жинақтау және инвестициялау процестерімен байланысты. Ақша нарығы құралдарының үлгілеріне вексельдерді, банк акцепттерін, чектерді, банкноттарды, төлем карточкаларын және т.б. жатқызуға болады. Капитал нарығының құралдарына, мысалы, облигациялар, акциялар, орта және ұзақ мерзімді несиелер жатады.

Қаржы министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, ақпанда қордың ақшасы 1,2%-ға 25 трлн 539,8 млрд теңгеге дейін, абсолюттік түрде – 298,2 млрд теңгеге артқан. 2019 жылдың басымен салыстырғанда өсім азырақ – 153,4 млрд теңге. Бұл Ұлттық қордағы қаржының қаңтарда 0,6%-ға немесе 144,8 млрд теңгеге азайғанын аңғартады. Жылдық көрінісінде, яғни, 2018 жылдың 1 наурызындағы мәліметтерге сәйкес, едәуір өсім – 11%-ға жуыққа ұлғайған.

Ұлттық қордың активтерінің негізгі бөлігі шетелдік валюталардың активтеріне инвестицияланады. Бұл оның қаржыларының теңгелік баламасының серпініне, нәтижесінде бағамдық айырмашылық қалыптасатын, айырбас бағамының ауытқуы әсер етеді деген сөз.

Өткен айда доллар KASE-де 1 ақпандағы таңертеңгі сессияның қорытындысы бойынша 381,35 теңгелік орташа сараланған деңгейден 28 ақпанда 375,56 теңгеге дейін немесе 1,5%-ға арзандап кеткен. Қордың шығындары ақпанда 1,6 есе 430,6 млрд теңгеге дейін өскен, әйтсе де жылдық есептеуде 8,5%-ға төмендеу орын алған.

Бұл ретте Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдік берілген трансферттер шешуші рөл атқарған. Оларды аудару мөлшері 1,6 есеге 430,0 млрд теңгеге

дейін артқан. Қор қаражатын басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті өткізуге байланысты шығындар да айтарлықтай – 2,3 есе 0,6 млрд теңгеге дейін өскен.

Дегенмен де, мұндай жағымсыз факторларды қорға түсімдердің күрт артуы жауып отыр. Ақпанда олардың көлемі 5,1 есе 584 млрд теңгеге жуық ұлғайып, абсолюттік шегінде 468,6 млрд теңгеге шарықтап шыққан. Жылдық есептеуде де едәуір көлемді өсім – 53,5% қалыптасқан.

Осыншама қомақты статистикалық жағымды жайттардың негізгі көзі – мұнай саласындағы (жергілікті бюджеттерге аударылатындарын шегеріп тастағанда) ұйымдардан аударылған – тікелей салықтардың түсімдері болып отыр. Олардың мөлшері қыстың соңғы айында 5,2 есе 569,2 млрд теңгеге дейін өскен.

Сонымен қатар корпоративтік табыс салығының түсімдері 2,1 есе 222,8 млрд теңгеге дейін, пайдалы қазбалар өндіруге салық 28,7 есе 63,2 млрд теңгеге дейін, экспортқа рента салығы – 32,7 есе 71,9 млрд теңгеге дейін, келісім жасалған шарттар бойынша өнімдерді бөлу жөніндегі Қазақстанның үлесі – тіпті 1 212 есе 186,6 млрд теңгеге дейін артқан.

Мұнай секторындағы ұйымдардан өнімді бөлу туралы келісім бойынша қызмет атқаратын жер қойнауын пайдаланушылардың қосымша төлемдері бойынша да айтарлықтай үстеме құралып отыр. Бұл бап бойынша түсімдер 2 471,3 есе 24,7 млрд теңгеге дейін артқан. Осыншама таңқаларлықтай статистикадан ерекшелік тек мыналарда ғана байқалады:

- қаңтардағы 0,03 млрд теңге деңгейінде қалған үстеме пайдаға салынатын салық;
- өткен айдағы 0,05 млрд теңге жағымды көрсеткішті 1 наурызға минус 0,07 млрд теңге жағымсызға ауысқан бонустар.

- Әжептәуір жағымды серпін мұнай секторында (жергілікті бюджеттерге аударылатындарын шегеріп тастағанда) қызмет жасайтын ұйымдардың операцияларынан түсетін басқа да түсімдер бойынша қалыптасты – бұлар 4,6 есе 6,9 млрд теңгеге дейін артқан. Ақпанда республикалық меншікті жекешелендіруден де түсімдер айтарлықтай – 1,7 есе 7,7 млрд теңгеге дейін, ауыл шаруашылығы үшін пайдаланылатын жер телімдерін сатудан – 2,2 есе 0,07 млрд теңгеге дейін өскен.

Нақтырақ айтар болсақ, «Нұр Отан» партиясының таяуда өткен съезінде Елбасы Н.Назарбаев Ұлттық қордан 2019-2021 жылдар аралығында мемлекеттің әлеуметтік саясатын іске асыруға 1 трлн 350 млрд теңге бөлуді тапсырды. Бұл ақым тіпті бір ғана ақпанда қорға аударылған түсімдердің өсімінен де аз. Сол себепті де одан алуға жоспарланып отырған ақымды қаржының орнын отандық «мұнайлы» салықтардан түсетін ақшалай тасқындар артығымен жауып кетері хақ, әрине, «қара алтынға» қазір қалыптасып отырған жайлы бағалар сақталар болса.

Дегенмен, бұл жерде мына жайттарды да ескерген абзал сияқты. Осы сейсенбіде ғана 2018 жылмен салыстырғанда биыл мұнай өндірісі 1,4 млн тоннаға азаймақ деп үкіметтің отырысында ұлттық экономика министр мәлімдеді. Отырыста министр 2019 жылға арналған негізгі макроқорсеткіштер мен бюджет параметрлерінің болжамын ұсынды. Оның айтуынша, өткен жылы жалпы ішкі өнім көлемі 58,8 трлн теңгені құраған.

«2018 жылмен салыстырғанда мұнай өндірісі 1,4 млн тоннаға немесе 1,5 пайызға төмендейді. Бұл тау-кен өнеркәсібінің өсу қарқынын төмендетпек. Алайда қызмет көрсету секторы бойынша жоғары өсім күтіліп отыр. Оның өсіміне ішкі сұраныстың ұлғаюы себеп болмақ». Министр сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, 2019 жылға арналған базалық параметрлер бұрын мақұлданған деңгейде сақталатынын да айтты. Яғни, биыл мұнай бағасы 1 барреліне 55 АҚШ доллары, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 370 теңге, жылдық инфляцияның нысаналы дәлізі 4-6 пайыз деңгейінде сақталмақ.

«Тікелей инвестициялар қорын құру үшін Ұлттық қордан 370 млрд теңге мөлшерінде нысаналы трансферт қарастырылған. Бұл ретте, түсімдер мен пайдалануды ескергенде Ұлттық қордың таза түсімдері оң нәтижеде болады».

Инвестициялық процестің динамикасына әлемдік нарықтағы мұнайдың, алтын металдардың т.б. минералды шикізаттардың бағасының ауытқуы сияқты факторларға әсер етеді.

Инвестицияның көп бөлігі мұнайды қайта өңдеу және мұнай жеткізуші бағытына салынады. Осы салаға байланысты белсенді компаниялар мыналар: ЖШС «Тенгизшевройл», АҚ «Маңғыстаумұнайгаз», жапониялық ұлттық мұнай корпорациясы, АҚ «Өзенмұнайгаз», ЖШС «ТЕПКО», АҚ «Казахойл – Эмба» және т.б. кіреді. Аталған компаниялар экономиканың әлеуметтік жағдайына тікелей әсерін тигізеді. Халықтың жұмысбастылығымен қамтамасыз етеді, инфраструктураны өсіреді, бюджетті салықтар мен төлемдер төлеу арқылы толықтырып отырады.

Стратегия бойынша ҚР экономикалық өсу бағдарламасына сай, елге тікелей инвестиция тартуға рұқсат етілген. Бұл қазіргі кезде инвестиция көлемін міндетті келуін қамтамасыз етуін көрсетеді.

Бүгінде инвестициялық саясатты сынағанда, тұрақтылыққа көзіміз жетеді. Шетелдік инвестицияны тарту үшін, инвестициялық климаттың игілікті мақсатының сақталуын атап өтуге болады. Статистикада көрсетілгендей, Қазақстан шетелдік инвестиция тарту арқылы ТМД елдерінің арасында көшбасшысы болып келеді. Шетелдік инвестицияны пайдалану арқылы, Қазақстан үшін барлық жаңа мемлекеттер өзінің несие жүйесін ашты.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Искаков Ұ. М. Қаржы нарығы және делдалдары.
2. economics.kazgazeta.kz
3. nationalbank.kz

## ӘОЖ 331.43

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМПАНИЯНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

**Ақтауова Л., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы.**

**Ғылыми жетекші: Утебалиева Д.Б.**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Кәсіпорынды басқаруда тиімді стратегияны қалыптастырудың маңызды бағыттары қарастырылған.


**Түйінді сөздер:** стратегия, сыртқы орта, бизнес.

«Стратегия» сөзі гректің strategos «генерал шеберлігі» сөзінен шыққан. Бұл терминнің әскери шығу тегі таңдандырмауы қажет. Дәл осы strategos Ескендір Зұлқарнайынға әлемді жаулауға мүмкіндік берді.

Стратегия - ұйым миссиясының жүзеге асуын және оның мақсаттарға жетуін қамтамасыз етуге арналған толық жан-жақты комплексті жоспар.


Ең алдымен стратегияны көпшілік уақытта жоғары басшылық тұжырымдап дайындайды, бірақ оның жүзеге асуы басқарудың барлық деңгейінің қатысуымен жүргізіледі. Стратегиялық жоспар аумақты зерттеулермен және нақты мәліметтермен негізделуі қажет. Қазіргі әлемде тиімді бәсекелесу үшін кәсіпорын сала, бәсекелестік және басқа да факторлар туралы көп мөлшерде ақпарат жинап, олардың талдауымен үнемі айналасу керек.

Стратегиялық жоспар кәсіпорынға қажетті қызметкерлерді тарту үшін айқындылық, даралық береді. Бұл жоспар кәсіпорынға болашақты көрсетеді, ол арқылы кәсіпорын басшылары қызметкерлерді бағыттап отырады, жаңа қызметкерлерді тартады. Стратегиялық жоспарлар толық болып қана қоймай, сонымен қатар қажетті уақытта өзгерістер енгізуге болатындай икемді болуы қажет. 1 суретте көрсетілгендей, стратегия әрқашан басшылардың алдын ала мұқият есептеген болжалды әрекеттерінен ғана тұрмайды, сонымен қатар компания стратегиясы сыртқы және ішкі жағдайлардың өзгеруіне бейімделе білуі қажет.



Сурет 1 - Жоспарлаған стратегия мен жағдай өзгеруіне жауап әрекет қосындысы ретіндегі компанияның нақты стратегиясы

Стратегиялық жоспарлау ұйымға өз мақсатына жетуге көмектесетін нақты стратегияларды ойлап табуға бағытталған басшылықпен жүзеге асырылған шешімдер мен әрекеттер жиынтығы. Стратегиялық жоспарлау үрдісі басқарушылық шешімдер қабылдауға көмектесетін құрал болып табылады. Оның мақсаты – ұйымда жаңалықтар мен өзгерістердің жеткілікті деңгейде енгізілуін қамтамасыз ету.



Сурет 2 - Стратегиялық басқару құрылымы

Стратегиялық жоспарлау-фирманың салыстырмалы түрде жас қызмет түрі. Оның бастамашысы болып бизнестің 50-ші жылдардан бастап қолдана бастаған ұзақ мерзімді жоспарлау саналады. Ұзақ мерзімді жоспарлаудың өзі үлкен қадам болды, ол фирмаға болашақ туралы көзқарасын кеңейтуге, ағымдағы қызметтің ауқымды міндеттермен байланыстыруға мүмкіндік берді. 60-шы жылдардың соңында ұзақ мерзімді жоспарлаудың орнына стратегиялық жоспарлау келді. Стратегиялық жоспарлауда ұзақ мерзімді жоспарлаумен салыстырғанда фирманың қызмет аясы ауқымдырақ болады, ол өзіне экономикалық ұйымның ішкі ортасының негізгі элементтерімен қатар сыртқы факторларды: әлеуметтік және саяси факторлар, тұтынушылардың талғамы мен қажеттіліктері, бәсекелестердің іс-әрекеті және т.б. кіргізеді. 2 суретте көрініп тұрғандай фирманың ұзақ мерзімді мақсаттары стратегиялық жоспарлауда ағымдағы қызмет жағдайының көрінісі ғана емес, фирманың ішкі және сыртқы ортасының өзгерістерін талдаудың нәтижесі болып табылады.

Қазіргі кезде стратегиялық жоспарлау менеджмент функциялары ішінде өз орнын алды. Формальды, сандық әдістермен қатар қазір стратегиялық жоспарлау шығармашылық, интуитивтік әдістерді де қолданады. Бизнесте сәттілікке жетудің әмбебап құралы болмаса да, ол фирманың сәтті қызметінің негізін құрайды.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Крейнер С. Ключевые идеи менеджмента: Пер. с англ. — М.: ИНФРА - М, 2002. — 347 с
2. Портер М. Конкурентное преимущество: Как достичь высокого результата и обеспечить его устойчивость. М, "Альпина Бизнес Букс", 2005.

### ӘОЖ 331.43

## ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЭКОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**Иламанова Н., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы.**

**Ғылыми жетекші: Утебалиева Д.Б.,**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Қазіргі нарық жағдайында қанша өнім шығару емес, табиғатқа зиян келтірмей қанша ресурс пайдалануға болады, табиғаттың қалыпты жағдайын өзгертпей қаншалық әсер етуге болады деген мәселе мақалада қарастырылды.

**Түйінді сөздер:** Экология, экологиялық фактор, ресурстарды пайдалану, экономика.

Экономика саласында жаңа экологиялық-экономикалық жобаларды қалыптастыру үшін экономикалық дамуды экологиялау қажет болады. Қоғамның техносферамен және оны қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасына экономиканың барлық құрылымдары мен салалары — өндіріс, бөлу және тұтыну қамтылған. Осыған байланысты экономиканың дамуы адамзат қоғамындағы қажеттіліктің шексіздігі, ал қажеттілікті қанағаттандыратын материалдардың ресурстар шектеулілігі туралы түбірлі жағдайды мойындауымыз керек. Ол жағдай шектеулі ресурстармен қажеттілікті неғұрлым толық қанағаттандыру үшін экономикалық процестерді оңтайландыру, тиімділігін арттыру қажеттілігін туғызады.

Экономиканың табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуі экология заңдылықтарына бағынышты екені ұзақ уақыт мойындалмай келді. Бірақ, соңғы он жылдықтарда өндіргіш күштердің қарқыны өсуіне байланысты бұл тәуелділік айқын сезіле бастады. Мысалы, топырақтың бір пайыз төмендеген құнарлығын бұрынғы қалпына

келтіру үшін жұмсалатын шығындарды 10% арттыру керек. КСРО-да өткен ғасырдың 20-шы және 90-шы жылдары аралығында 1 центнер дәнді дақылдар өндіруге жұмсалатын қаржы 1100 есе өсіпті. Кесілген орманның орнына қолдан отырғызылған немес қалпына келтірілген орман бұрынғы табиғи күйіне келмейтіні белгілі болды. Осы мысалдардың өзі табиғат ресурстарын ысырапшылдықпен пайдалану қымбатқа түсетіні, ең бастысы — зор әлеуметтік-экологиялық және экономикалық зиян әкелетінін көрсетеді. Бұл мәселені әлеуметтік-экономикалық саланы экологиялау арқылы шешуге болады. Ол үшін:

— экологиялық факторлар мен ресурстарды, оның ішінде қалпына келетіндерін басқа экономикалық категорияларды байлықтың басқа категорияларымен тең қарастыру;

— ресурстарды пайдалану мен өндіріс экономикасын экологиялық шектеулерге және төлем жүйесін кеңіте отырып, табиғатты тепе-теңдік жағдайында пайдалану принципіне бағындыру;

— табиғат қорғау қызметтерін экономикаға тікелей қосу, технологиялық қайта жарақтау негізінде өндірістің сапалы өсу стратегиясына өтуі.

Қазіргі күнге дейін табиғаттан қанша ресурс алуға болатыны, оған қаншалықты әсер етуге болады және оның салдары қалай болатыны айқындалған жоқ. Біздің экономикамыз ресурс тұтынушы бағытта екені белгілі. Бірақ, ресурс тұтынудың артуы ұлттық табыстың өсуіне шамалас емес. Яғни, мәселе пайдаланған ресурс көлеміне емес, экономикалық құрылымға байланысты. Қазіргі қалыптасқан үрдіспен экономиканың қарқынды дамуына табиғат ресурстары жетпейді. Оның үстіне көптеген ресурстар сарқыла бастады және пайдаланылуы шектелді. Экологиялық мәселелерді талдау және экономиканың ресурс үнемдеуші тұрақты даму жолына түсу үшін жаңа шешімдер қажет екенін талап етуде. Қазіргі нарық жағдайында қанша өнім шығару емес, табиғатқа зиян келтірмей қанша ресурс пайдалануға болады, табиғаттың қалыпты жағдайын өзгертпей қаншалық әсер етуге болады деген мәселені шешу керек. Ол үшін өндірістің алғашқы факторларын соңғы тұтыным өнімімен байланыстыратын мақсатты бағдарламалар керек. Осы өндірістік тізбектің (өндіру, тасымалдау, өндеу, тұтыну) өне бойында ресурс үнемдеу жолдарын, өндірістің тиімділігін арттырудың негізінде ең соңғы өнімді тұтынуды азайтуды ойластыру қажет.

Шешім қабылдаудағы маңызды мәселенің бірі — ҒТП нәтижесінде табиғат ресурстарын қаншалықты жасанды ресурстармен алмастыруға болатындығы. Ондай мүмкіндіктер өте шектеулі, ал кейбір адамға аса маңызды табиғат игіліктерін және экологиялық жүйені ештемемен алмастыруға болмайды. Мысалы, отын ресурстарын бір-бірімен алмастыруға немесе олардың орнына күннің немесе желдің қуатын пайдалануға болады, ал табиғи ландшафты, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, олардың тұқым қорларын, ішетін суды, демалатын ауаны, өзен қабатын, т.с.с. жасанды заттармен алмастыруға болмайды. Тіпті, жасанды заттардың өзі алғашында табиғаттан алынады.

Қазіргі экономикалық теорияның кемшіліктерінің бірі экологиялық факторларды экономикалық категорияларға қосу, өйткені маркстік саяси экономия экономикалық категорияға адамның еңбек нәтижесін ғана қосты. Шындығында құндылықтар табиғат ресурстары мен экологиялық жағдайлардың қатысуымен құрылған нәтижелер мен шығындар жиынтығы. Жасалуына белгілі түрде табиғи ортаның факторлары мен жағдайы қатыспаған құндылық жоқ.

Экономиканың маңызды көрсеткіші — елімізде өндірілген тауар мен қызметтің бағасы. Бірақ өнімнің әр өлшемін өндіргенде одан 10 еседен артық қалдық шығарылады, ал табиғатты пайдалануда одан бірнеше есе көп. Бұл қалдықтар, табиғи ортаны ластап, тіршілік жағдайын қиындатумен бірге адамдардың игілігін кемітеді. Бірақ, зиян жалпы ұлттық өнімнен шегеріліп алынбайтындықтан халықтың жағдайы өспеді. Әзірге қол жеткізгеніміз ары қарап өндірісті экологиялау, табиғат ресурстарын пайдаланғаны үшін және табиғи ортаны ластағаны үшін төлем белгілеп, табиғат пайдалануды мемлекеттік тұрғыдан реттеу болып отыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Қ. Мамыров, М.С.Тонкопий, Е.М.Үпішев «Табиғатты пайдалану экономикасы» Алматы – 2005 жыл.
2. Е.М.Үпішев, С.Мұқаұлы «Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау» Алматы – 2006 жыл.
3. Қ.Н. Налмишова «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы» Шымкент – 2006 жыл.

**ОӘЖ 33.332**

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕПЕ-ТЕНДІКТІ САҚТАУ

**Қуанғалиқызы Н., студент, Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау қ.,  
Ғылыми жетекші: Тасболатова А.А.  
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы,**

**Аңдатпа.** Қоршаған ортаны сауықтыру ықпал етуде және экономиканың тұрақты дамуына жағдай жасауда табиғатты пайдалануды кешенді және үйлесімді түрде қалыптастыру ісі - әлем елдерінің алдында тұрған маңызды проблема болып табылады, сондықтан қоғам мен табиғат арасындағы өзара қайшылықтардың кедергісінен өту - өндіріс пен экономиканы экологияландыру болмақ.

**Түйінді сөздер:** Экология, экономикалық механизм, нарық, ҒТП.

Қазіргі тарихи кезеңде қоғамның дамуының табиғатпен үйлесімділігі өте өзекті мәселеге айналды. Табиғатпен үйлесімсіз экономиканың өсуі болмайтындығын дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отыр. Табиғат ресурстарын сарқылтып және қоршаған ортаны ластап ешқандай экономикалық өсу болмайтынына әлемдік қауымдастықтың көзі жетті. Сондықтан табиғатқа және табиғатты пайдалануға жаңа көзқарас қалыптасуы керек.

Өйткені, табиғат байлығын аяусыз сарқа пайдаланып, қоршаған ортаны бейберекет ластаумен экономиканың қалыпты дамуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Табиғи-ресурстық әлеуеттің шектеулі екендігін және ғаламдық экологиялық апаттың жылжып келе жатқандығын әлем қауымдастығының жете түсінуі нәтижесінде туындаған тұрақты даму идеясы осынау тығырықтан шығудың жолын іздеуге адамзатты мәжбүр етеді.

Осылардың шешімін табу үшін экономика саласындағы мамандардың экономика мен табиғатты пайдалануды ұйымдастыру және экология негіздерінің ауқымындағы білімін талап етеді. Осы тұрғыда біздер экономика мамандығы «Табиғатты пайдалану экономикасы» пәнін аштық.

Табиғат - біздің анамыз. Оны таза ұстау, қорғау, экологиялық орта қалыптастыру біздің еліміз, адам баласының келешегі үшін қажет. Сондықтан экологиялық күрес — өмір үшін күрестің негізі болып табылады.

Экономика саласында жаңа экологиялық-экономикалық жобаларды қалыптастыру үшін экономикалық дамуды экологиялау қажет болады. Қоғамның техносферамен және оны қоршаған табиғи ортамен қарым-қатынасына экономиканың барлық құрылымдары мен салалары - өндіріс, бөлу және тұтыну қамтылған.

Осыған байланысты экономиканың дамуы адамзат қоғамындағы қажеттіліктің шексіздігі, ал қажеттілікті қанағаттандыратын материалдардың ресурстар шектеулілігі туралы түбірлі жағдайды мойындауымыз керек. Ол жағдай шектеулі ресурстармен қажеттілікті неғұрлым толық қанағаттандыру үшін экономикалық процестерді оңтайландыру, тиімділігін арттыру қажеттілігін туғызады.

Экономиканың табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілуі экология заңдылықтарына бағынышты екені ұзақ уақыт мойындалмай келді. Бірақ, соңғы он жылдықтарда өндіргіш күштердің қарқыны өсуіне байланысты бұл тәуелділік айқын сезіле бастады.

Экологиялық мәселелерді талдау және экономиканың ресурс үнемдеуші тұрақты даму жолына түсу үшін жаңа шешімдер қажет екенін талап етуде. Қазіргі нарық жағдайында қанша өнім шығару емес, табиғатқа зиян келтірмей қанша ресурс пайдалануға болады, табиғаттың қалыпты жағдайын өзгертпей қаншалық әсер етуге болады деген мәселені шешу керек.

Шешім қабылдаудағы маңызды мәселенің бірі - ҒТП нәтижесінде табиғат ресурстарын қаншалықты жасанды ресурстармен алмастыруға болатындығы. Ондай мүмкіндіктер өте шектеулі, ал кейбір адамға аса маңызды табиғат игіліктерін және экологиялық жүйені ештемемен алмастыруға болмайды. Мысалы, отын ресурстарын бір-бірімен алмастыруға немесе олардың орнына күннің немесе желдің қуатын пайдалануға болады, ал табиғи ландшафты, өсімдіктер мен жануарлар әлемін, олардың тұқым қорларын, ішетін суды, демалатын ауаны, өзен қабатын, т.с.с. жасанды заттармен алмастыруға болмайды. Тіпті, жасанды заттардың өзі алғашында табиғаттан алынады.

Қазіргі экономикалық теорияның кемшіліктерінің бірі экологиялық факторларды экономикалық категорияларға қосу, өйткені маркстік саяси экономия экономикалық категорияға адамның еңбек нәтижесін ғана қосты. Шындығында құндылықтар табиғат ресурстары мен экологиялық жағдайлардың қатысуымен құрылған нәтижелер мен шығындар жиынтығы. Жасалуына белгілі түрде табиғи ортаның факторлары мен жағдайы қатыспаған құндылық жоқ.

Экономиканың маңызды көрсеткіші - елімізде өндірілген тауар мен қызметтің бағасы. Бірақ өнімнің әр өлшемін өндіргенде одан 10 еседен артық қалдық шығарылады, ал табиғатты пайдалануда одан бірнеше есе көп. Бұл қалдықтар, табиғи ортаны ластап, тіршілік жағдайын қиындатумен бірге адамдардың игілігін кемітеді.

Қазіргі экологиялық-экономикалық және әлеуметтік талаптар табиғат ресурстарының бар-жоғына қарамастан экологиялық мәселелерді тез де тиімді шешімін қажет етеді.

Сонымен, экологиялық бағыттағы құрылымдық өзгерістер ресурстарды экономиканың бастапқы секторынан екінші секторына (өндеуші өндіріс, құрылыс, транспорт, байланыс) және одан кейінгі секторларға (қызмет көрсету және білім мен ақылды қажет ететін өндірістерге) ауыстыру болуы керек. Мұндай өндірістерге қазіргі қалыптаса бастаған нарықтық қатынастар, механизмдер мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мемлекеттік реттеу және экономикалық ынталандыру маңызды рол атқарады.

Макроэкономикалық шаралар экономикалық және әлеуметтік тиімділіктермен қатар табиғатқа жүктемені азайтуды көздеуі керек. Табиғатты қорғау бағытында салық, төлемдер, қаржыландыру механизмдерін өзгерту оң нәтижелер береді. Мысалы, табиғат пайдаланушы алғашқы салаларға салық шамасын арттырып, кейінгі дайын өнімдер шығарушы салаларда салықты азайту соңғыларын дамытуға ынталандырады.

Халықаралық қауымдастықтың және жеке елдердің табиғат ресурстарының, оның ішінде табиғат сыйымдылығының шектеулі екендігіне көздері жеткеннен кейін тұрақты даму туралы ой-сана қалыптаса бастады және антропогендік апаттарды болдырмайтын бірден-бір жолы деп танылды.

Табиғи ортаны сауықтыруға және экономиканы тұрақты дамытуға бағытталған кешенді және үйлесімді табиғатты пайдалану жүйесін қалыптастыру біздің еліміз үшін де өте өзекті мәселе. Өйткені бұрынғы кеңестік жүйе біржақты табиғат ресурстарын пайдалану саясатымен және әскери қару-жарақтар сынаумен біздің территориямызда көптеген экологиялық апатты жағдайлар қалдырды.

Сондықтан табиғатты пайдалану экономикасын табиғатты қорғау мен табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануды қамтитын кең мағынада қолдана отырып және пәннің

басты мәселесі ретінде алып, соған байланысты басты назар экономиканың дамуына біртұтас әлеуметтік-экономикалық және экологиялық көзқарас қалыптастыруға аударылды.

Еліміздің нарық экономикасына өтуіне байланысты бұрын зерттелмеген экологиялық-экономикалық мәселелер туындады. Оның ішінде табиғат ресурстарының, табиғатты пайдаланудың құндылығын анықтау, табиғатты пайдалануды басқарудың әкімшілік және экономикалық жүйелерін үйлестіру, арқылы табиғатты пайдалану механизмін жетілдіру.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Қ. Мамыров, М.С.Тонкопий, Е.М.Үпішев «Табиғатты пайдалану экономикасы» Алматы – 2005 жыл.
  2. Е.М.Үпішев, С.Мұқаұлы «Табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау» Алматы – 2006 жыл.
  3. Қ.Н. Налмишова «Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік географиясы» Шымкент – 2006 жыл.
  4. Ұ.Б.Асқаров «Экология және қоршаған ортаны қорғау» Алматы – 2007 жыл.
  5. К.Ә.Төлентаева «Қазақстан тарихы» Алматы – 2006 жыл.
  6. Г.С. Оспанова, Г.Т.Бозшатаева «Экология – экономика» Алматы – 2002 жыл.
  7. М.Жүнісов, Т.Мансуров «Егемендік келбеті» Алматы – 1998 жыл.
  8. Ж.Ж.Жатқанбаев «Экология негіздері» Алматы – 2004 жыл.
  9. А.Насанов «Экология және экономика мәселелері» Оңтүстік Қазақстан – 2006 ж.
- 7-ақпан 5 бет.

**ӘОЖ 33.330**

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТЫНЫҢ МӘНІ

**Төрөгұлова С.А., студент, Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау қ.,  
Ғылыми жетекші: Тасболатова А.А.  
Ш.Есенов атындағы КМУТИ, Ақтау**

**Аңдатпа.** Халықтың әл-ауқатын арттыру. Еліміздегі экономикалық дағдарыстың залалын бәсеңдету. Экономикалық дағдарыс. Әлеуметтік экономикалық көмек берудің мемлекеттік бағдарламасы. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу және талдау жасау.

**Түйінді сөздер:** Экономика, инфляция, бизнес, статистика, өндіріс.

Білім, денсаулық, зейнетақы, тұрғындардың кірісі мен өмір сүру деңгейін қамтитын әлеуметтік саласының даму негізі экономика болып табылатыны ешкімге құпия емес. Мықты экономика, қуатты қаржы айналысы жалпы елдегі, аймақтағы, өндірістегі қажетті әлеуметтік жағдаятты сақтауға және тұрақты адам капиталын қамтамасыз етудегі бірден-бір маңызды фактор болып табылады. Сонымен қатар, кері вектор әсері, яғни қоғамның әлеуметтік саласы мен тұрғындардың әлеуметтік жағдайының экономика мен қаржы саласына әсерін ескеруіміз қажет. Әлеуметтік саланың дамуы, халықтың әл-ауқатының артуы өз кезегінде экономиканың өсуіне, қаржы ресурстары көлемдерінің динамикасына ықпал етеді.

Экономикалық дағдарыс мәңгі емес, ол уақытша құбылыс. АҚШ федералдық резервті жүйесінің бұрынғы басшысы Алан Гринспеннің айтуынша, қазіргі әлемдік

қаржылық дағдарыс – бұл жүз жылда бір рет орын алатын оқиға. Бірақ дағдарыс аз уақыттың ішінде де халықтың әл-ауқатын біршама әлсіретуі мүмкін. Бір нәрсе анық, экономикалық дағдарыстан шығу үрдісіндегі басты кейіпкер – осы әл-ауқаты әлсіреген халық болуы тиіс. Бұл жағдаятта дағдарыстан шығу ұзақ, әрі ауыр режимдегі жағдайда өтуі мүмкін. Мұндайда қорытынды өз-өзінен шығып тұрған сияқты, яғни халыққа экономикалық дағдарыстың тигізер залалын «әлсірету» қажет. Ал бұл мемлекеттің, бизнестің, азаматтық қоғам мен оның институттарының міндеттері.

Баршамызға мәлім әлемдік қаржы дағдарысы ешбір мемлекетке оң қырымен келіп жатқан жоқ. Қазіргі таңда әлемнің ең ірі, алпауыт мемлекеттерінің өзі қомақты қаржылық және өндірістік тоқырауларды бастан кешуде, сонымен қатар жүз мыңдаған адамдар жұмыссыз қалуда, көптеген шаруашылық орталықтары жабылуда. Дағдарыстың қауіпті әсерлерінен Қазақстан да шет қалған жоқ, осы құбылыстың салдарынан өз еңбегімен күн кешетін қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайы төмендеді, маргиналдар көбейді жұмыссыздық секілді әлеуметтік мәселелердің өсуіне ықпал етті. Осы тұста Қазақстанда мемлекеттік саясаттың басым бағыты әлеуметтік сала болып қала берді. 2013 жылғы Қазақстанның экономикасы дағдарыс барысында дамыды, бұл іскерлік және тұтынушылық көздердің белсенділігінің күрт төмендеуіне әкелді, сонымен қатар қаржылық секторға да әсер етіп, экономикалық салаларының динамикалық өсуінің бәсеңдеуіне себеп болды. Әлемдік нарықта қолданыстағы өнімдердің бағасының лезде қымбаттауы салдарынан ұлттық экономикамызда инфляциялық қысым күшейді. Әлемдік қаржы экономикалық дағдарыстың әсерімен Қазақстан Республикасында өндіріс қарқыны төмендей бастады, жұмыспен қамтудың төмендеуі және тиісінше халық табысының азаюы белең алды.

Әлеуметтік экономикалық көмек берудің мемлекеттік бағдарламасы негізінде азаматтық конституциялық құқығы қамтамасыз етілуде тегін жалпы орта білім беру және медициналық көмек беру, қарттарды және еңбекке жарамсыздарды қолдау, ана мен баланы қорғау т.б. Оларды қанағаттандыру деңгейі нақты жағдайда қалыптасқан қоғамның экономикалық даму деңгейі мен құндылықтық қағидаттарына байланысты болады. Өткенді сараптасақ, соңғы он жылдағы Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуында алға басушылық бар. 2014 жылмен салыстырғанда ІЖӨ көлемі екі есе көбейді. Орташа айлық жалақы бес есеге, ал зейнетақы орташа мөлшері үш есеге өсті. Өмір сүрудің ең төменгі деңгейінен аз табысы бар халықтың үлесі төрт есеге азайды. Халық денсаулығының негізгі көрсеткіштері жақсарды. Жол картасы шеңберінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарын кеңінен қолдану топтар орындары, жастар практикасы, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға ықпал етті, ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі алғаш рет елдегі жұмыссыздықтың жалпы деңгейінен төмен көрсеткіштерге белгіленді. Жол картасының негізгі нәтижелері шамамен 9 мың жоба іске асырылды; 392 мың жұмыс орны құрылды; олардың жартысына жуығы жұмысқа орналастырылды; 192 мыңнан астам адам әлеуметтік жұмыс орындарына және жастар практикасы шеңберіндегі орындарына орналастырылды. Қаржылық дағдарыс жағдайындағы Қазақстанның әлеуметтік саясатының басым бағыттары халықты жұмыспен қамтамасыз ету мен мамандарды қайта даярлауға, әлеуметтік төлемдер мен бюджеттік қызметкерлердің жалақысын арттыруға баса назар аударылып отыр. Осы бағыттарда тұрғын үй коммуналдық шаруашылық нысандары, әлеуметтік, мәдени нысандар мен жол жөндеу және жылыту жұмыстары, мамандарды қайта дайындау, жастар тәжірибесін ұйымдастыру шаралары жүзеге асты. Электр желілері, сумен жабдықтау мөлшері 284 шақырым жылу трассасы, автожолдар, жүздеген мектептер мен ауруханалар, мәдениет пен спорт нысандары жөнделді. Әлеуметтік-экономикалық қолдау бағдарламалы табыстар деңгейінде айырмашылықтарды жұмсартуға ұмтылады.

«Егерде үкімет батыс елдеріне еліктеп, макроэкономиканың мәселесіне ғана көңіл бөліп, бұқара халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуды алдыңғы орынға қоймаса, дағдарыстан жұрттың кедейленуі шектен тыс артып, қоғамдағы қайшылықтың өршуі

әлеуметтік жарылысқа әкелуі мүмкін» деп көрсетеді белгілі сарапшы-экономист Болат Дүйсенбі.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу және талдау жасау дағдарысты экономикалық жағдайдағы Үкімет қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін байқатады. Статистика атқарушы биліктің мемлекеттің қаржы-экономикалық жағдайындағы келеңсіз үрдістердің тереңдеуіне қарсы тұру мүмкіндігінің бар екендегін көрнекі түрде көрсетіп берді. Үкімет және жергілікті билік органдары әлемдік қаржы дағдарысы басталғалы оның салдарларын жұмсарту үшін қолданып отырған іс-шараларының тиімділігін, пәрменділігін халықтың бағалауы дағдарысқа қарсы басқару жағдайларындағы атқарушы биліктің тиімді қызмет жүйесінің тепе-теңдігін көрсетеді. Бүгінгі таңда еліміздегі экономикалық дағдарыстың залалын бәсеңдетуін төмендету жолдарын атап көрсетуге болады:

- Өндірісті, ел экономикасын қолдау
- Жемқорлықпен күрес
- Ауыл шаруашылығын дамыту, қолдау
- Мемлекеттің экономиканы, бағаны реттеуі
- Зейнетақы, еңбекақы төлемдерін көбейту
- Инфляциямен, баға өсімімен күрес
- Ақшаны үнемдеу бей-берекет шығындарды азайту
- Жаңа жұмыс орындарын ашу т.б.

Қорыта айтқанда, Қазақстанда азаматтарымыздың әлеуметтік қорғалуы Конституциямен кепілдендірілген. Ал әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде тұрақтылық пен қоғамның өсіп-өркендеуі мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатын тиімді жүргізуіне тәуелді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері. 2014ж
2. Стребков А.И. Социальная политика государства: понятный фрагмент.
3. Болат Дүйсенбі. Бізге қаржылық дағдарыс қауіпті ма?

ӘОЖ 33.238

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ МЕХАНИЗМДЕРІ

**Тасболатова А.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Бүгінгі күнде Қазақстанда қаржылық және қаржылық емес құралдар негізінде инновациялық жобаларды жүзеге асыруға әсер ететін, ұлттық инновациялық жүйе құрылған. Аймақтық инновациялық жүйелер негізінен ұлттық даму институттарының жергілікті ұйымдарымен ұсынылған. Мұндай құрылымдар біріңғай тәртіп негізінде қызмет етеді.

**Түйінді сөздер:** Инновация, экономикалық механизм, венчур, АИЖ.

Инновациялық кәсіпкерлік жүзеге асырылатын инновациялық ортамен тығыз байланысты. Инновациялық орта ұлттық және аймақтық инновациялық жүйелер әсеріне байланысты қалыптастырылады.

Бұл елдің аймақтарындағы инновациялық жобаларды жүзеге асырудың процессін

қиындатады. Осыған байланысты аймақтық инновациялық жүйелерді қалыптастыру мәселесін қайта өңдеу қажеттілігі туындайды, олар инновациялық бастамаларды мемлекеттік қолдаудың барлық құралдарын иелене отырып, қызмет етудің өзіндік дербес ұйымдастырушылық- экономикалық механизмдерін иеленетін еді.

Біздерде бүгінгі күнде инновациялық жобалардың қаржыландыру көздерін іздестіру инновациялық кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Елдің инновациялық инфрақұрылымын талдау барысында анықталғандай, меншікті қаржылық қаражаттарды және кепілдік негізді иеленбейтін бастамашыға инновациялық жобаны іске асыруға инвестицияларды тарту өте қиын болып табылады. Сондықтан да, қазіргі кезде елдегі венчурлық қорлардың қызмет етуінің қарқындалуының мәселесі өте өзекті болып табылып отыр.

Елде венчурлық қаржыландыруды құралдарын дамытудың механизмдерінің бірі аймақтық венчурлық қорды құру болып табылады, ол аймақ үшін ерекше жобаларды қаржыландыратын еді.

Сонымен қатар, қолда бар инновациялық жобалар үшін аймақтық инновациялық жүйе (АИЖ) шеңберінде инновациялық жобаны ғылыми зерттеуден инновациялық өндірісті ұйымдастыру кезеңіне дейін үздіксіз сүйемелдеу жүйесін құру қажет.

АИЖ стратегиялық басқаруымен қамқорлық кеңес айналысуы тиіс. АИЖ барлық элементтерін қызметін үдемелі басқару және бақылау аймақтық Әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациялар жаныдағы құрылған аймақтық инновациялар кеңесімен іске асырылуы тиіс.

Болашақта аймақтық венчурлық қорды құру кезінде технопаркте және индустриалды паркте бизнес және технологиялық инкубациялауға жобаны орналастырумен байланысты өкілеттілікті, сонымен қатар тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға венчурлық қордың компаниясының басқарушысы тағайындалынады. Мұндай шара облыстағы венчурлық қаржыландыру процессінің тиімділігін жоғарлатады және бизнес – инкубациялаудан бастап, өнімнің нарыққа шығарылуына дейін бөлінген қаражаттарға бақылау жасауды қамтамасыз ете алады.

Бұл компанияның қызметінің негізгі принциптері келесідей болуы тиіс:

- басқарушы компания толығымен қамқорлық кеңесіне толығымен есеп беруге міндетті және міндетті түрде аудиторлық бақылау өткізіп отыруы тиіс;
- басқарушы компанияға аймақтың ұзақ мерзімді дамуы бойынша жауапкершілік артылады, сондықтан да бірінші кезекті міндет аймақта эзірленген жобаны дамыту болуы тиіс;
- басқарушы компания оған сеніп тапсырылған қордың қаражаттарынан инновациялық жобаның іске асырылуына қажетті талап етілетін шығындарды төлейді.

Жобаның бастамашылары ретінде бизнес – құрылымдар, жаңалық ашушылар және ғалымдар болуы мүмкін. Сонымен қатар, АИЖ институттары арқылы жүзеге асыруға жобаларды беру өкілдігін ҮИИДМБ облыстық келісімділік кеңесі иеленуі тиіс, оған дамудың әрекет етуші бағдарламалары (Жол картасы – 2020, Инвестор – 2020, Экспортер – 2020) бойынша жүзеге асырылатын, жобаларды таңдау бойынша міндет жүктелінген, олар Қазақстанның даму Банкі, «ТДҰА» АҚ, ИФК АҚ және басқа да даму институттарының қатысуымен республикалық деңгейде қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау және жүзеге асыру үшін бағытталынады.

Әрекет етуші аймақтық даму институттары (аймақтық ӘКК және технопарктер) да АИЖ қамқорлық кеңесінің келісімі және өздерінің қызметі түріне сәйкес, АИЖ келіп түскен инновациялық жобаларды қаржыландыру үшін таңдау жасай алады. Сонымен қатар, әлеуметтік – кәсіпкерлік корпорациялар өнеркәсіптік аудандардың дамуымен байланысты инфрақұрылымдық мәселелерді (жалға беру шарты шеңберінде жолдардың құрылысы және жөнделуі және жаңа қуаттылықтарды енгізу есебінен электр қуаттылығының тапшылығын қысқарту) шешуін қамтамасыз етуі тиіс.

Инновациялар жобалар бойынша жобалық – сметалық құжатты дайындауды жылдамдату қажеттілігі және өздерінің қызметтеріне конструкторлық бюроның

бағаларын тым жоғары қоюына байланысты бірқатар мәселелерді шешу үшін, Қазақстанда шетелдік конструкторлық бюро аккредитациясын ұсыну қажет, себебі мұндай жобалар шеңберінде техникалық құжаттама толығымен технологияны сататын фирмамен дайындалады.

Сонымен қатар, инновациялық жобаларды табысты коммерцияландыру үшін интеллектуалды меншікті бағалау институты қажет, ол өндірістік фирма- инвесторлар қаражаттары немесе қарыз қаражаттарын тарту үшін жарғылық капиталға салым немесе кепілдік мүлік ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Қалыптастырылушы кластерлер шеңберінде жүзеге асырылатын ғылыми жобалардың қозғалысын қамтамасыз ету қажет, ол үшін аймақтағы жүйені қалыптастырушы корпорациялармен, ірі жер қойнауын пайдаланушылармен және ұлттық компаниялармен АИЖ шеңберінде құрылған кәсіпорындар өздерінің өнімдерін өткізу мүмкіндіктерін және талап етілетін шикізаттың жеткізілуі туралы мүмкіндікті иеленетіні жөнінде технологиялық келісімдер жасалынуы қажет.

Осылайша, аталған бағыттың табысты жүзеге асырылуы үшін келесідей ұйымдастырушылық механизмдер ұсынылады:

- технопарк және кәсіпкерлік және өнеркәсіп Басқармасы бір жағынан және екінші жағынан ірі жер қойнауын пайдаланушылар, ұлттық компаниялар және трансұлттық корпорациялар арасында технологиялық келісім шарт жасалынуы қажет, онда аймақтың шағын және орта инновациялық фирмаларымен инновациялық өнімдерді болашақта игеруі және одан әрі оны шығаруы туралы мәселелер қарастырылуы керек;

- ҚР ИДМ және ҚР ҰЭМ инжинирингтік қызметтерді көрсету туралы заңдылыққа өзгерістер енгузі бойынша ұсыныстарын білдіру;

- аймақтағы жүйені қалыптастырушы компанияларымен АИЖ ресурстары есебінен оларға бейімделінген жобаларды жүзеге асыру бойынша меморандумлар мен мәмілелерге отыру.

Осылайша, ғылымның кадрлық әлеуетінің табысты дамуы үшін келесідей ұйымдастырушылық механизмдер ұсынылады:

- жыл сайын ғылыми кадрлардың ұдайы өндірісі үшін аймақтың ЖОО және ҒЗИ магистратура және докторантурада нысаналы түрде оқу үшін өтініштер тізімін орталықтандырылған түрде қалыптастыру;

- аймақтық еңбек нарығында мамандар тапшылығын жою үшін аймақтың кәсіпорындарынан және инновациялық жобалардың ұйымдастырушыларынан жоғарғы және орта звенодағы мамандарды дайындауға жыл сайынғы орталықтандырылған тізімін дайындау.

Аймақтарда жинақталынған ғылыми білімді коммерцияландыру үшін банктік несиелендіруге сүйенбейтін, өндіріске жергілікті эзірлемелерді енгізу процессін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қаржыландырудың көздерін анықтау маңызды мәнді иеленеді, себебі отандық шаруашылық тәжірибе жарғылық капиталға салым немесе кепілдік қамтамасыз ету ретінде интеллектуалды меншікті баламалы бағалау механизмдерін эзірге дайындаған жоқ. Сонымен бірге, венчурлық қор өтініш білдірушілердің әрекет етуші бизнесі жоқ, нолдік жобаларды қаржыландыру үшін өте қажетті болып табылады, оның шеңберінде өзіндік ғылыми эзірлемелерді жүзеге асыру үшін әрекет етуші «Бизнес жол картасы - 2020», «Өнімділік - 2020», «Экспорттаушы - 2020» бағдарламаларын пайдалануға болатын еді.

Облыс территориясында дайындалатын инновациялық жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан территориясында қызмет ететін республикалық және аймақтық венчурлық қорлармен әріптестік және келісім бойынша жұмысты бастау қажет.

Аймақтық инновациялық жүйенің даму шеңберінде венчурлық қор оның негізгі элементі болып табылады. Негізгі салымдар бойынша табыс қорды толықтыру үшін қайта қаржыландырылуы тиіс, қосымша салымдар бойынша табыс қор қызметінің нәтижелері бойынша инвесторларға төленеді, қаржыландыруды тарту сферасында іскерлік әріптестік

тәжірибесін иелену.

Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары негізінде қорды толықтыру келешегі бар. Бұл қорда жинақталынған қаражаттарды аймақтың кәсіпорындарына инжинирингтік қызметтер көрсету облысында кәсіпорындарды және болашағы бар ғылыми жобалары негізінде өнеркәсіптік кәсіпорындарды құруды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Қор қызметі негізіне келесідей принциптер жатқызылады:

1. Қор қызметіне жалпы бақылауды Облыс әкімі жетекшілік ететін, Қамқорлық кеңесі (12 адамға дейін) жүзеге асырады, онда дамудың аймақтық институттарының, ғылыми ұйымдардың өкілдері қатыстырылады.

2. Қамқорлық кеңесі байқау жүргізу негізінде басқарушы компанияны таңдайды, ол қорға жалпы басшылық жасай отырып, қормен қаржыландырылған жобалардың іске асырылуы барысына бақылау жасайды.

3. Басқарушы компания жеке инвесторларды тартуға міндетті.

4. Бұл қордың қызметінен табысты бірінші кезекте жеке инвесторлар алады. Басқарушы компания табысты қордың қызметінің нәтижелері бойынша алады.

5. Қордың толықтырылуы жүзеге асырылған жобалардан алынған табыстар есебінен немесе жергілікті бюджетке жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары негізінде іске асырылады.

6. Пайданы ұлғайту және қосымша қаражаттарды тарту мақсатында венчурлық қор қаражаттарының бір бөлігі технологиялар трансфертіне негізделінетін жобаларды қаржыландыруға бағытталынуы мүмкін.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы: 2013 жылдың 4 маусымы, №579 бекітілген // [adilet.zan.kz/](http://adilet.zan.kz/).

2. Сабден О. Инновационная экономика. – Алматы: Эксклюзив, 2008. –

3. Костенко М.А. Правовые основы инновационной деятельности: учебное пособие. – Таганрог: ТТИ ЮФУ, 2012. – 72 с.

4. Әмірбекұлы Е. Фирманың бәсекеге қабілеттілігі. – Алматы: Эверо, 2012. – 116 б.

5. Отчет о тенденциях развития инноваций в мире и в РК / АО «Национальный инновационный фонд». Центр аналитического сопровождения инновационных процессов. – Астана, 2011. – 200 с.

УДК 338.264

## СТРАТЕГИЯ РАЗВИТИЯ КОМПАНИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ

Таскинбайқызы Ж., КГУТИ им. Ш. Есенова, г.Ақтау

**Аннотация.** Формирование стратегии и тактики развития компании, наличие компетентного коллектива высококвалифицированных руководителей и специалистов является одним из важнейших условий эффективного управления предпринимательской структурой, деятельность которой характеризуется высокой степенью риска и способностью быстро адаптироваться к переменам внешней среды.

**Ключевые слова:** стратегия, стратегическое планирование, стратегическое управление, эффективность стратегии

В условиях жесткой конкурентной борьбы и быстро меняющейся мировой

ситуации компании должны не только концентрировать внимание на внутреннем состоянии дел, но и вырабатывать долгосрочную стратегию поведения, которая позволяла бы им поспевать за изменениями, происходящими в их окружении. Практика же показывает, что в действиях предприятий стратегичность, как правило, отсутствует, что и приводит зачастую к поражению в рыночной борьбе. Это происходит из-за того, что, во-первых, организации планируют свою деятельность исходя из того, что окружение не будет меняться, либо в нем не будет происходить качественных изменений. Во-вторых, планирование начинается с анализа внутренних возможностей и ресурсов организации.

Понятие «стратегия» является центральным в теории управления. Так, например, В.С. Ефремов считает, что у любого предприятия, независимо от среды его «обитания», можно обнаружить определенную стратегию производственно-коммерческой деятельности. Она проявляется в подходах к принятию решений, затрагивающих жизненные интересы данного предприятия, в порядке распределения ресурсов, в системе производственно-коммерческих приоритетов, в принципах, на которых строится разрешение конфликтных ситуаций, и т.п. Стратегия должна быть хотя бы потому, что организованный бизнес не может постоянно менять свой курс, не может быть стопроцентно гибким и реагировать на изменения в хозяйственной среде мгновенными изменениями своей организации. Стратегия бизнеса - это образ действий, обуславливающий вполне определенную и относительно устойчивую линию поведения производственно-коммерческой организации на достаточно продолжительном историческом интервале. Глобальные интеграционные процессы, имеющие место на мировом рынке на современном этапе, предъявляют качественно новые требования к организации процесса управления экономикой, в особенности к обеспечению его теоретическими и методологическими основами [1].

Ключевым моментом современной системы взглядов на данную дефиницию являются принципиальные положения теоретических подходов, представленных в таблице 1.

Безусловно, что любой подход к определению «стратегии» предполагает достижение целей организации и каждое, отдельно взятое определение, является по-своему правильным.

Таблица 1 - Основные теоретические подходы к дефиниции «стратегия»

Подходы	Представители	Характеристика (признак)	Элементы
1 подход «концептуальный»	Чандлер, Кинг и Клиланд, Виханский, Дорогов, Круглов, и др.	Направление (концепция) развития	Ориентиры, траектория развития; цели; сфера и форма деятельности организации
2 подход «практический»	Ансофф, Томпсон и Стрикленд, Попов, Туленков и др.	Модель действий, набор правил	Цели; ресурсы; оценка результатов; оперативные приемы и др.
3 подход «системный»	Хофер и Шендель; Глинн, Маркова, Перкинс; Клейнер, Тамбовцев, Качалов и др.	Промежуточное, связующее звено	Организация и окружающая среда; цели и линия поведения; прошлое и будущее
4 подход «директивно-интуитивный»	Экономические словари, справочники, энциклопедии	Общий план работы; искусство управления	Плановые установки; степень мастерства руководителей

5 подход «интегрированный»	Минцберг, Винокуров и др.	5 «Р»; система управленческих решений; концепция и набор действий	План, прием, принцип поведения, позиция, перспективы; траектория развития, действия
----------------------------	---------------------------	---	---

Процесс стратегического управления включает постановку целей, выработку стратегии, определение необходимых ресурсов и поддержание взаимоотношений с внешней средой, которые позволяют организации добиваться поставленных задач.

Как видно из приведенных примеров, что хорошо и правильно выбранная стратегия позволяет компании не только выжить, но и развиваться, захватывать новые рынки и в конечном итоге приносить больше прибыли.

Помимо вышеназванных, выделяют двенадцать относительно самостоятельных направлений стратегий (таблица 2) [2].

Таблица 2 – Направления стратегий предприятия

Направления стратегий предприятия	Сущность
Товарная стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих номенклатуру, объем и качество выпускаемой продукции
Маркетинговая стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих поведение предприятия на рынке
Технологическая стратегия	стратегические решения, определяющие динамику технологии предприятия и влияние на нее рыночных факторов
Ресурсная стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих поведение предприятия на рынке ресурсов предприятия
Финансовая стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих поведение предприятия в области финансовой деятельности и получении финансовых результатов
Инновационная стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих поведение предприятия в области инновационного развития
Стратегия издержек	стратегические решения, направленные на минимизацию издержек производства и обращения
Социальная стратегия	совокупность стратегических решений, определяющих тип и структуру коллектива работников предприятия, а также характер взаимодействия с его акционерами
Стратегия качества	совокупность стратегических решений, направленных на обеспечение качества выпускаемой продукции
Стратегия управления	совокупность решений, определяющих характер управления предприятием при реализации избранной стратегии
Стратегия инвестиций	совокупность решений, определяющих инвестиционную политику предприятия
Стратегия реструктуризации	совокупность стратегических решений, определяющих приведение производственно-технологической и организационно-управленческой структур в соответствие с изменившимися условиями и стратегией функционирования предприятия
Примечание: составлено автором	

На наш взгляд, наиболее полно отражающим сущность понятия «стратегия» является «интегрированный» подход, который объединяет все вышерассмотренные подходы в одно единое определение. Стратегия развития должна определять как

концепцию и приоритеты развития (перспективы и принципы поведения), так и программу действий (план и приемы), выступать связующим звеном системы (позиция). Несомненно, эффективность стратегии напрямую зависит от искусства управления, то есть от человеческого фактора.

Стратегия определяется как общее направление действий, определяющих перспективное развитие предприятия по достижению конкурентных преимуществ, учитывая благоприятные возможности и опасности внешнего окружения, собственные преимущества и недостатки [3].

Таким образом, данный подход в наибольшей степени нацелен на учет всего комплекса элементов, раскрывающих сущность и содержание рассматриваемой экономической категории.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Попов С.А. Актуальный стратегический менеджмент: учебно-практическое пособие. – М.: Юрайт, 2015. – 448 с.
2. Русинов Ф.М., Никулин Л.Ф., Фаткин Л.В. Менеджмент и самоменеджмент в системе рыночных отношений: учебное пособие. – М.: ИНФРА-М, 2014. – 352 с.
3. Винокуров В.А. Организация стратегического управления на предприятии, М.: Центр экономики и маркетинга, 2016, 160 с.

### ӘОЖ 353.5

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ

**Таскинбайқызы Ж., Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Халыққа мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсету – мемлекет саясатының маңызды бағыты болып табылады және де кез-кезген ел экономикасының дамуы тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету бойынша шаралардың тиімділігімен тығыз байланысты. Халықтың әлеуметтік қорғалмаған категорияларын қорғау қажеттілігі ашық қоғам аясында әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етумен байланысты. Осы ретте халыққа әлеуметтік көмек көрсету жүйесін қалыптастыру және дамыту мәселелері өзекті болып табылады.

**Түйінді сөздер:** мемлекеттік бағдарлама, әлеуметтік сала, мемлекеттік қолдау жүйесі, «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы, әлеуметтік қолдау.

Әр аймақтың белгілі бір табиғи ресурстары бар, оларды адамның еңбегімен алмастыруға келмейді. Бір қарағанда, табиғи ресурстар аймақтың әлеуметтік-экономикалық потенциалына қарағанда пассивті позицияда, бірақ іс жүзінде олай емес, қоғам үшін табиғи ресурстар экономикалық айналымға қандай күш-жігермен тартылғандығы мәнді. Аймақтың дамуында табиғи ресурстар және экологиялық жағдайлармен қатар маңызды рөлді тұрғындар да атқарады, оның ұдайы өндірісінің режимі, тығыздығы, еңбекке қабілетті тұрғындардың үлесі, урбанизация, миграция деңгейлері, жас-жыныстық құрылымы және еңбек ресурстарының әлеуетін, демографиялық жүктілікті және т.б. анықтайтын басқа да параметрлер әсерін тигізеді [1].

Әлеуметтік-экономикалық әлеуеттілік тұрғысынан алғанда, жергілікті тұрғындардың өндірістік тәжірибесі және өндірістік мәдениеті, экологиялық тәжірибесі, еңбектік дәстүрлерінің маңызы зор. Осының барлығын шынайы жағдайларды анықтау үшін және аймақтың мүмкіндіктерін бағалау мақсатымен ескеру қажет.

Жұмыспен қамтудың жол картасы бағдарламасы және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларын іске асырудың логикалық жалғасы болып табылады. Ол аз қамтылған, жұмыссыздар мен өз бетінше жұмыспен қамтылған халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына тарту механизмдерін қамтиды.

Республикалық бағдарламаны іске асыруға 2013 жылдан бастап 193 млрд. 400 млн. теңге бөлінді. 3 жыл ішіндегі республикалық бағдарламаны қаржыландырудың жалпы көлеміндегі Маңғыстау облысы қаражаттарының үлес салмағы 14 млрд.теңгені немесе бөлінген барлық сомадан 7%-ды құрады (кесте 1) [2].


Кесте 1 – Қазақстан Республикасы мен Маңғыстау облысындағы «Жұмыспен қамту-2020» Бағдарламасын қаржыландыру көлемі

Жылдар	Аймақ		
	Қазақстан Республикасы, млрд.теңге	Маңғыстау облысы, млрд. теңге	%-бен
Барлығы	193,4	14,0	7,2
2015 жыл	40,2	6,0	14,9
2016 жыл	48,3	3,4	7,0
2017 жыл	104,9	4,6	4,3

Ескертпе - ҚР статистика жөніндегі Комитеті, Маңғыстау облысы Статистикалық жинақ көрсеткіштері

Бағдарламаны іске асыру кезеңінен бастап 20600 адам қатысуға ниет білдіріп, олардың ішінде 10 800 адам әлеуметтік шартқа қол қойды.

Бағдарламаның республикалық деңгейінде іске асырылуы сияқты өңірлік шеңберде де бағдарламаның 3 бағытының ішінде қатысушылар үшін 3-ші бағыт неғұрлым басымды болды, осылайша, іске асырылу кезеңінен бастап аталмыш бағытпен 10 мыңнан астам адам қамтылды (сурет 1).



Сурет 1 - Маңғыстау облысы бойынша ЖЖК-2020 бағдарламасының барлық бағыттары бойынша қатысушыларды қамту көлемі

Суреттен көрініп тұрғандай, қатысушылардың басым бөлігі әлеуметтік шартқа отырған қатысушылардың жалпы үлесінің 65%-ын құрайтын 3-ші бағытпен қамтылған. Ал қалған бағыттармен қатысушылардың қамтылу деңгейі шамамен бірдей, яғни 1-ші бағыт - 2835 адам немесе 18%, 2-ші бағыт – 2707 адам немесе 17%. Облыс бойынша 4653 жаңа жұмыс орны құрылды.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы аясында жұмыспен қамту орталықтарына хабарласқан адамдардың саны – 442, оның ішінде әлеуметтік келісім шартқа қол қойған адамдардың саны – 409 адам, оның ішінде мүгедектер – 2 адам.

Бағдарламаға қатысушылардың ішіндегі жастардың саны – 271 адам (63,3%), әйелдер 278 адамды құрайды (68,0%).

Бағдарламаның бірінші бағыты – «Өз бетінше жұмыспен қамтылған, жұмыссыз және халықтың аз қамтылған топтарын оқыту және жұмысқа орналастыру» бойынша. Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасын жүзеге асыру аясында әзірленген оқыту жоспары - 1627 адам, оның ішінде бүгінгі таңда 1227 адам оқумен қамтылғын (355 адам 2010 жылдағы Жол картасы аясында қабылданғандар, 872 адам – 2014-2015 оқу жылдарында Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы аясында қабылданғандар), 200 адам – қайта даярлау курстарына, 100 адам – біліктілігін арттыруға, 100 адам кәсіби даярлауға жолданады.

Екінші бағыт – «Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету» бойынша. 2017 жылы аталған бағыт бойынша – 200 адамға шағын несие беру, 100 адамды кәсіптік негіздеріне оқыту жоспарланды.

Бүгінгі таңда үкілетті өңірлік ұйымы ретінде «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының Маңғыстау өкілдігі бекітілді. Соңғы қарыз алушы үшін кредиттік ресурстар бойынша жылдық ең жоғары тиімді ставканы 6,7 көлемінде келісілді.

Бағдарламаның үшінші бағыты бойынша бүгінгі таңда Түпқараған ауданында 16 пәтерлік 2-үй және 14 пәтерлік 7 тұрғын үй құрылыстары жүргізілуде. Жұмысқа орналастыратын адам саны – 1073 адам. Бүгінгі күні «Жұмыспен қамту - 2020» Бағдарламасының шеңберінде «Шағын несиелендіру орталығы» ШНҰ» ЖШС тарапынан жалпы құны 10,3 млн. теңге болатын 4 жоба қаржыландырылды.

Мемлекеттік бағдарламаның қабылдануы оң құбылыс болды, көптеген жас жанұялар пәтер иелері атанып, жеңіл пайызбен несие алу мүмкіншіліктерін иеленді, сонымен қатар, бағдарлама барлық облыстарда қарастырылып, құрылыс жұмыстары көпшілігінде жобаға сәйкес жүрді [3].

Сонымен, Маңғыстау облысы Қазақстанның алдыңғы қатарлы индустриалды орталықтарының бірі болып табылады. Облыста әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік қолдау тұрғындардың әлеуметтік қорғалмаған бөлігіне әлеуметтік қызметтердің кең спектрін көрсету жолымен жүзеге асырылады. Маңғыстау облысының даму бағдарламасы аясында әлеуметтік саланы жетілдіру және адами капиталды дамыту шаралары көзделген, яғни білімнің сапасын және қол жетерлігін қамтамасыз ету; азаматтарды мемлекеттік әлеуметтік қолдау көрсетудің тиімді жүйесі.

Осылайша, облыстың экономикалық дамуы мен оның әлеуметті дамуы тығыз байланыста екендігі анық байқалады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2017, қаңтар.
2. Маңғыстау облысы Статистика департаменті // [www.mangystau.stat.kz](http://www.mangystau.stat.kz)
3. Нурланова Н. К. Региональная парадигма устойчивого развития Казахстана: проблемы теории и практики. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК, 2015.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА  
ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ**

**Конысбаева А.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа:** Табиғи ресурстарды пайдалану, келтірілген зиян орынын толтыру шығындары табиғатты қорғауға, жасыл экономиканы қолдау бағытында шараларға әсер етіп, экологиялық шығынды қарастырылатын маңызды бағыттарды қамтиды.

**Түйінді сөздер:** экология, қоршаған орта шығындары, экологиялық шығындардың әлеуметтік экономикалық тиімділігі.

Қоршаған ортаны қорғау әртүрлі табиғаты қорғау шаралардың өткізулігін болжайды. Табиғаты қорғау іс-шаралары – бұл қоршаған табиғи ортаға теріс антропогендік әсерді азайту және жоюына бағытталған шаруашылық қызметінің барлық түрлері. Еуропалық табиғаты қорғау қызметтердің жіктеуішіне (СЕРА, 2000) сәйкес табиғатты қорғау қызметтерінің келесі негізгі түрлері қарастырылады:

- атмосфералық ауаны қорғау және ауарайының өзгеру мәселелері;
- ағынды суларды тазалау;
- қалдықтармен жұмыс істеу;
- топырақ, жер асты және жер үсті суларды қорғау және оналту;
- шу және вибрациялық ықпалды төмендету;
- биоәралуандық пен мекендеу ортасын сақтау;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- табиғат қорғау қызметінің басқа бағыттары қарастырылады [1].

Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жиынтық шығындарды «Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне» сәйкес экономикалық қызмет түрлері бойынша топтастыру қажет. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың көрсеткішін қалыптастыру секторлары: мемлекеттік, комерциялық секторлар және табиғаты қорғау қызметтерінің мамандырылған жабдықтаушылар бойынша топтастыру ұсынылған, олар:

✓ Мемлекеттік сектор - республикалық және жергілікті билік органдары және мемлекеттік мекемелерді қосады. Осы сектордың әдеттегі қызмет түрлерінің санына реттеу, бақылау, зерттеу, білім және ақпарат, сондай-ақ негізінен мемлекеттік бюджеттер немесе қорлардан, және бұл қызметтердің тұтынушыларымен тікелей немесе жартылай емес қаржыландырылатын қоғамға көрсетілетін басқа да қызметтер жатады.

✓ Комерциялық сектор - барлық табиғаты қорғау іс-шараларды, сондай-ақ мамандырылған жабдықтаушылар қызметтерді қосады.

✓ Табиғаты қорғау қызметтердің мамандырылған жабдықтаушылары - осы қызметтердің тұтынушыларымен қаржыландырылатын, қызмет көрсететін мемлекеттік немесе жеке мекемелерді қосады [2].

Қоршаған ортаны қорғауға және табиғат ресурстарын ұтымды пайдалануға жұмсалған негізгі капиталға инвестициялар объектілердің жаңа құрылысына, кеңейтілуіне, жаналау және жаңартуына, жұмсалған, объектінің бастапқы құның арттыруға алып келетін және мекеменің қосымша капиталына жататын шығындарды қосады. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қоршаған ортаны қорғауға бағытталған 2017 жылғы шығындары 2016 жылмен салыстырғанда 24,9%-ға ұлғайды және 262,4 млрд. теңгені құрады. Табиғатты қорғау шығындарының елеулі үлесі (84,3%) өнеркәсіп кәсіпорындары есебінен, көбінесе Атырау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының кәсіпорындары есебінен жүзеге асырылады.

Ағымдағы шығындардың жалпы көлемінен 52,8 млрд. теңге материалдық


шығындарды құрады, одан 43,5% - атмосфералық ауаны қорғауға, 29,5% - су көздерін ағынды сулардың ластауынан қорғауға және 27,0% - қоршаған ортаны қорғау бойынша өзге де қызмет түрлеріне бағытталған.

пайызбен



Сурет 1 – Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған 2017 жылғы шығындардың құрылымы

2016-2017 жылдардағы табиғатты қорғау қызметінің түрлері бойынша Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың құрылымын келесі түрде қарастыруымызға болады:



Сурет 2 – Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындардың құрылымы

2017 жылы кәсіпорындар мен ұйымдардың қоршаған ортаны қорғауға жұмсаған шығындары 262,4 млрд. теңгені құрады. Одан негізгі үлесі шығындар құрылымында 27,3% - атмосфералық ауаны және климатты қорғауға, 20,5% - су көздерін ағынды сулардың ластауынан қорғауға, 21,5% - қалдықтардың айналымын басқаруға, 8,5% - топырақты, жерасты сулары мен жерүсті суларының көздерін қорғауға және қалпына келтіруге тиесілі. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған материалдық шығындар 52,8 млрд. тенге. Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған материалдық шығындардың жалпы көлемінен 43,5% атмосфералық ауаны қорғау, 29,5% - су көздерін ағынды сулардың ластауынан қорғауға, 23,8% - қалдықтардың айналымын басқаруға, 2,9% - топырақты, жерасты сулары мен жерүсті суларының көздерін қорғауға және қалпына келтіру бойынша өзге қызметтерге бағытталған. Қоршаған ортаға ластайтын заттардың нормативті шығарындылары үшін талап етілген төлемақылар сомасы 62,7 млрд. теңгені құрады. Одан 1,2 млрд. теңге немесе 1,9% - су ресурстарының төгінділеріне, 44,2 млрд.

теңге немесе 70,5% атмосфералық ауаны ластайтын зиянды заттар шығарындыларына, 17,3 млрд. теңге немесе 27,6% - қалдықтарды, күкіртті орналастыруға тиесілі[3].

Экологиялық проблемаларды түбегейлі шешу - көптеген аспектілері және бағыттары бар жауапкершілігі мол экологиялық саясат жүргізу жағдайында ғана мүмкін. Кез-келген шаруашылық іс-әрекет нәтижесінде экологиялық зардаптардың мөлшерін минималды, мейлінше төмен жасауды білдіретін экологиялық қауіп концепциясы осы ережелердің бірі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Калмыков Д.Е. Жасыл экономика бойынша қысқаша нұсқаулық.– Қарағанды: ЭкоМұражай, CINEST, 2017 ж. – 32 б.

2. Қоршаған орта статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, <http://stat.gov.kz>

3. Экологиялық қызметтің нәтижелілігі туралы шолулардың топтамасы, [ecogofond.kz/wp-content/uploads](http://ecogofond.kz/wp-content/uploads)

**ОӘЖ 33.338**

## ТАБИҒАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРМЕН ЛАСТАУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

**Конысбаева А.А., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа:** табиғатты ластау және қоғамның дамуымен байланысты табиғатқа тасталатын қалдықтар көрсеткіштері санының артуы ғаламдық мәселеге айналууда, сондықтан бұл жағдайларды реттеу олардың өңделуін қолға алу әрбір ел үшін маңызды мәселеге айналууда.

**Түйінді сөздер:** табиғатты ластаушы қалдықтар, экологиялық мәселелер, қалдық көздері.

Адам баласының кез-келген шаруашылық әрекеті әр түрлі қалдықтармен биосфераны ластайды, бұл халықтың денсаулығы мен өміріне, флора мен фауна түрлерінің қысқаруына, қоршаған ортадағы тепе-теңдікке қауіп-қатер тудырады. Қазіргі кезеңдегі ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес келетін толық жетілдірілген технологияның жоқтығына байланысты, оларды өндеп құнды өнімдер алу әзірше жолға толық қойылмаған, сондықтан бұларды сақтауға, жоюға, тасуға, көмуге, зиянсыз түрде айналдыруға көптеген қаражат, энергия, уақыт жұмсалып отыр. Қалдықтар шығаратын негізгі көздерге өнеркәсіп, ауыл-шаруашылығы, үй-жай шаруашылығы жатады[1].

2018 жылы Қазақстан Республикасында деректер бойынша жалпы 4,3 млн. тонна ТҚҚ пайда болған, оның ішінде саны 601 бірлікті құрайтын қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша мамандырылған кәсіпорындар мен дара кәсіпкерлер жинаған коммуналдық қалдықтар 2,8 млн. тоннаны құрады. Негізгі үлесі үйшаруашылық қалдықтарына (74,1%), 12,5% өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға теңестірілген) құрайды, 9,7% - көшеден жиналған қоқыстар, 2,1% - базар қалдықтары келеді. Жиналған және тасымалданған қалдықтардың жалпы санынан 6,2% - мемлекеттік меншік нысанындағы, 93,6% - жеке меншік нысанындағы және 0,2% - шет меншік нысанындағы кәсіпорындары жиналған [2].

2018 жылы коммуналдық қалдықтардың ресми жұмыс істейтін полигондарына (қалдықтар үйінділеріне) 3,4 млн.тонна қалдық түскен. Оның ішінде 69,3% одан әрі сақтауға түскен, 18,2% әрі қайта өңдеуге және іріктеуге және 12,5% кәдеге жаратылған. Сақталуға жіберілген қалдықтардың көлемі құрамынан, 65,9% - аралас коммуналдық қалдықтар, 23,3% - қайта өңдеуден кейін қалған қалдықтар құрады.

2018 жылдың соңына ресми жұмыс істейтін полигондарда (қалдықтар үйінділерінде) 46,7 млн. тоннадан артық қалдық жиналған. 2018 жылы Қазақстан Республикасындағы коммуналдық қалдықтарды жинау, шығару, қайта өңдеу (сорттау) және көму (сақтауға беру) туралы толық ақпарат осы бюллетенде келтірілген [3].

Кесте 1- Тұрақты ластау көздерінің саны бірлік

№	Атауы	2014	2015	2016	2017
1.	Қазақстан Республикасы	214 913	235 049	252 564	279 997
2.	Ақмола	12 658	14 829	16 982	18 624
3.	Ақтөбе	16 027	18 706	20 209	22 644
4.	Алматы	14 049	13 485	15 374	16 284
5.	Атырау	17 775	25 355	28 422	31 492
6.	Батыс Қазақстан	10 532	11 415	11 760	12 387
7.	Жамбыл	11 252	12 618	12 959	15 732
8.	Қарағанды	12 216	12 747	14 230	16 754
9.	Қостанай	18 099	18 366	19 208	20 670
10.	Қызылорда	10 054	11 590	12 525	12 948
11.	Маңғыстау	22 492	22 863	22 583	23 804
12.	Оңтүстік Қазақстан	15 166	14 720	15 289	16 670
13.	Павлодар	10 881	11 803	12 606	13 701
14.	Солтүстік Қазақстан	8 679	9 171	9 776	13 609
15.	Шығыс Қазақстан	18 444	18 523	19 453	22 353
16.	Астана қаласы	4 789	5 717	6 486	7 205
17.	Алматы қаласы	11 800	13 141	14 702	15 120

Қалдықтарды сұрыптау кешенінің құрылысы қалдықтардың полигонға шығарылуын 40 пайызға дейін төмендетуге мүмкіндік туғыза отырып, қалдықтардан тауар түріндегі өнім мен стандартты қайталама шикізат алу арқылы бюджеттің шығын әкелетін саласынан пайда әкелетін саласына айналдырады. «2014-2050 жылдарға арналған қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғыртудың бағдарламасы» шеңберінде ірі елді мекендерінде полигондар, қоқыс сұрыптайтын цехтар мен кешендер салу бойынша шаралар жоспары қажет етілуде.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <https://kk.wikipedia.org>
2. [iacoos.gov.kz/wp-content/uploads](http://iacoos.gov.kz/wp-content/uploads)
3. Қоршаған ортаны қорғау <http://stat.gov.kz>

**Секция №3**

**«Тұлғаның экологиялық мәдениетін қалыптастырудың  
жолдары»**

**«Пути формирования экологической культуры личности»**

**«Ways of formation of ecological culture of the person»**

## ОБУЧЕНИЕ ЧЕРЕЗ МАССОВЫЕ ОНЛАЙН-КУРСЫ

Ирзабекова М, магистрант, КГУТИ им. Ш.Есенова, г. Актау  
Ғылыми жетекші: Бусурманова А.Ч.  
КГУТИ им. Ш.Есенова, г. Актау

**Аннотация:** В статье рассматриваются современные, инновационные информационно-коммуникационные технологии и их непосредственное влияние на образовательные процессы. В частности, рассмотрены массовые, открытые, бесплатные онлайн курсы как инновацию, которая, не изменяя фундаментальных основ образования, может внести кардинальные изменения в содержание образования. Были выделены основные признаки МООС-проектов, среди которых: бесплатность, глобальность, массовость, наличие элементов традиционного образования, расширение коммуникационных возможностей между всеми участниками образовательного процесса.

**Ключевые слова:** онлайн-курсы, Coursera, Udacity, Edx, [KhanAcademy](#).

Массовый открытый онлайн-курс (сокр.: МООК; англ. Massive open online courses, MOOC) – обучающий курс с массовым интерактивным участием с применением технологий электронного обучения и открытым доступом через Интернет[1], одна из форм дистанционного образования. В качестве дополнений к традиционным материалам учебного курса, таким как видео, чтение и домашние задания, массовые открытые онлайн-курсы дают возможность использовать интерактивные форумы пользователей, которые помогают создавать и поддерживать сообщества студентов, преподавателей и ассистентов.

Массовые открытые онлайн-курсы появились в сфере дистанционного обучения в 2008 году, но стали по-настоящему популярны в 2012 году[2], когда такие проекты как Coursera, Udacity и Udemu привлекли первые инвестиции[3].

Ранние сайты МООК (например, Udacity) часто пропагандировали концепцию открытого доступа (открытого контента). Более поздние сайты сделали доступ к контенту платным, оставив возможность полного или частичного бесплатного обучения[4, 5].

Видеозаписи лекций различных учебных заведений стали появляться в сети Интернет ещё в конце 1990-х годов, однако только массовые открытые онлайн-курсы, появившиеся впервые в начале 2010-х годов, дали возможность интерактивного общения студентов и преподавателей, а также сдачи экзаменов в режиме онлайн. Подобные сайты рассчитаны на слушателей различных уровней подготовки – как на новичков, так и на опытных специалистов. Самые популярные массовые онлайн-курсы собирают сотни тысяч студентов.

Что отличает МООС от прочих курсов онлайн обучения, а также от традиционных способов получения образования?

МООС – это не просто дистанционные курсы образования, это отдельная методика обучения, включающая в себя большой комплекс разнообразной деятельности. И как и у каждой методики, МООС имеет свои достоинства и недостатки.

Вопреки распространенному заблуждению, онлайн обучение не означает отсутствия обратной связи со студентом. Напротив, МООС предполагает наличие многочисленных каналов коммуникации с преподавателем-ведущим курса, а также с остальными слушателями.

Студенты имеют возможность организовать сообщество по текущему онлайн курсу, где они будут не только делиться знаниями друг с другом, но и выступать в роли проверяющих. Обычно каждый участник дистанционного образовательного курса должен проверить работы нескольких студентов. В свою очередь, его работа также будет

проверена несколькими слушателями. Таким образом, формируется группа из слушателей, заинтересованных в тематике курса и своем профессиональном развитии в обозначенной области. Каждый участник получает уникальный шанс расширить свое представление о выбранном предмете и завести интересные и полезные знакомства, получив информацию «из первых рук».

После сдачи работ студенты получают оценку своих знаний практически мгновенно. При этом, каждый получатель онлайн образования имеет возможность пересдать экзамен или переписать тест.

Онлайн обучение проводится преподавателями самой высокой квалификации из самых известных мировых университетов. И каждый студент дистанционного курса имеет возможность пообщаться с ведущим лично.

Сам термин «ореп», зашифрованный в названии МООС, означает «бесплатный», или условно бесплатный. Как правило, за само прослушивание курса и участие в заданиях оплата не взимается. Однако, даже при её наличии, расходы на МООС-курс несравнимы с расходами на очное обучение, и представляют собой символическую плату.

Рынок труда развивается быстрыми темпами. Уже давно появились и стали востребованы специальности, которым до сих пор не обучают в обычных университетах. Курсы, проводимые в режиме онлайн, способны реагировать на изменения рынка молниеносно, предоставляя обучающие программы на злобу дня.

Современные средства связи позволяют оптимизировать подачу информации, сделав ее лаконичной и удобной к восприятию. Короткие видеоролики гораздо лучше принимаются слушателями, чем, к примеру, длинная лекция. Огромный поток повествования, объединенный заданной курсом темой, делится на короткие и хорошо усвояемые порции знаний.

Каждый курс ограничен временными рамками, в которых студент может составить удобный для себя график обучения. Лекцию можно посмотреть позже, или пересмотреть несколько раз, если тема непонятна. Домашнее задание также выполняется в любой удобный промежуток времени и в любом темпе.

Процесс дистанционного обучения предполагает использование самых разных материалов. Дистанционные курсы образования МООС не ограничены видеороликами, они дополняются ссылками на различные источники: текстовые документы, аудиофайлы, обсуждения на форумах и в соц. сетях. Такая система не только повышает восприятие материала, но и развивает способность у слушателей ориентироваться в потоке информации и самостоятельно добывать нужные знания.

Система МООС нацелена на получение знаний исключительно по инициативе слушателя, и предполагает высокую степень самоконтроля и мотивации.

Задача дистанционного образовательного курса – снабдить слушателя всей необходимой информацией для ее самостоятельного освоения. Если в случае с очным образованием студент после лекции или даже в процессе ее чтения может обратиться напрямую к преподавателю, то в рамках МООС данная функция ограничена. Один ведущий не в состоянии ответить на вопросы тысячи слушателей.

Выполнение заданий и итоговая аттестация – целиком и полностью ответственность студента. Обмануть систему не составляет труда, но только слушатель решает, для чего ему необходим сертификат – для профессионального и личностного роста, или же для «галочки».

Для кого подойдет система дистанционного онлайн обучения?

Интернет-курсы открывают доступ к любому виду образования. Вы можете получить высшее образование онлайн в любом университете мира, и стать обладателем подтверждающего сертификата.

Если вы уже имеете высшее образование и хотели бы получить дополнительные знания в выбранной области, то можете дистанционно повысить свою квалификацию.

Если же выбранная вами сфера деятельности не устраивает вас, вы можете пройти переподготовку дистанционно. Тематика онлайн курсов МООС невероятно широка.

Изначально МООС представляли собой сухую копию традиционных университетских курсов – небольшое число участников, обеспечивающее коммуникацию между инструктором и учениками, плата за услугу, а взамен – подтверждающий квалификацию сертификат о прохождении курса. Некоторые вузы на подобных программах выстраивают целые полувиртуальные кампусы. Великобритания, к примеру, объединила все подобные курсы под брендом «OpenUniversity», а Массачусетский технологический университет создал MIT OnlineCourse.

Учебные онлайн-курсы нового поколения, размещенные в открытом доступе в Сети, являются специально подготовленными для МООС-порталов курсами уже не столько от ведущих университетов мира, сколько специальными компаниями-провайдерами образовательного контента при участии интересных и именитых лекторов. И среди них как наиболее крупные проекты на сегодняшний день можно выделить Coursera, Udacity и edX.

Coursera – проект по онлайн-обучению при содействии ведущих мировых университетов, содержит более ста бесплатных курсов, подготовленных преподавателями Принстона, Стэнфорда, Университета Беркли и многих других.

Орта мектепте педагогикалық тәжірибе, өндірістік (дипломалды) тәжірибеден өту барысында өткізілген сабақтарда стандартты емес оқыту түрлерін (бейне сабақ) қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күрт арттыратынын, оқу ақпаратын қабылдау мен өңдеу деңгейі жоғарылағанын көрсетті. Оқушылардың әр түрлі контингенті үшін тәуелсіздік пен тең жағдай материалды меңгеруде оң нәтиже берді, сонымен бірге бейне сабақ үлгермей қалған оқушылар үшін оқыту үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік берді.

Қорыта келе, бейне сабақтар білім беруді ақпараттандырудың перспективалы бағыты болып табылатынын және олардың маңыздылығы одан әрі арта түсетінін атап өткен жөн.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дяченко С.В., Гвоздюкова С.Н. Создание мультимедийных документов: учебное пособие.- Луганск: Книта, 2018. – 112 с.
2. Ваховский Р. Как создать видео урок // URL: <http://wordpress-book.ru/kak-sdelat/kak-sozdat-videourok>
3. Волкова Е.А. Мультимедиа технологии: учебно-методическое пособие. – Нижний Тагил, 2016. – 100 с.

**ӘОЖ 378:004**

### **ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТАЛАПТАРЫНА САЙ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫН ЖАСАУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Сәрсенбек А.Ш., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Ғылыми жетекшісі: Туркменбаев А.Б.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аңдатпа.** Бүгінгі таңда жастарға пәнді ұғындырудың тиімді жолының бірі, білім берудегі заманауи технологиялар негізі болып табылады. Бүгінгі күні

көптеген мультимедиалық технологиялар пайдаланылуда, соның ішінде мақалада электронды оқу құралында пайдаланылатын батырманьқұру мүмкіндіктері қарастырылады. Электрондыоқыту жүйесі білім берудің жалпы деңгейін қамтамасыз ететін жалпыжүйелік әдістемені айқындайтын жаңа бағыт.

**Түйінді сөздер:** электронды оқулық, ақпараттық технология, батырма, мультимедиа.

Қазіргі кезеңдерде негізгі мәселелердің бірі – оқыту үдерісінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану болып табылады. Қазіргі уақытта көптеген ғылыми басылымдарда электрондық басылым, электронды оқулық, электронды оқу құралы термині жиі пайдаланылады. Қазіргі таңда электронды оқулық оқытудың барлық жүйелерінің ішінде алғашқы қатарда. Бұл дәстүрлі оқыту түрін жоққа шығару емес, керісінше, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқытудың жаңа түрлерімен толықтыру қажеттілігін негіздейді. Ақпараттық технологияларсыз оқыту тиімділігін арттыру, бәсекеге қабілетті оқу орны қатарына қосылу мүмкін емес.

ЖОО-да мамандарды даярлау сапасы оқу үдерісінің ұйымдастырылуына, оның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне тікелей байланысты. Мамандықтың пәндерін оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру үшін білім беруге бағдарланған электронды оқыту басылымдары, соның ішінде цифрлық білім беру ресурстары кеңінен қолданылуда.

Білім беру үдерісінде электронды оқулықты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үдерісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Білім алушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік тапсырмаларды тез орындау мүмкіндіктері артады. Дыбыстық, графикалық, видео, мультимедиа, гипертекстік элементтермен қашықтықтан компьютерлік оқытудың мүмкіндігі пайда болады. Білім талабына сай электронды оқу құралдарын құру қажет.

Осы орайда, ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қарқынмен дамып, күнделікті тұрмысқа енуіне байланысты соңғы кездері WEB беттерін, электронды оқулықтарды құруға деген қызығушылықтың арта түскені белгілі. Қазіргі уақытта осы мақсатта пайдаланылатын қуатты технологиялардың бірі - Flash технологиясы болып табылады. Flash технологиясы алдыңғы кезекте бейнелерді анимациялау үшін кеңінен қолданылатын, білім беру саласында электронды оқу құралдарын жасауда, сонымен қатар, күрделі интерактивті схемалар навигациясын, динамикалық WEB түйіндерді, мультисериалдарды, ойындарды, музыкалық видео ойнатқыштарды құру үшін жиі пайдаланылады. Flash-те жасалған қосымшалардың көлемі аз болады [1].

Flash технологиясытөмендегі сапаларға ие: жинақтылық – векторлық графиканы пайдаланғандықтан тез жүктеледі; интерактивтілік – қолданушы Flash-фильмдерді өздігінше басқара алады; мультимедиялық – ғаламторға және фильмде ақпаратты визуалдаудың стандартты құралдары үшін қол жетпес дыбыстық эффектілер, видеолар құрастырылады; көпсалалығы –қарапайым үй парақтары сияқты арнаулы серверлерде орындалуы мүмкін; қолайлылық – компьютермен жұмыс істей алатын кез-келген адамға Flash технологиясының негізі түсінікті, себебі бұл бағдарламамен жұмыс істеу жеңіл[2].

Бүгінгі таңда мұндай технологияларға білім алушылардың, тіпті жалпы пайдаланушылардың сұранысы арта түсуде.Ең қарапайым басқару элементі батырма болып табылады. Мысал ретінде төмендегідей қасиеттерге ие болатын батырма құруды қарастырайық: егер тышқанның көрсеткіші батырмадан тыс жерде болса, оның түсі фонның деңгейінде болады; егер тышқанның көрсеткіші батырманың үстінде тұрса, онда батырма фонның үстінде және оның түсі жанып тұрғандай болады [3].

Алдымен Flash бағдарламасын іске қосамыз. Пайда болған терезедегі Create New (Құру) топтамасына кіретін тізімдерден Flash Document (Flash құжат) тізіміне меңзерді (тышқан көрсеткішін) апарып, тышқанның сол жақ батырмасын басыңыз. Нәтижесінде экранда жаңа фильм терезесі ашылады.

Бағдарлама іске қосылғаннан кейін қабаттың (Layer1) үстіне меңзерді апарып, тышқан батырмасының оң жағын басамыз. Ашылған контекстік мәзірден Properties (Қасиеттер) командасын таңдаймыз. Ашылған сұхбат терезеден қабаттың атын «Фон» деп өзгертеміз. Фон бетіне File → Import → Import to Stage (Файл → Импорттау → Сахнаны импорттау) командаларының көмегімен векторлық, растрлық бейнелерді, суреттерді импорттауға және орналастыруға болады.

Уақыт шкаласындағы Insert Layer (Қабат құру) батырмасы көмегімен екінші қабат құрып, жоғарыдағы тәсіл арқылы оның атын «Батырма» деп өзгертеміз.

«Батырма» қабатына Саймандар тақтасындағы Tools (Құралдар) тобынан Rectangle Tool (Төртбұрыш) құралын және Collors (Түстер) саймандар тобынан Fill Color (Толтыру түсі) палитрасынан боялатын түсті таңдап, Options (Параметрлер) тобынан «Бұрыш радиусын» орнату құралын таңдаймыз. Сол кезде «Свойства прямоугольника» атты сұхбат терезе шығады. Онда радиус бұрышының өрісіне 45 санын пернетақтадан енгізіп, экран бетіне батырма құрамыз.

Саймандартақтасындағы Text Tool (Мәтін)құралы арқылы, батырма бетіне «Теория» сөзін жазамыз.

Мәтіннің типі объектілер инспекторы терезесінің көмегімен беріледі. Оны экранға шақыру үшін Window → Properties (Терезе → Қасиеттер) командасын орындау қажет. Нәтижесінде «Қасиеттер» терезесі ашылады. Text type ашылатын тізімінің опциялары мәтіннің типін анықтауға мүмкіндік береді. Ал, Properties панелі мәтіннің әрбір түріне қажетті параметрлер жиынтығын береді.

Arrow Tool (Көрсеткіш) құралын таңдап, құрған батырмамыздың үстінен екі рет үздіксіз шерту арқылы ерекшелеп белгілейміз, Modify → Convert to Symbol (Өзгерту → Символға түрлендіру) командасы немесе пернетақтадан F8 функционалдық батырмасы арқылы таңдалған графикалық объектіні символға түрлендіреміз. Сонда символдың аты мен типін көрсетуге болатын сұхбат терезе шығады. Аты деген өріске «Батырма», ал типін Button (Батырма) етіп, ОК батырмасын басамыз. Осы кезде біздің батырмамыз автоматты түрде Кітапханаға келеді.

Батырманың үстінен тышқанның сол жақ батырмасын екі рет үздіксіз басамыз, сол кезде уақыт шкаласының түрі суреттегідей болады, яғни төрт кадр пайда болады: Up (Вверх), Over (Над), Down (Вниз), Hit (Нажатие).

Hit кадрына барып тышқанның оң жақ батырмасын басамыз, ашылған контекстік мәзірден Insert Keyframe (Кілттік кадр қою) командасын таңдаймыз немесе пернетақтадан F6 функционалдық батырмасын басамыз.

Уақыт шкаласының жоғары жағындағы Scene1-ді (Сцена1) таңдап, Windows (Терезе) мәзірінен Behaviors (Компонент инспекторы) командасын таңдаймыз немесе пернетақтадан Shift+F3 батырмаларын қатарынан басамыз. Ашылған сұхбат терезеден Add Behavior батырмасын басып, Web → Go To Web Page (Web → Web-бетіне өту) командасын орындаймыз.

Осы кезде ашылған Go to URL (URL-адреске көшу) сұхбат терезесіндегі URL өрісіне URL-адресі, яғни, Word бағдарламасы арқылы дайындаған құжатымыздың типін htm етіп сақтап, оның адресін осы жолға жазамыз. Ал, ашылатын құжат жаңа терезеде ашылуы үшін төменгі Open in ашылмалы тізімдерінен «Blank» командасын таңдаймыз, сосын Ok батырмасын басамыз. Егер өріске WEB-бетінің адресі немесе файл енгізілсе, онда бұл мәтін гиперсілтемеге айналады.

Осы әрекеттерді орындағаннан кейін, Control → Test Scene командасын орындаймыз. Бұл командалар тізбегі екпінді сахнаны SWF форматындағы фильм ретінде сақтап, программаны фильмді жүргізу режиміне көшіріп, фильмді ойнатуға жібереді.

Білім алушыларға заман талабына сай сапалы білім беруде электронды оқу құралдарын оқу үдерісінде пайдалану оқытушылардың білім алушыларға білім беру ұстанымын қалыптастыруға, әлемдік білім кеңістігіне еркін енуіне, желілік шығармашылық қоғам арқылы тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Халықова Г.З., Кеңесбаев С.М., Мафухаева Р.М. Macromedia Flash технологиясы: Оқу құралы. – Алматы, 2016. – 250 б.
2. Халықова Г. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары // Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. Шымкент, 2004. - Б. 469.
3. Владимир Дронов Macromedia Flash Professional 8. Графика и анимация. - Издательство «БХВ-Петербург», 2006. – 492 с.

**ӘОЖ 371.3:53**

### **БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ІЗДЕНІМПАЗДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ОҚУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

**Демегенов Б.Д., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Ғылыми жетекшісі: Туркменбаев А.Б.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ**

**Аңдатпа.** Оқу экспериментін көріп және жасау кезінде білім алушылар ғылыми зерттеу әдісі туралы түсінік алады. Оқу эксперименті деп арнаулы құрал-жабдықтардың көмегімен сабақта табиғаттағы құбылысты немесе заңдылықты қайтадан көз алдына әкелу. Сондықтан да ол бір мезгілде білім берудің көзі, әрі оқыту әдісі және көрнекілік болып табылады.

**Түйінді сөздер:** оқу эксперименті, таным, физика, құбылыстар, процестер.

Эксперимент - таным әдістерінің бірі, ол жаратылыстану ғылымдары саласында алатын білімдердің көзі және табиғаттағы құбылыстарды зерттеудің әдісі.

Эксперимент табиғаттағы құбылыстарды зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін жаңа жағдайлар жасаумен оларға белсене ықпал ету арқылы немесе процестің барысын қажетті бағытта өзгерту арқылы зерттеу.

Эксперимент зерттеу нысанын бөліп алуды, оған қажетті жағдайлар жасауды, бөгет болатын барлық факторларды жоюды, нысанаға ықпал ету көздерін немесе шарттарын, тиісті техникалық құрылғыларды қолданып бақылау және өлшеу әдістерін қамтиды. Эксперимент танымның сапалық жаңа деңгейі болып табылады. Ол ойдың құбылыстар арқылы заңдардың мәнісін түсінуге, оларды неғұрлым терең танып-білуге жол ашады.

Эксперименттің ерекшелігі - зерттеліп жатқан объектіге адамның, зерттеушінің тікелей әсер етіп, ондағы процестерге араласуы. Зерттеуші объектіні әр түрлі кездейсоқ жағдайлардан оқшаулап алып, бөліп қарауы мүмкін, қажет болған жағдайда экспериментті әлденеше рет қайталауға да болады.

Жаратылыстану курстарындағы эксперимент - бұл жаратылыстану ғылымдарына тән, ғылыми зерттеу әдісінің көрінісі. Оқу экспериментін негізге алып, табиғаттағы құбылыстарды оқып үйрену - білім алушылардың ғылыми көзқарасы мен дүниетанымының қалыптасуын, табиғаттағы заңдарды неғұрлым тереңірек меңгеруін, жаратылыстану пәндерін оқып-үйренуде қызығушылығын арттыруға және өлшеу ікемділіктері мен дағдыларын меңгеруге себін тигізеді.

Сабақта эксперименттерді демонстрациялау, олардың кейбіреулерін кино және теледидар, компьютер арқылы көрсету, білім алушылардың зертханалық жұмыстар жасауы, мектептегі эксперименттік оқыту әдісінің негізі болып табылады.

Дұрыс ұйымдастырылған оқу экспериментінің тәрбиелік мәні зор, ол білім алушыларды алдына қойған мақсатқа жетуге, жұмыста ұқыптылыққа, қарастырып

отырған құбылысты бақылауға және одан қорытынды шығаруға, оның негізгі белгілерін бөліп ала білуге және т.б. үйретеді.

Білім алушыларға терең де нақты білім беру үшін, оларда практикалық ебдейліктер мен дағдыларды қалыптастыру кезінде әртүрлі оқу экспериментін қолданып, ауыстырып отыру қажет.

Қазіргі кезде жаратылыстану пәндері бойынша оқу экспериментінің жүйесі қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін, оқу эксперименті белгілі жағдайларға байланысты:

- оқу бағдарламасындағы оқыту мазмұнына байланысты (мұнда білім алушылар игеретін дағды мен икемділіктер де бар);

- сабақтың түріне, барлық білім алушылармен бір мезгілде өтуіне;

- зертханалық кабинеттердің жабдыкталу тәуелділігіне қарай жүйелеп топқа бөлуге болады [1].

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, оқу экспериментін оқытушы мен білім алушылардың іс-қимылдарына, мақсатына байланысты жүйелеуге болады. Осыған байланысты қазіргі кезде оқу экспериментін төрт жүйе құраушы бөлікке бөлуге болады: фронталь зертханалық жұмыстар мен бақылаулар; практикум; сабақтан тыс тәжірибелер мен бақылаулар; білім алушылардың сыныпта орындайтын зертханалық жұмыстары.

Құбылыстарды және заңдарды оқып үйренгенде білім алушының ой-өрісіне оқытушының сөзімен ұштастыра жасалатын оқу эксперимент ғылыми ұғымдардың ойдағыдай қалыптасуындағы маңызды шарттардың бірі.

Жаратылыстану пәндерін оқыту технологиясында көптеген эксперименттер бар. Осы эксперименттерді қалай таңдауға болады? Таңдап алған эксперимент алдыңғы сабақта алынған эксперименттерге логикалық түрде байланысқан болу керек. Эксперименттің саны аз және жаңа сабақты түсіндіруге немесе бекітуге, айтылған теориялық материалдарды қорытындылауға арналған болуы қажет.

Оқу экспериментіне қойылатын негізгі педагогикалық талаптар:

- білім алушылар көрсетілген экспериментті түсінуге дайын болу керек;

- демонстрациялық экспериментте керекті құрал-жабдықтар мүмкіндігінше қарапайым болу керек;

- эксперимент барлық білім алушыларға жақсы көрінуі тиіс;

- экспериментті көрсету қарқыны материалды ауызша баяндау қарқынына және оны білім алушылардың қабылдау жылдамдығына сәйкес болуы керек;

- оқу эксперименттері айқын болуы керек;

- экспериментке мүмкіндігінше мүдірмей жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды бірнеше рет алдын-ала жасап көріп, таңдау керек;

- қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарға сай болуы керек.

Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісіне оқу эксперименттерін енгізу теория мен практиканы байланыстырушы ретінде қарастырылады. Оларды орындау білім алушылардың эксперименттік және практикалық ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, білім алушылардың танымдық қабілеттерін, әрі белсенділігі мен өз бетімен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Алайда кез-келген оқу экспериментін өткізуде бұл мақсаттар орындала бермейді. Егер білім алушылар оқытушының толық, нақты түсіндіруінен кейін, тек көрсетілген іс-қимылдарды қайталайтын болса, оларда қарапайым ебдейліктер мен дағдылар қалыптасады. Мысалы, білім алушылар электр шамынан өтетін ток күшін есептейтін электр сызбасын оқытушы демонстрациялық үстелде көрсетіп бергендей жинайды. Эксперименттік жұмыстың осы тәрізді орындалуында олар біршама икемдіктер мен дағдылар алады, бірақ жалпылама сипаттағы ебдейліктер қалыптаспайды және өздері әрекет етуге үйренбейді. Эксперименттің бұлай өткізілуі олардың білімділік және тәрбиелік мәнін төмендетеді [2].

Оқытушы эксперименттік тәжірибені өткізу технологиясын мұқият талқылап, білім алушыларға оны өз бетінше және ықыласпен орындауға мүмкіндік беруі керек, тек

сонда ғана ол білім алушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыза алады.

Білім алушылардың берілген нұсқаумен өз бетінше, дұрыс жұмыс істей алуы, құралдардың төлқұжаты бойынша оның қалыпты жұмыс тәртібін анықтай алуы, өзінің жұмыс орнын дұрыс пайдалануы, оқу тапсырмасы бойынша жұмысты ыңғайлы жоспарлауы, қойылған мәселені тиімді жолмен шешуі, орындалған эксперименттердің нәтижелерін дұрыс жазуы және оны түсіндіруі, қорытындылауы - жұмыс дұрыс ұйымдастырылғанда мүмкін болады.

Оқу экспериментін өткізуді мақсаты мен мазмұнына байланысты әр түрлі ұйымдастыруға болады. Оның кең тараған сценарийі мынадай: кіріспе, әңгіме, экспериментті білім алушылардың жасауы және өлшеу нәтижелерін дәптерлеріне (көбінесе кесте түрінде) жазуы, істелген жұмыстың қорытындысын шығару.

Оқу эксперименттерінің орындалуына әр түрлі мақсаттар қойылады [3]:

1) Практикалық сипаттағы қарапайым икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру. Бұл мақсатта орындалатын эксперименттерді топтың барлық білім алушылары жұмысты бір тақырыпқа орындайды және бірдей жабдықтарды пайдаланады. Жоғарғы сынып оқушыларына оқу бағдарламасы бойынша көзделген эксперименттер осындай тәсілмен өткізілуге есептелген. Ол бүкіл сабақ бойынша есептелген, ұзартылған және 5-10 минутқа есептелген қысқа уақытты болуы мүмкін.

Сабақта шамалы ғана уақыт ала отырып, оқытушының басшылығымен жүргізілетін мұндай жұмыстар жаратылыстану пәндерін оқытудың тиімділігін арттырады. Мұнда оқытушы ауызша кеңес береді және жұмыстың кейбір қиын жерлерін көрсетеді, тақтаға қажетті сурет, сұлба болса салады, алынған нәтижелерді талдауды ұйымдастырады.

2) Білім алушыларда күрделірек практикалық сипаттағы ебдейліктер мен дағдыларды қалыптастыру. Бұл мақсатта орындалатын оқу эксперименттерінде бірнеше шамаларды тура өлшеу негізінде басқа шамаларды жанама әдістермен анықтау жатады. Сондықтан мұндай эксперименттік жұмыстарды орындау білім алушылардан теориялық білімдерін қолдануды талап етеді. Оларды орындау барысында мынадай дидактикалық мәселелер де шешіледі: білімді (ұғымдарды, заңдарды) нақтылау, оларды практикада қолдана білу ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

3) Оқу эксперименттерін білім алушылардың өздері орындауы арқылы олардың танымдық ізденімпаздығы мен эксперименттік ебдейліктері мен дағдыларын қалыптастыру. Бұл мақсаттағы эксперименттерді бірінші және екінші мақсаттағы эксперименттермен салыстырғанда толықтай ғылыми эксперименттік жұмыстарға жатқызуға болады.

Жаратылыстану пәндерін оқыту үдерісі барысында оқу эксперименттерінің түрлерін үйлесімді қолданған дұрыс. Білім алушылардың ғылыми зерттеу элементтері бар эксперименттерді қарапайым ебдейліктері қалыптасқаннан кейін ғана орындай алатындығын ескеру керек. Мұндай ебдейліктер бірінші және екінші түрдегі зертханалық жұмыстарды орындауда қалыптасады. Сондықтан оқытушы олардың өткізілуіне көп көңіл бөлу керек. Оқу үдерісіне зерттеу сипатындағы эксперименттерді енгізіп, оларды көбінесе білім алушылардың өздері орындауын қадағалау қажет.

Білім алушылар орындайтын әрбір эксперимент олардың алған білімдерін тереңдетуге, нақтылауға және практикада қолдана білуге негізделеді. Оған қоса әрбір экспериментті орындағанда білім алушылар жана бір нәрсені білуге ұмтылуы тиіс: шамаларды өлшеудің тиімді әдісін қолдану; олардың басқа шамалармен жана тәуелділігін орнату; бір шаманы өлшеуді келесі бір өлшеуге ауыстыру ебдейлігін жүзеге асыру және тағы басқалар.

Нақтырақ айтқанда, білім алушылар экспериментті орындағанда бұрынғы өздері білетін тәсілдерді қолдану арқылы, ертеректе меңгерген әдістерін жетілдіреді. Білім алушылардың эксперимент кезіндегі іс-әрекетіндегі жүйелі түрде жүргізілетін мұндай

жұмыстар, олардың танымдық ізденімпаздығын, ойлауы мен шығармашылық қабілеттілігін дамытуға көмектеседі. Оқу экспериментінің барысында білім алушылардың тапсырманы өз бетімен орындауы және белсенді түрде атқаруы – оның мақсаты мен міндеттерін толық түсінуінің алғы шарты болып табылады. Егер білім алушы не істеу керектігін анық білетін болса, онда экспериментті орындау жолдарын табандылықпен іздейді.

Оқу экспериментінің күрделілік дәрежесін ескере отырып, оларды орындау кезінде білім алушыларда қалыптасатын танымдық ізденімпаздықтың деңгейлерін анықтауға болады.

I деңгей. 4-5 сыныптарда дүниетану пәнінде: эксперименттің мақсатын, оның мәселелерін мұғалім айтады; эксперименттің орындалу шарттарын оқушы ойламайды; экспериментті мұғалім өзі орындайды. Оқушылар қарапайым құралдармен жұмыс істей алу ебдейліктерін игереді. Эксперимент қорытындысын мұғалімнің жетекшілігімен жасайды.

6 сыныпта биология және география пәндерінде: оқушылар өлшеу нәтижелерін жазудың қарапайым әдістерін, өлшеу құралдарымен жұмыс істеу ебдейліктерін игереді.

II деңгей. 7-8 сыныптарда физика және химия пәндерінде: оқушылар экспериментті қалай жасауға болатынын ойланады, бірақ оларды өздері анықтай алмайды. Олар экспериментте негіз болатын болжауды тұжырымдауды мұғалім сұраған кезде біраз қиналады; эксперимент жоспарын оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен құрады немесе оны оқытушы дайын күйінде береді; эксперименттің жоспарына сәйкес өлшеулер мен есептеулерді оқушылар өздері жүргізеді. Эксперименттер қорытындыларын да олар өздері тұжырымдайды.

III деңгей. 9 сыныпта физика және химия, биология пәндерінде эксперимент негізі болатын болжамымен эксперимент мақсатын айтудан басқа, барлық іс-қимылдарды оқушылар өздері орындайды. Олардың әрекеті бұл жағдайда қандай да бір деңгейде зерттеушілік сипатта болады.

IV деңгей. 10-11 сыныптарда физика және химия, биология пәндерінде оқушылар жалпы эксперимент құрылымын түсінеді, оны саналы түрде жүзеге асыруға тырысады. Олар мыналарды өздері жүзеге асыра алады:

- а) эксперимент негізіне қойылатын болжам мен эксперимент мақсатын айқындау;
- ә) болжамға сәйкес экспериментті жасауға қажетті шарттарды анықтау;
- б) экспериментке қажетті құралдар мен материалдарды таңдау;
- в) экспериментті орындау жоспарын жасау және оған сәйкес бақылау, өлшеу және есептеу жүргізу;
- г) алынған мәліметтерге талдау жүргізу және эксперимент қорытындыларын айту.

Бұл жағдайларда білім алушылардың әрекеті көбінесе ізденімпаздық, шығармашылық, зерттеушілік сипатта болады. Зерттеулер көрсеткендей, қарастырып өткен танымдық ізденімпаздықтың қалыптасуының жоғары дәрежесіне жетуге жаратылыстану циклындағы физика, биология, география, химия пәндерін оқытуда, қалыптастырудың бірдей жолын (оқу эксперименті арқылы) қолдануға болады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иванова Л.А. Активизация познавательной деятельности учащихся при изучении физики. - М.: Просвещение, 2006. – 186 с.
2. Щукина Г.И. Активизация познавательной деятельности учащихся в учебном процессе. М.: Просвещение, 2008. - 208 с.
3. Каринкин Н.М. Учебный эксперимент по физике. - Москва, 2010. - 127 с.

## СЕМИНАРСКИЕ ЗАНЯТИЯ ОДНА ИЗ ФОРМ АКТИВИЗАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБУЧАЮЩИХСЯ

**Мамбетов О.К., студент, КГУТИ имени Ш. Есенова, г. Актау**  
**Научный руководитель: Туркменбаев А.Б.**  
**КГУТИ имени Ш. Есенова, г. Актау**

**Аннотация.** Одной из активных форм учебных занятий являются семинары, они используются при преподавании всех учебных дисциплин. Как правило, они строятся на основе живого творческого обсуждения, товарищеской дискуссии по рассматриваемой тематике. В действительности, как указывают многие педагоги, основным недостатком семинарских занятий в настоящее время заключается в пассивности слушателей, создания видимости активности, путем предварительного распределения вопросов и выступлений, отсутствие подлинно творческой дискуссии. Семинар позволяет активизировать познавательную и эмоциональную деятельность обучающихся, раскрывать их творческий потенциал.

**Ключевые слова:** физика, семинарские занятия, познавательная деятельность, научные мировоззрения.

В настоящее время перед школой Казахстана стоит задача дать учащимся не только определенную систему знаний, но и найти наиболее действенные формы и методы обучения, главным образом такие, которые активизируют познавательную деятельность учащихся, их инициативу и самостоятельность. Одной из таких форм являются семинары, которые могут успешно проводиться в старших классах.

Под семинарскими занятиями в средней школе мы понимаем такую форму организации деятельности учащихся, при которой они самостоятельно работают с фактическим материалом (анализируют его, вычленивают главное, делают обобщение и выводы, конкретизируют уже известные понятия и т. д.) и где проведенная работа подвергается коллективному обсуждению и коллективной оценке. Деятельность учащихся в процессе подготовки и проведения семинарских занятий протекает в соответствии с их индивидуальными особенностями.

Практикуя семинары по физике в старших классах в течение ряда лет, мы убедились, что самостоятельная работа учащихся, организованная в форме семинарских занятий, способствует эффективному воспитанию у учащихся научного мировоззрения. Выводы мировоззренческого характера на семинарах опираются на большое количество фактов, с которыми учащиеся знакомятся в процессе работы с дополнительной учебной и научно-популярной литературой.

Проводя семинары, мы ставили одной из задач выяснить влияние этой формы учебной работы на активизацию познавательной деятельности учащихся, и в первую очередь, на активизацию мышления.

Семинарские занятия содействуют активизации основных мыслительных операций: анализа и синтеза, абстракции и конкретизации. На семинарских занятиях ученики учатся логически, доказательно излагать свои мысли, критически оценивать чужие. На семинарах вывод - плод работы самих учащихся, он критически обсуждается (чего, как правило, не бывает, когда вывод сделан учителем)[1].

Анализ материалов, полученных в результате экспериментальной проверки методических разработок семинарских занятий в выпускном классе средней школы, показывает, что в процессе их подготовки и проведении учащиеся упражняются в приемах и методах выполнения мыслительных операций, у них возникает потребность использовать эти приемы, стремление рационализировать известные, найти

новые. Известно, что развитие мышления реализуется прежде всего при формировании понятий.

При подготовке к семинарским занятиям учащиеся анализируют рекомендованную литературу (отбирают нужные статьи и брошюры, выделяют то, что связано с изучаемой темой и конкретным вопросом, рассматривая отдельный вопрос - расчленяют его на отдельные пункты и т.д.), анализируют ответы товарищей. Операция синтеза, наряду с анализом, осуществляется при составлении рефератов, докладов и высказывании суждений. Анализ и синтез совершенствуются, когда учащиеся самостоятельно вычленили признаки понятий, определяют их, включают в систему, активно устанавливают причинно-следственные связи, осуществляют в процессе работы другие мыслительные операции (конкретизацию, абстракцию, сравнение). Умения анализировать и синтезировать заметно растут от одного семинара к другому. Это особенно ярко проявлялось в выступлениях учащихся - «оппонентов» и при обсуждении докладов и сообщений. Здесь вначале преобладали пробный и элементарный анализ и синтез, затем комплексный и, наконец, системный, полный.

Если на первых семинарах выступающие отмечали лишь отдельные, часто несущественные недостатки докладов, сообщений, то на последних оценка обосновалась и давалась в определенной системе.

При подготовке к семинару у учащихся развиваются навыки и умения самостоятельной работы. Прежде всего, учащиеся тренируются в работе с литературой, начиная со знакомства с каталогами, периодическими изданиями, справочниками и т.д. Затем они работают с несколькими источниками, учатся выбирать главное, составлять план выступления, доклада, реферата. Написать сам доклад или реферат логично, четко, сделать заключения, аргументировать его. Семинарские занятия дают возможность обучить школьников писать рецензии и саморецензии на составленные рефераты и доклады[2].

Если вначале при подготовке доклада, выступления, сообщения учащиеся использовали всего один или два литературных источника, причем переписывали отдельные куски текста дословно, так как не были в состоянии ни проанализировать, ни систематизировать материал на должном уровне, тем более сделать обобщения. С развитием системного анализа и синтеза увеличивалось не только количество использованных источников, но они уже не переписывались дословно, а излагались логически связано на основе развития анализа и синтеза у учащихся развивается такая мыслительная операция, как обобщение. Учащиеся переходили от механического сокращения текста к обобщению некоторых частей и сокращению других и, наконец, к обобщенному изложению. Кроме обобщения учебного материала, учащиеся на семинарских занятиях упражняются и в обобщении связей и отношений, выведении общих закономерностей.

Наряду с обобщением, у учащихся развивается конкретизация. На первых семинарах учащиеся иллюстрировали понятия и законы лишь частично, применяли законы лишь к случаям, рассмотренным в классе или указанным в учебнике. Например, указывали, что электрический ток есть физическая форма движения материи, что в вентильных полупроводниках, энергия лишь превращается из одного вида в другой и т.д. На заключительных семинарах в конце учебного года большинство учащихся экспериментальных классов применяли знания для объяснения новых случаев. Например, говоря о поле, отмечали, что оно обладает определенной энергией, массой и количеством движения, что поле подобно веществу имеет прерывистый, дискретный характер и вместе с тем в отличие от вещества может неограниченно распространяться в пространстве; сопоставляли особенности движения поля и вещества и др.

На семинарах учащиеся упражняются в установлении причинно-следственных связей. Так, например, ученики отмечали при проведении семинаров по разделу «Электричество», что закон Ома справедлив в случае, когда концентрация носителей тока

постоянна и не зависит от напряженности электрического поля, а средняя скорость их упорядоченного движения пропорциональна напряженности поля. Это имеет место в металлах и электролитах, но не всегда наблюдается в случае проводимости газов. Отмечались взаимнообратные процессы: действие магнитного поля на проводник с током и возникновение индукционного тока в проводнике, движущемся в магнитном поле; обратимость генератора и электродвигателя постоянного тока и др.

На семинарах учащимся представляется большая возможность в построении разного рода объяснений и доказательств. В результате упражнений количество самостоятельных объяснений и доказательств растет от первого семинара к заключительному.

Семинарские занятия по физике в старших классах могут включать и элементы научного исследования: постановку проблемы, выдвижение гипотезы, проведение опыта-доказательства, выводы на основании эксперимента [3]. Чтобы выяснить, могут ли старшеклассники ставить проблемы по отдельным не изученным еще темам программы, на уроке повторения перед знакомством с новым материалом раздавали карточки, на которых было написано: «На какие вопросы вы хотели бы получить ответ при изучении темы, например, «Электрический ток в металлах. Законы постоянного тока». Анализ, полученных данных показал, что около 30% учащихся поставили интересные вопросы. Много вопросов на подсчет сопротивлений сложных соединений (типа: найти сопротивление проволочного куба); часто задают вопрос: «Можно ли вывести закон Ома математически, всегда ли он справедлив?», «В чем заключаются законы Кирхгофа? Как объяснить большую скорость распространения тока в металлах?», «Одинакова ли скорость движения электронов в металлах, от чего она зависит?», «В чем состоят основные положения электронной теории металлов?» и другие. Выдвинутые учащимися проблемы затем в определенной степени рассматривались на семинарах. Понятно, что выработка умения ставить проблемы имеет важное значение не только в процессе изучения школьного курса, но и во всей дальнейшей деятельности учащихся.

Для выяснения, в какой степени учащиеся могут выдвигать гипотезы при решении того или иного вопроса, мы давали возможность учащимся в конце урока письменно изложить свои предположения. Например, предлагались вопросы (они были написаны на карточках и раздавались учащимся). Известно, что нельзя бесконечно заряжать какое-либо тело и что после того, как заряд на теле достигает некоторой максимальной величины, зависящей от размера и формы тела и от свойств окружающей среды, дальнейшего увеличения заряда добиться невозможно. Как это объяснить? Как ваше объяснение подтвердить опытом? Или, известно, что электропроводность металлических проводников обусловлена наличием свободных электронов. Как можно было бы подтвердить это опытным путем?

На последующем семинарском занятии разбирались те из работ, в которых выдвигалась верная гипотеза. Семинары приучают учащихся к культуре научного спора. Семинары дают возможность осуществить индивидуальный подход к учащимся. Индивидуальные задания нужны не только слабым, но и сильным ученикам. При подготовке и проведении семинаров в старших классах можно создать такие условия, при которых все учащиеся работают по своим способностям. Каждому ученику можно дать работу «на пределе трудности».

Семинарские занятия являются одной из лучших форм коллективной работы, когда учащиеся как бы заражают друг друга умственным возбуждением, возникают общий интерес, дискуссии, каждый следит за столкновением мнений, старается определить собственную точку зрения. Проведенные наблюдения и педагогический эксперимент показывают, что семинарские занятия в старших классах могут служить одной из эффективных форм активизации познавательной деятельности.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Матюшкин А.М. Развитие творческой активности школьников.- М.: «Педагогика», 2001. – 106 с.
2. Литранович Ж.Т., Землянова В.Д. Развитие познавательной активности и творческих способностей учащихся в контексте современных образовательных технологий//Педагогический альманах, 2002, № 1. – С. 28-31.
3. Усова А.В., Вологодская З.А. Самостоятельная работа учащихся по физике в средней школе. - М.: «Просвещение», 2006. – 176 с.

ӘОЖ 372.853

### ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДА КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Ізбасханова А.Ғ. , студент, Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы  
Ғылыми жетекші: Туркменбаев А.Б.  
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа.** Мақалада физикалық құбылыстарды компьютерлік модельдеу мүмкіндіктері туралы сөз қозғалады. Компьютер көмегімен физикалық процесті модельдеуге, эксперименттік зерттеулер жүргізуге, эксперименттерді құралдармен жасау қиын немесе мүмкін емес жағдайларда зертханалық практикумдарды өткізуге болатындығы қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** білім беру, компьютерлік модельдеу, ядролық реакция, тізбекті реакция, нейтрон.

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі – адам қызметінің барлық жақтарынан дер кезінде және толық мәлімет алып отыруға, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге, білім беру мазмұнын ізгілендіруге мүмкіндік беретін ақпараттандырудың маңыздылығымен ерекшеленеді.

Білім беруді жетілдірудің ең негізгі бағыттарының бірі – оқыту үдерісін жан-жақты және жүйелі түрде компьютерлендіру. Оқыту үдерісін компьютерлендірудің, соның ішінде физика курсына қатынасын атап көрсетуге болады. Физиканы оқыту үдерісін компьютерлендіруді түрлі жолдармен жүзеге асыруға болады. Соның бірі қазіргі буынғы компьютерлік техника мүмкіндіктерін физикалық құбылыстар мен процестерді компьютерлік модельдеуде кеңінен пайдалану.

Физикалық құбылыстар мен процестерді модельдеуде компьютерді пайдаланудың маңыздылығы туралы пікір педагогика ғылымында берік орнықты.

Н.Б. Розова «оқу үдерісіне компьютерді енгізуге байланысты көптеген ғылыми дүниетаным әдістерінің, әсіресе модельдеу әдісінің мүмкіншіліктері бірден артады, модельдеу кезінде құбылыстың мәні ерекше айрықшаланып, олардың бірлігі нақтылана түсетіндіктен, бұл оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік туғызады деп көрсетеді [1].

Физикалық құбылыстардың компьютерлік модельдерін пайдаланып оқыту оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, білім алушыларды физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін толық түсіндіруге, білім алушыларға білім беру жүйесі мен ғылыми, зерттеу әдістері арасындағы тығыз байланыстардан хабардар етуге мүмкіндік береді [2].

Яғни, компьютердің физика пәнін оқытуға берер көмегі көп. Осы ойымызды дәлелдеу үшін жаңа теориялық материалды (физикалық құбылыстарды) түсіндіру барысында компьютерлік модельдерді қолдану арқылы өткізілген кезекті сабақ барысынан

мысал келтірейік. Сабақтың тақырыбы: Ядролық реакциялар. Ядролық реакция тақырыбындағы атом ядроларының элементар бөлшектермен өзара әсерлесу кезінде болатын реакцияның компьютерлік моделін қарастырайық. Бұл реакцияның механизмін тек қана мультипликация арқылы көрсетуге болады. Оқытушының құбылысты ауызша баяндауын компьютерлік модельмен байланыстыру өте ыңғайлы болады.

Ядролық реакцияны алғаш рет 1919 жылы Э. Резерфорд жүзеге асырған. Ол азот атомының ядросын альфа-бөлшектермен атқылау нәтижесінде оттегі изотопы мен протонды алды. Осы ядролық реакцияны алу үшін пайдаланылған қондырғының моделі компьютер мониториянда көрсетілген (Сурет 1).

Камерада (А) альфа-бөлшектер шығаратын радиоактивті зат бар. Бұл бөлшектер экранға (F) тиіп, микроскоп (M) арқылы бақыланатын сцинтилляция туғызады. Экранның алдына альфа-бөлшектер өтіп кетпейтіндей, экранда сцинтилляция туғызбайтындай, қалың метал пластинка (S) қойылған.

Егер камераны 1-ші батырманы шерту арқылы оттегіне толтырып, 3-ші батырманы шерту арқылы іске қосатын болсақ, онда экранда сцинтилляция болмайтыны байқалады.

Егер оттегінің орнына 2-ші батырманы шерту арқылы азот алынып, 3-ші батырманы шерту арқылы іске қосатын болсақ, онда сцинтилляция байқалады.



Сурет 1. Ядролық реакция

Тәжірибедегі бөлшектердің магнит өрісінде бұрылуы олардың оң заряды бар екенін көрсетеді. Камерада протондардың пайда болуын былай түсіндіруге болады: азот атомдарын альфа-бөлшектермен атқылағанда альфа бөлшектердің кейбіреулері азот ядросына өтіп кетеді де, одан протондарды ысырып шығарады, протондар жылдамдығы үлкен болғандықтан олар пластинкадан өтіп, экранда сцинтилляция туғызады.


Бұл құбылыста ядроның түрлену процесі бар, ол екі кезеңнен құралады: 1) Альфа-бөлшектің азот ядросына кіріп, орнықсыз ядро жасалуы; 2) Ядроның екі бөлшекке ыдырауы, оның біреуі протон болады, ал екіншісі оттегі изотопы деуге болады.

Физиканы оқытудың дәстүрлі әдістемесінде оқытушы осы құбылысты түсіндіру үшін тек ядролық реакция жүретін қондырғының оқулықтағы сұлбасын ғана пайдаланады. Ал оқытудың жаңа әдістемесінде компьютерлік модельді қолдана отырып, ядролық реакцияның жүру механизмін баяндау құбылысты көрнекі, әрі түсінікті етеді (Сурет 2).

Компьютерлік модельдің көмегімен білім алушылар ядролық реакцияда орын алатын физикалық құбылыстардың жасырын сырларына қанығып, оларды динамикалық модель арқылы байқап көреді.


Сабақтың тақырыбы: Нейтронның ашылуы. Оқулықта бұл тақырып былай баяндалған: Бірнеше жеңіл элементтерге, соның ішінде бериллийге, альфа-бөлшектер сәулесін түсіргенде, сәуле түсірілген зат интенсивтігі нашар, бірақ өтімділік қабілеті зор, бір ерекше сәуленің көзі болатыны байқалған.

Зерттеу нәтижелері бұл сәуле шығару газды тікелей иондамайтын, электр жөнінен бейтарап зарядсыз бөлшектер ағыны екенін көрсеткен. Бұл бөлшектер нейтрондар деп аталған.



Сурет 2. Ядролық реакцияның жүру механизмі

Енді осы процесті компьютерлік модельді пайдаланып білім алушыларға демонстрациялап көрсетейік. 3-суретте нейтрондарды табуға және олардың қасиеттерін зерттеуге арналған қондырғының сұлбасы көрсетілген.



Сурет 3. Нейтронның ашылуы

Компьютер мониторындағы сұлбаданбілім алушылар ауасы шығарылған I камераның ішінде D диск қойылғандығын, оның беті альфа-бөлшектердің көзі болатын радиоактивті полоний (Po) элементімен жабылғандығын көреді. Бұл жерде, бериллий (Be) пластинкасы альфа-бөлшектерге нысана болады. Білім алушылар 1-ші батырманы шертіп стандартты тәжірибе режимін тандап алып, қондырғыны 4-ші батырманы шерту арқылы іске қосады. Сонда білім алушылар компьютер дисплейінен бериллийді альфа-бөлшектермен атқылағанда нейтрондар бөлініп шығатынын, олар камераның жұқа қабырғасынан өтіп W терезе арқылы II иондану камерасына кіру механизмінің динамикасын көреді. Бұл кезде білім алушылар, бериллийден ұшып шыққан нейтрондар

тікелей келіп иондану камерасына кіргенде, минутына бірнеше бөлшектер есепке алынатынын байқайды. Енді, білім алушылар 3-ші батырманы шертіп, келесі режимді таңдап алады. Режимді таңдап алғаннан кейін, 4-ші батырманы шерту арқылы қондырғыны іске қосады. Сонда, білім алушылар компьютер дисплейінен иондану камерасының алдына жұқа қорғасын қабатын қойылғандығын, одан өткен, есепке алынатын бөлшектер саны айтарлықтай болып өзгермейтіндігін байқайды. Одан кейін, білім алушылар келесі режимді таңдап алу үшін 2-ші батырманы шертеді. Режим таңдап алынғаннан кейін, 4-ші батырманы шерту арқылы қондырғыны іске қосады. Бұл режимде, W терезенің алдына жұқа балауыз (парафин) пластинка қойылғандығын, одан өткен, есепке алынатын бөлшектер саны өсетіндігін көреді. Компьютерге енгізілген арнайы бағдарламаның көмегімен тақырыптың мазмұнымен танысуға болады. Білім алушылар монитордағы мәтінді оқып қана қоймай, сонымен бірге, мәтінді ести де алады. Сонымен қатар, осы теорияларды енгізген ғалымдардың әрқайсысының өмірбаяны мен еңбегі туралы толық мағлұмат алуға болады.

Қорыта келе, физикалық құбылыстардың компьютерлік модельдерін пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттырады; өтілетін материалдың көрнекілігін қамтамасыз етеді; білім алушылардың білім сапасы мен іскерліктерін, танымдық қызығушылығы мен ой-өрісін жетілдіреді; олардың ғылыми таным әдісі ретіндегі модельдеу туралы түсініктерін кеңейтеді.

Сөзіміздің дәлелі ретінде, осы салада көптеген жылдар еңбек етіп жүрген ресейдің әдіскер ғалымы В.А.Извозчиковтың пікірін келтірейік [3]. Ол өз еңбектерінде оқу үдерісінде компьютерді пайдалану төмендегідей жағымды нәтиже береді деп көрсетеді: 1) практикалық сабақтарда шешілетін есептер санын арттыруға болады, есепті шынайы шарттармен, яғни, техникадан алынған параметрлермен шешуге мүмкіндік туады; әрбір білім алушы үшін даралық қасиетіне қарай есепті тез шешу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі; күрделі есептер шығаруды талап ететін есептер мен есеп шартын ауыстыру кезінде тез есептеуді шешу мүмкіндігі пайда болады; 2) физикалық экспериментті жобалау мүмкіндігі ашылады; эксперименттік мәліметтерді өңдеу уақыты қысқарады; өлшем саны артады; физикалық, техникалық және тұрмыстық мазмұндағы жобалық-конструкторлық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік ашылады; 3) өзіндік психологиялық көтеріңкі күй байқалады: білім алушылардың шаршап-шалдығуы төмендеп, эмоциялық көтеріңкі көңіл-күй пайда болады; реакцияның шапшаңдығы артады; зерде тұрақтанып, материалдың физикалық мәні оңай меңгеріледі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Розова Н.Б. Применение компьютерного моделирования в процессе обучения. – Астрахань, 2007. – 212 с.
2. Падерина Е.В. Возможность использования компьютера при обучении физике // Физика в школе. 2012. - №6. - С.27-34.
3. Гулд Х., Тобочник Я. Компьютерное моделирование в физике. -М.: Мир, 2000.- 353 с.

УДК583.98.34

## ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КАСПИЯ

Арзыгулов Д.Т., студент, КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау  
Научный руководитель: Абдешов Д.Д., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация:** Защита окружающей среды региона — это вопрос не только экологии, но также и обязательное условие для снижения рисков для здоровья

прибрежного населения и устойчивого экономического развития. Поскольку большинство проблем являются трансграничными по своей природе, эти вызовы требуют более тесного и активного сотрудничества между странами Каспия.

**Ключевые слова:** Организация Объединенных Наций, окружающая среда, море, добыча и очистка нефти, радиоактивные, бытовые и промышленные отходы, Каспий.

Каспийское море в последние годы все чаще оказывается в центре внимания экологов в связи с возрастающим загрязнением окружающей среды региона отходами человеческой деятельности. По оценке экспертов программы Организации Объединенных Наций по окружающей среде (ЮНЕП), море страдает от загрязнений от деятельности по добыче и очистке нефти, радиоактивных отходов от атомных электростанций и огромных объемов неочищенных бытовых и промышленных отходов, приносимых рекой Волгой, которая дает около 80% всего притока свежей воды в Каспий.

Глава исследовательского Института экологии Каспия Реза Поурглолам (RezaPourgholam) в интервью иранскому информационному агентству «Фарс» заявил, что промышленное и нефтяное загрязнение Каспийского моря достигло «критического уровня». По словам эксперта, разработка нефтяных месторождений и движение больших танкеров ежегодно приводит к выбросу более 122 тыс. тонн потенциально опасных для здоровья нефтяных загрязнителей в крупнейший закрытый водоем в мире.

Он также отметил, что море отравлено большим количеством тяжелых металлов, представляющих такую же опасность для здоровья человека, как и углеводороды, добавив при этом, что «304 тонны кадмия и 34 тонны свинца загрязняют море каждый год».[1]

Реза Поурглолам уточнил, что источником 95% загрязнений являются прикаспийские страны на севере и северо-западе — Россия, Казахстан и Азербайджан, на которые приходится большая часть шельфовой добычи нефти.

По мнению экспертов ЮНЕП, активная разведка нефтяных и газовых ресурсов, растущие сети трубопроводов и транспортных путей, промышленное загрязнение от притока рек и грунтовых вод, изменение климата и береговое опустынивание, а также, в частности, потеря биоразнообразия из-за излишнего использования рыбных запасов и появление агрессивных занесенных видов — это лишь немногие из экологических вызовов, которые угрожают Каспийскому морю.

В Каспийском регионе проживают 15 млн. человек, которые в большой степени зависят от природных богатств моря. В связи с этим, защита окружающей среды региона — это вопрос не только экологии, но также и обязательное условие для снижения рисков для здоровья прибрежного населения и устойчивого экономического развития. Поскольку большинство проблем являются трансграничными по своей природе, эти вызовы требуют более тесного и активного сотрудничества между странами Каспия.

Единственным юридическим соглашением по регулированию вопросов окружающей среды является Рамочная конвенция по защите морской среды Каспийского моря, также известная как «Тегеранская конвенция». Она была разработана представителями пяти прикаспийских государств (Азербайджанской Республики, Исламской Республики Иран, Республики Казахстан, Российской Федерации и Туркменистана) при поддержке ЮНЕП в 1995 году и подписана ими в 2003 году. Однако этот договор был ратифицирован всеми странами-участниками только через три года и вступил в силу лишь 12 августа 2006 года.

В свое время, Кофи Аннан, бывший Генеральный секретарь ООН, назвал подписание Тегеранской конвенции «важным шагом вперед для этого региона», заявив, что ратификация «исторического соглашения будет способствовать улучшению состояния здоровья и жизненных условий сотен миллионов людей».[2]

Тегеранская конвенция устанавливает общие обязательства и институциональные механизмы. Она обязывает участвующие государства принимать меры не только по

защите окружающей среды Каспийского моря от всех источников загрязнения, но также и по сохранению, восстановлению и охране морской среды.

Однако практическое выполнение Тегеранской конвенции неоднократно откладывалось из-за неспособности стран-участниц достичь консенсуса в переговорах по четырем дополнительным протоколам к Конвенции в приоритетных областях. Среди них — протокол по сохранению биологического разнообразия; протокол по защите Каспийского моря от загрязнения из наземных источников и в результате осуществляемой на суше деятельности; протокол о региональной готовности, реагировании и сотрудничестве в случае инцидентов, вызывающих загрязнение нефтью; протокол по оценке воздействия на окружающую среду в трансграничном контексте.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Гурбанпур Ш. Б. Экологические проблемы Каспийского моря // Молодой ученый. — 2010. — №5. Т.1. — С. 128-131. — URL <https://moluch.ru/archive/16/1471/> (датаобращения: 12.03.2019).

2. Монография. Каспийский Регион: Актуальные Проблемы Развития (Экспертный Взгляд), 2012 год - 212с / Б.К. Султанов, Л.М. Музапарова, Б.Р. Сырлыбаева, А.А. Морозов.

**УДК 573.68.14**

### **ФОРМИРОВАНИЯ ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ИСПОЛЬЗОВАНИИ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ МАНГИСТАУ**

**Басшиева К.Б., студент, КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау  
Научный руководитель: Абдешов Д.Д.  
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау**

**Аннотация:** На относительно небольшой площади региона также разведаны месторождения фосфоритов, минеральных и поваренной солей, железной руды. Запасы минерального сырья по их многообразию, мощности залежей, удобства их разработки уникальны и практически не имеют аналогов в мировой геологии. Основными видами полезных ископаемых Мангистау являются нефть и газ

**Ключевые слова:** Каспийский шельф, нефтедобывающая отрасль, месторождения, углеводородное сырьё, Мангистау.

Мангистау богат разнообразными полезными ископаемыми. Запасы минерального сырья по их многообразию, мощности залежей, удобства их разработки уникальны и практически не имеют аналогов в мировой геологии. Основными видами полезных ископаемых Мангистау являются нефть и газ [1].

Мангистауская область – промышленный регион, где добывают порядка 30% нефти Казахстана. На территории области разведано порядка 70 месторождений углеводородного сырья с общими извлекаемыми запасами нефти - 702542 тыс. тонн, газа - 157730 млн. м<sup>3</sup>, конденсата - 4.7 млн. тонн, из них разрабатывается 27 месторождений. За все годы в области добыто 426 771 тыс. тонн нефти, что составляет 73% всей добытой нефти с начала становления нефтедобывающей отрасли в республике. Уникальное нефтегазовое месторождение Узень с извлекаемыми запасами около 500 млн. тонн нефти, нефтегазоконденсатное Жетыбай с запасами около 150 млн. тонн, нефтегазовые месторождения Каражанбас, Северные Бузачи. Каламкас с общими начальными запасами более 350 млн. тонн.

Наиболее перспективна - акваториальная часть Каспийского моря. Прогнозы запасов нефти и газа Каспийского шельфа только до глубины 600 метров составляет 500 млн. тонн, что более чем 4 раза превышает запасы Азербайджанской зоны. Событием стал факт обнаружения нефти и газа на морском месторождении «Жемчужина», что подтверждает высокий потенциал Каспийского шельфа и определяет долгосрочную перспективу региона. Всего на Каспийском море в зоне Мангистауской области – 14 перспективных углеводородных участков.

На относительно небольшой площади региона также разведаны месторождения фосфоритов, минеральных и поваренной солей, железной руды. В начале 50-х годов в недрах Мангистау были обнаружены богатейшие залежи урана и редкоземельных элементов. В 40 км к северо – востоку от поселка Жетыбай расположено месторождение киров «Беке» с утвержденным запасом порядка 60 млн. тонн. Данное полезное ископаемое можно широко использовать при дорожно- строительных работах.

На территории области известны пять проявлений бурого угля. В 1940 году было разведано и утверждено балансом месторождение Кызыл – Каспак – Айрджаральское, расположенное в Тупкараганском районе. Утвержденные запасы на тот период составили 34,7 млн. тн, отработано 0,5 млн.тонн, оставшиеся запасы отнесены к забалансовым. Другие проявления бурого угля расположены в районе с.Шетпе. Бурый уголь оценивается как перспективное сырье для приготовления – химреагента для буровых растворов. По ориентировочным подсчетам общие запасы углей всех месторождений составляют 253 млн.тонн.[2]

Практически на поверхности почти всей территории области распространен уже готовый к применению строительный материал – известняк–ракушечник, который получил большую известность не только в странах СНГ, но и в ряде стран дальнего зарубежья. Мангистауский известняк – ракушечник используется в качестве стенового и облицовочного материала. По физико – механическим качествам известняк – ракушечник значительно превышает параметры не только бетонных плит и шлакобетонов, но и жженого кирпича. Цветовая гамма в отделочном материале достаточна разнообразна: от нежно- розового, кремового до белого. Прогнозные запасы известняка – ракушечника составляют несколько миллиардов кубометров. Разведано порядка 100 месторождений известняка – ракушечника. Кроме известняка – ракушечника на территории области имеются месторождения других строительных материалов: камня строительного для производства щебня, кирпичное сырье, известь строительная, ПГС, строительные пески и пр.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Монография. Каспийский Регион: Актуальные Проблемы Развития (Экспертный Взгляд), 2012 год - 212с / Б.К. Султанов, Л.М. Музапарова, Б.Р. Сырлыбаева, А.А. Морозов.
2. <https://primeminister.kz/rupage/article-94>

УДК 37.033

## ФОРМИРОВАНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И КУЛЬТУРЫ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Бердибаева Д.А., КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Актау

**Аннотация.** В статье рассматривается проблема формирования экологической культуры младших школьников в общеобразовательной школе, раскрываются сущность и содержание понятия «экологическая культура», выделяются компоненты и средства формирования экологической культуры в общеобразовательной школе.

**Ключевые слова:** воспитание, формирование, экологическая культура, младшие школьники, окружающий мир, общеобразовательная школа.

Воспитание экологической культуры современного школьника – системно-комплексная проблема нашего времени. Разрешиться сегодня она может с помощью творческих видов деятельности, позволяющую оказывать детям и подросткам эффективную психолого-педагогическую помощь в адаптации к современным условиям и реалиям природной и социальной среды, развивать чувственную сферу подростков – доброту, эмпатию, милосердие, а также приобщать их к практической деятельности экологической направленности.

Экологическая культура является показателем экологического сознания. Мерой её выступает экологическая этика, характеризующаяся заботой о природных условиях существования не только настоящего, но и последующих поколений.

Экологическая культура – результат экологического воспитания. Современные учёные расшифровывают понятие «экологическое воспитание» как процесс приобщения молодых людей к ценностям культуры – общей и собственно экологической – с целью перевода этих ценностей в личностно значимые и наращивания «экокультурного» опыта у каждого члена нашего общества.

При формировании экологического сознания, мировоззрения и опыта развивающейся личности мы исходим из понимания «роли ведущей деятельности в формировании таких личностных ценностей, как самодетерминация поведения, оптимальная самооценка, коммуникативная компетентность и социальная ответственность, свойственные личности с гуманистической направленностью жизненной позиции, обеспечивающей способность к эмпатии, сотрудничеству и полноценную самореализацию человека» [1].

Общая задача состоит из конкретных образовательных и воспитательных задач:

1. Общеобразовательные задачи включают в себя: систему знаний о единстве человека, общества и природы и способах оптимизации природопользования;

систему идеологических, нравственных и эстетических экологических ценностных ориентаций; умение использовать моральные и правовые принципы, нормы и правила отношения к природе в реальном поведении; умение использовать знания о способах охраны природы и бережного отношения к ней в общественно-полезном труде.

2. Воспитательные задачи предусматривают формирование: потребности общения с живой природой, интереса к познанию ее законов; установок и мотивов деятельности, направленной на осознание универсальной ценности природы; убеждений в необходимости сбережения природы; потребности участия в труде по изучению и охране природы, пропаганде экологических идей. Начальная школа — важнейший этап интенсивного накопления знаний об окружающем мире, развития многогранных отношений младшего школьника к природному и социальному окружению, способствующий становлению личности, формированию экологической культуры. Начальная школа — это одно из первых звеньев, где закладываются основы экологической культуры. Большое наследие в области воспитания детей окружающей средой оставил нам выдающийся педагог В. А. Сухомлинский. По его мнению, природа лежит в основе детского мышления, чувств и творчества. Отношение детей и подростков к объектам природы известный педагог тесно связывал с тем, что природа — это наш родной край, земля, которая нас вырастила и кормит, земля, преобразованная нашим трудом. Сама природа не воспитывает, воспитывает только активное взаимодействие с ней. Чтобы ребёнок научился понимать природу, чувствовать её красоту, беречь её богатства, нужно привить ему чувства с раннего возраста.

Как отмечал В. А. Сухомлинский, «природа становится мощным источником воспитания лишь тогда, когда человек познает её, проникается мыслью в причинно-следственные связи» [2].

Отсюда следует, что отношение современного человека к окружающей его природной среде – это категория нравственная, которая должна в нём формироваться с ранних лет.

Одним из ведущих средств формирования экологической культуры младших школьников в общеобразовательной школе является учебная деятельность. Урок обогащает младших школьников экологическими знаниями. На уроках происходит знакомство с явлениями природы и природными объектами, а в условиях внеурочной деятельности – практическая деятельность в природе.

Структуру экологической культуры младших школьников, выделены следующие основные компоненты, входящие в состав: когнитивно-оценочный, информационно-ценностный, рефлексивно-смысловой.

Когнитивный компонент выражается в развитии у младших школьников системно-субъективной картины мира, в наличии представлений о целостности окружающего мира, в умении выделять и устанавливать экологические связи зависимости, представления о возможностях общения с живой природой.

Ценностный компонент выражается в наличии у младших школьников экологически значимых ценностных установок, способности сопереживать, сочувствовать, проявлять эстетические чувства и эмпатию, способности к самооценке и оценке других людей в контексте отношения к природе.

Рефлексивный компонент экологической культуры младших школьников предполагает проектирование и экологическую деятельность.

Известно, что нравственное отношение человека к природе формируется под воздействием таких факторов, как существующий социальный строй, социальные условия, направленность образования в целом и уровень учебно-воспитательной работы конкретного образовательного учреждения в частности.

Главный мотив деятельности – интерес. Интерес – это потребность, ставшая свойством личности человека, побуждающая его к такой деятельности, которая не только удовлетворяет его потребности в объективных достижениях, но и приносит ему желанное эмоциональное насыщение.

Роль взрослого при этом – поддержать смысловое содержание ведущей деятельности на каждом из этапов личностного развития и педагогически правильно её организовать. Педагогически правильно организованная деятельность как форма существования ведущей деятельности включает в себя комплекс различных видов деятельности (нравственное, трудовое, эстетическое, правовое, физкультурно-спортивное, художественное), объединённых общим смысловым радикалом ведущего отношения ребёнка к миру на данном этапе развития.

В 2001 году Н. М. Мамедовым была разработана концепция, согласно которой в основе экологической культуры стоит экологическая этика. Также у Н. М. Мамедова прозвучала идея двух подходов к экологическому образованию: воспитательного и образовательного. Воспитательный подход основывался на природоохранном содержании и воспитании эмоционально-нравственного отношения к природе. Образовательный подход должен был формировать интеллектуальные качества личности [3]. Что касается экологического мышления, то оно вытекает из трех понятий — экологического воспитания, экологического образования и экологической культуры. Без этих трех составляющих человек никогда не сможет мыслить экологически, то есть, в защиту интересов окружающей природной среды. Обладая экологическим мышлением, человек будет ставить себя не над природой, но будет осмысливать себя частью природы. Произойдет перестройка менталитета. Он, наконец-то, станет созерцателем и помощником окружающей природной среды. Научится ценить и уважать природные богатства. Научится щадить, поддерживать и улучшать то, что имеет. Основная задача современных педагогов состоит в том, чтобы донести до человечества суть экологической культуры, привить и развить в людях экологическое мышление, сделать это через

образовательные процессы. При этом сами педагоги должны обладать не только экологической культурой, но и экологическим мышлением, знать многое из процессов защиты окружающей среды для того, чтобы поменять менталитет своих подопечных — дошкольников, младших школьников, взрослых людей.

Экологическая культура как качество личности должна формироваться в системе непрерывного экологического воспитания, основными звеньями которой, оказывающими существенное влияние на учащихся в младшем школьном возрасте, являются: семья; детские дошкольные учреждения; школа; внешкольные воспитательные учреждения; средства массовой информации; самовоспитание.

Таким образом, образовательное пространство общеобразовательной школы служит благоприятной инновационной базой для формирования экологической культуры младших школьников, которая позволит им получать и использовать знания в рамках экологического образования, дающего возможность эффективно решать возникающие экологические проблемы, успешно выстраивать экологическое взаимодействие с окружающими, строить гармоничные отношения с природой и обществом в процессе личностного роста и развития своего экологического потенциала.

## ЛИТЕРАТУРА

1. Лишин О. В. Воспитывающее воздействие ведущей деятельности в системе отношений «ребёнок – взрослый» на формирование личностной на-правленности человека: автореф. дис. ... д-ра психол. наук. М., 2004. С.1.
2. Сухомлинский В. А. Избр. произведения: в 5 т. Киев: Рад.шк.,1980.Т. 3. С. 137
3. Мамедов Н. М. Основания экологического образования / Н. М. Мамедов // Философия экологического образования / гл. ред. И. К. Лисеев. — М, 2001. — 390.

**ӘОЖ 574**

## ТҮЛҒАНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Алиева А., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы**  
**Ғылыми жетекші: Жанғозиева М.С.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ., Актау қаласы**

**Аңдатпа:** мақалада тұлға дамуындағы экологиялық мәдениеттің маңыздылығы туралы айтылып, өскелең ұрпақтың адамзаттық құндылықтарды бойға сіңіруге және табиғат байлығын бағалауға, табиғат - қоғам - адам арасындағы дамудың өзара байланыстығын сақтаудың маңыздылығын және жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезім тәрбиелеудің негізі екендігі туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** экологиялық мәдениет, экологиялық сана, экологиялық апат

Әрбір саналы адамның экологиялық көзқарасын қалыптастыру - адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін осы бағытта қамтамасыз етуге ықпал жасаубүгінгі күннің өзекті мәселерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда жеке ғылым болып, жүйелі зерттеліп келе жатқан экология саласының өзіндік ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың ұсынған 2050 Қазақстан- стратегиялық бағдарламасында осы мәселеге айрықша көңіл бөлінгенін атап өткен жөн.

Әрбір қоғамның даму сатысында азамат баласының табиғат пен саналы қарым-қатынас жасауының, яғни өзі тіршілік еткен ортасын қорғау мақсатында, жас ұрпақты тәрбиелеуде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар. Ғұлама ойшылдар

философ, математик, психолог, педагог, табиғат зерттеушісі Әбу -Насыр -Аль Фараби, Ж. Баласағұн, С. Бақырғани, М. Қашқари сонау ерте кезден -ақ табиғат - қоғам - адам арасындағы дамудың өзара байланыстығын және оның біртұтастығын өздерінің ғылыми дүниетанымына арқау ете отырып табиғатты жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезім тәрбиелеудің негізі екендігін көре білді. Халқымыздың ақын жыраулары Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қорқыт ата, Асан қайғы және т.б. барлық уақытта өз жырларында табиғат олардың өзекті мәселесі болды.

Қазіргі заманда жеке экология мәдениетін түсіну, бөлек адамның құндылығын мойындайтын, оның білімге құқығы, бақытқа және адамның бастапқы құқығы – таза табиғат ортасында мәнсіз (мағынасыз) өмірсүру мүмкүндігін көрсету. Адам – табиғаттың бір бөлігі, барлық табиғатқа қарсы істелген істер адам табиғатына әсер етуіде мүмкүн және оның психикасына, ойлау қабілетіне, әлеуметтік белсенділігіне ықпал етуі мүмкін. Э.В.Гирусова былай деген “экологиялық мәдениет – бұл біздің ішіміздегі ноосфераның пайда болуы” [1].

Қазіргі өркениеттің ең ғаламдық проблемасы - экологиялық апаттың төнуі. Тірі табиғаттағы бір түр болып саналатын адам әрекетінің барлық саласында табиғатпен шиеленушілік байқалуда. Мәселенің өзектілігі өркениеттің тек қана өзін-өзі жойып жіберу ғана емес, барлық қоршаған тіршілікті Жер бетінен құртып жіберу қауіпінде. Оны шешу үшін әр түрлі ғылымдар саласының өкілдері толғануда және одан шығудың жолдарын ұсынуда. Бірақ көбіне бұл технократтық жолдар болып отыр. Шын мәнінде осы сыртқы апаттың «дәні» іште жатыр, ол - саналы адамның рухани- адамгершілік құндылықтарының жұтауы, ол - кең ауқымды ұғымдағы адам мәдениетінің жетімсіздігі мен жетілмегендігі.

Қазақстан ғалым-философтарының Ә. Нысанбаев, Т. Әбжанов, Ғ. Ақпанбек пікірлерінде «табиғатқа саналы көзқарас, қарым-қатынас адам дүниетанымының құрам бөлігі» деп қаралып, адамның табиғатты қорғау үшін алдымен оны танып білуі, ол үшін өзінің жан дүниесін жан-жақты зерттеуі, түйсінуі керек дейді[2].

XX–XXI ғғ. ғылымның бірте-бірте Жер биосферасын терең де қатты өзгертуінің куәсі болып отырмыз. Ғылым тіршілік жағдайларын, геологиялық үдерістерді, планетамыздың энергетикасын өзгертуде, олай болса, ғылыми ой-пікірдің өзі де табиғи құбылыс болып табылады. Осы жөнінде В.И. Вернадский «Натуралистің ой-толғамы. Ғылыми пікір планеталық құбылыс ретінде» деген кітабында Жердің геологиялық тарихын талдаған. Бұл еңбегінде В.И. Вернадский «Ғылыми ой-пікір мен адам еңбегінің әсерінен биосфера жаңа күйге - ноосфераға ауысады» деп анық жазған. Ол ауысу жаңа геологиялық күштің - адамзаттың ғылыми пікірінің әсерінен деп пайымдайды В.И.Вернадский өзінің еңбектерінде: «Экологиялық сана - адамның дүниеге, өзіне шығармашылық қарым-қатынасы», - деген пікір айтады [3].

Ноосфера жөніндегі ілімнің басты тақырыбы - биосфера мен адамзаттың бірлігі. Ғалым өз еңбектерінде осы бірліктің түптамасын, адамзаттың дамуындағы биосфераның ұйымдасқандығын ашып көрсетеді. Бұл дегеніміз биосфера эволюциясындағы адамзаттың тарихи дамуының орны мен рөлін жете түсінуге мүмкіндік береді, сөйтіп, оның ноосфераға айналуының заңды екендігін көрсетеді.

Жаратылыс өмірінде жаңа дәуір, ғаламат өзгерістер кезі басталды. Адамзат Тіршілік (биосфера) әлемінен Сана (ноосфера) әлеміне, яғни балалық шақтан кәмелетке толып, саналы өмірге аяқ басты. Бірақ, бұл процесс өз-өзінен бір сәтте жүзеге аспайды. Жүзеге асу үшін, ол адамзаттан жаңа сана, жаңа таным, жаңа өлшем, тіршілікті жаңаша пайымдап қимылдау мен қатар, Сана әлеміне сай әрекет етуді талап етеді. Негізінен бүгінгі әлемдегі бүкіл табиғи апат, экономикалық дағдарыс, саяси-әлеуметтік төңкеріс, барлығы Жаратушының Табиғат, Қоғам, Адам деп аталатын үш туындысының ортасында үйлесімділіктің азаюынан болып отыр.

Адам ертеңін ойламай «отырған бұтағын кесіп» Табиғатқа қиянат жасаса, Табиғат өз кезегінде түрлі апат жіберіп Қоғамнан кек алып, ал Қоғам болса, Адам жайын

ескермей, оны өз заңына бағындыруға тырысады. Ал, егер, осы үш алып, бір-бірімен үйлесімділікке келіп, бір-бірінің заңдарын сыйлап, мүмкіндіктерін есепке алғанда, әлемде бұйрықсыз апат, соғыс, дағдарыс, ауру, т.б. келеңсіздіктер болмас еді. Өркениеттің жаратылыстану ілімдеріне басымдық берген елдерде, техника өсіп, қаражат көбейіп, адамның көзі ашылғанымен көкірегінің көзі жабылып, мейірімділік, адамгершілік қасиеттері азайды. Былай тепе-теңдіктің бұзылуы, жылдар өткен сайын осы екі ағымның арасын алшақтатып, яғни компьютер мен ертегі қатар жүріп, адамзатқа көптеген қолайсыздықтар әкелді. Осылай бір мәдениеттің есепке жүгініп, дәлдікті талап етуі, ал екіншісінің шамаға бағынып, шексіз қиялмен қоректен алатындығы қарсыластық заңын туғызды. Ал, Сана әлемінде өмір сүру үшін Адамға тек өзінің саяси, әлеуметтік, экономикалық мәселелерін шешу жеткіліксіз. Ол, және сондай-ақ, Табиғатпен тіл табысып, Қоғам заңын сыйлаумен қатар, өзінің инфантилді (бала іспетті) психологиясынан құтылып, санасын көтеріп, рухани күшейіп, үйлесімділікке келуі керек [4].

Экологиялық мәдениеттің қайнар көзі халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі - табиғатты аялау, оған ұқыпты қарау, қорғау мен үндестікте өмір сүру және оның байлығына деген есепті қарым-қатынас. Ерте заманда ата-бабаларымыз табиғатты, ондағы тіршілік иелерінің ортамен байланысын жақсы біліп, сауатты пайдалана білген. Олар өздерінің табиғат қорларына, табиғатың тылсым жағдайына тәуелді екенін білген. Ата-бабаларымыз өзін табиғаттың бір бөлшегі, табиғатпен айырылмастай байланыстамыз деп түсініп, жазу, сызу сауаты болмаса да табиғат кітабын оқи біліп, жинақталған білімді ұрпақтарына беріп отырған. Халықтық педагогика алғашқыдан бастап еңбекке, табиғатқа ұқыпты көзқарас, жоғары адамгершілік қатынастар, адамға халық даналығын тасымалдаушы, беруші деп сыйласымдылықпен қарау сияқты тұғырлы негіздерден тұрған. Өкінішке орай, адамның табиғатпен қарым-қатынасындағы осындай халықтық мәдениеттің көпшілік қырлары жойылып кеткен. Сондықтан халықтың тұрмыс-салтындағы, әдет-ғұрпындағы табиғат-Ананың орнын қайта жаңғырту бүгінгі күнгі педагогика ғылымы мен практикасының аса маңызды да игілікті міндеті болып табылады.

Экология – табиғатты қорғау. Күні кеше ауыл шетіне келіп, жайылып жүрген киіктердің, тастан тасқа секіріп, табиғаттың көркін келтіріп жүрген арқарлардың қазір құрып кетуге айналғанын көріп отырмыз. Бұған елін сыйламайтын, көзін ақша тескен, жерін қадірлемейтін тексіз азаматтардың сайғақтарды жаудан жаман қырғаны себеп болып отыр. Олар он шақты мүйіз алу үшін, жүздеген сайғақты аяусыз жойып жіберіп отыр. Қазір сайғақ та, басқа жануарлар да азайды. Бұл мәселе, бұдан 200 жылдан астам уақыт бұрын да, бар болғандықтан Бекет Ата секілді елдің біртуар азаматтарын да толғандырған.

Кезінде Шыңғыс хан, әскерін ағып жатқан өзенге шомылғаны үшін жазалаған. Бұл мәселеге, тек бір қырынан қараған жаулары, оның бұл әрекетін суды «ластамау үшін» жасалған әрекет деп емес, «тазалықты білмеген» деген кінә таққан. Ал шынында, олар тазаланған, бірақ суды өзеннен меске құйып алып, 40 қадам жерге барып, шомылған. Оның үстіне «судың да сұрауы бар» деп, суды бекерге шашпай үнемдейтін болған. (Бұл бүгінгі біздің милиорация заңдылығы). Ал, олар өзенді тоңазытқыш ретінде пайдаланып, яғни ет, сүт т.б. азығын, әскердің кетіп бара жатырған бағытына қарай, қарынға, меске салып, сумен ағызған, яғни өзенді тасымал көлік ретінде де пайдаланған. Сондықтан «тамақ салған тоңазытқышты» қалай ластауға рұқсат берсін?! Ал енді біз үлгі алып отырған европа өкілдерінің, бөшкідегі суға беті-қолын жуып, содан соң сол судан ішетінін кинодан көріп, кітаптан оқып жүрсіндер. Мұны қатал патша Петр I қойғыза алмады. Бұл, оларда таза-лас деген ғана түсінік болғанмен, арам-адал деген түсініктердің жоқ екендігін көрсетеді.

Экология мәселесі, қазіргі таңда, тек бір біздің елде емес, бүкіл дүниежүзінде ең өзекті мәселелердің қатарында тұр. Барлық елдер экологияны барынша қорғау мәселесін көтеріп жатырғаны қуанарлық жай. Бірақ, бұл мәселені, тек үкіметтің шығарған заңымен

жөндеу мүмкін емес. Мұндай ауқымды мәселені бүкіл ел болып, барлығымыз шешуге кірісуіміз керек. Сонда ғана бәріміздің ортақ үйіміз Жерді аман алып қаламыз. Сондықтан бүгін экология заңнамасынан барлығыңыз хабардар болуыңыз керек. оңғы жылдары Каспий теңізінде мұнай өндіруге байланысты және теңіз деңгейінің табиғи көтерілуі аймақтың экологиялық тыныс - тіршілігін шиенеленістіріп отыр. Теңіздің көтерілуі жүздеген мұнай бұрғы-скважиналырын, мұнай қоймалары мен өңдеу объектілерін істен шығарды. Қазір бұл жерлерде 6 мұнай газ кені, жүздеген елді мекендер, коммуникациялар, өнеркәсіп орындары су астында қалды. Нәтижесінде, теңізге көптеген мөлшерде лас заттар, мұнай өнімдері, органикалық қосылыстар, ауыр металдар суға араласуда. Оның үстіне Еділ мен Жайық өзендерінің лас сулары теңіз суын уландыра түсуде. Өзендегі кәсіптік балықтар мен бағалы қара уылдырық және ет беретін бекіре тұқымдас балықтардың азайып кетуі тіркелді. Ал, 1999 жылы қырылып қалған 20-30 мың итбалықтың және жүздеген мың құстардың өлуі теңіз суының бүгінгі сапасының көрсеткіші – биоиндикаторы болса керек. Қазіргі Каспий мұнайын игеру бүкіл әлемді дүрліктіріп, шетелдік инвесторларды теңіз «қара алтынын» игеруге ұмтылдыруда. Ал, олардың судың сапасы мен ластануына көңіл бөлуі, экологиялық нормаларды сақтауы күмән туғызады.

Атырау, Маңғыстау аймақтарында техниканың ескілігінен бұрғы-скважиналардың бүлінуі, мұнайдың жерге, суға төгілуі қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Жерге сіңген мұнайдың қалыңдығы 10 метрге жетіп, жер асты суына қосылуда.

Сенбілік. Жастардың, мектеп оқушыларының көктем айларында айнала қоршаған ортасын тазарту үшін, гүл отырғызып, ағаш егу үшін жасалған сенбілік – мейрам. Мұны жастарың басын біріктіретін, істеген істерінің нәтижесін көрсететін, тазалыққа үйрететін, үлкен тәрбиелік әрекет деуге болады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі экология мәселесіне 18 бап арнап отыр. Бұл, экологияға үлкен көңіл бөлгенін білдіреді. ҚР ҚК 277 – бабы экология талаптарын бұзғаны үшін, яғни табиғат қорларын (ресурс) дұрыс пайдаланбай және техника т.б. құралдарды пайдалануда, қоршаған ортаны ластағаны үшін, қылмыстық қудалау қарастырылған. Ал, ҚР ҚК 281 – бабы суды ысырап ету, және ластағаны үшін қудалайды. Егер, осы бап, ертеден бүкіл елдердің ҚК болғанда, бүгінгі Арал теңізі суалмас еді. Орта Азиядағы екі үлкен өзен Амудария мен Сырдария суларының ысырап болғанының нәтижесінде осы жағдай орын алды. Ол жағдай, өз кезегінде, жаңа мәселе туындатып, яғни тұзды тозаңмен, бірнеше облыстардың жерін жауып, жерлерін егін егуге жарамсыз қылып тастады.

Экологиялық білім беруді адамгершілігі жоғарғы жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісінен ажыратып алуға болмайды. Адам жоғарыдан келетін нұсқауларды бұлжытпай орындау емес, өз бетімен дұрыс шешімдер қабылдай алатын шығармашыл болуы керек. Ерте жасынан бастап, әр адам өзінің қоршаған ортаға деген бейберекет көзқарасы неге әкеліп соғатынын білуі тиіс. Табиғи ортаның ластануы қандай ауруларды туғызады қандай генетикалық ауытқуларға апарайды? Жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерінің сан жағынан азаюы немесе, тіпті, таусылу себебі неде? Топырақ құнарлығының нашарлауы, ауызсу қорының азаюы неліктен? деген сияқты табиғи ортадағы келеңсіз өзгерістер жөнінде білуі керек. Біліп қана қоймай, үрдіске қатысатын кез келген адам белгілі бір әрекеттерді өз бетінше таңдай алады. Олардың қоршаған ортаға әсерінің пайдалы немесе зиянды болуы осы адамға байланысты. Міне, сондықтан әр адамның санасында қоршаған ортаға зиян келтіруге мүмкіндік бермейтін, табиғатпен тиімді әсерлесуге ұмтылдыратын адамгершілік ұстанымдары қалыптасуы керек [5].

Дегенмен, жоғары да айтылған пікірді тағы да қайталасақ, экология мәселесін жөнге келтіруге жалғыз шығарылған заңнамалардың шамасы келмейді. Бұған, барлығымыз, сен, мен болып, атсалысып, қоршаған ортаны бүлдіріп жатқан жеке тұлғаларға, және мекемелерге тосқауыл қоюымыз керек. Сонда ғана бұл мәселе өзінің дұрыс шешімін табады. Адам тек табиғатпен үйлесімді өмір сүргенде ғана ілгері басады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гиросов Э.В. Основы социальной экологии: Учебное пособие. - М.: Высшая школа, 1998. – 312 б.
2. Досмаханова М. С. Білімалушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру // Молодой ученый. — 2014. — №1.2. — 22-23 б.
3. Вернадский В.И. Философские мысли натуралиста. — М.: Наука, 1988. — 358 б.
4. Көрпелиев М. «Үйлесімділік әліппесі», Алматы: 2013. — 159 б.
5. К. Салпынова Экологиялық тәрбие берудің қазіргі жағдайы // География Казахстана и экология №3 2004 – 8б.

**ОӘЖ 373:37.013**

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ОҚИТУДЫҢ МАЗМҰНЫ

**Айсақызы А, студент Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Андатпа:** бұл мақалада мектеп оқушыларының оқуға деген қызығушылығын арттыруда, оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізуде жаңартылған технологияларды қолдану тәжірибесі ұсынылады. Сол бағытта жаттығулар мен инновациялық технология түрлері сипатталып, оны оқу-тәрбие үрдісіне тиімді қолдану әдістері жайлы баяндалады.

**Түйінді сөздер:** инновациялық технологиялар, оқыту технологиясы, ойын арқылы оқыту технологиясы, шығармашылық іс-әрекет, танымдық белсенділік.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі ақиқат. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. М.М. Поташник «Инновация – оқу бағдарламасын меңгеруде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі» - деп анықтама берсе, Н.Ф. Талызина «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» - деп анықтайды.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр студентті оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық студенттердің дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу. Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізілуде, мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орынның оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Педагогикалық технологиялардан төмендегілерін атап көрсетуге болады:

*Білім беруді ізгілендіру технологиясы* — оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату (Ш.Амонашвили).

*Ойын арқылы оқыту технологиясы* — дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс — әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық, өзіндік талап — талғамдарына сүйенеді. (Л. С. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, З.Фрейд).

*Проблемалық оқыту технологиясы* — оқушының өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

*Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы* — (В. Ф. Шаталов) мынаны көздейді — білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдету.

*Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы* — (С. Н. Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптарының қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану.

*Деңгейлеп саралап оқыту* — міндетті нәтижелерге негізделген. Білім, білік, дағдыны меңгерту, мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау.

*Бағдарламалап оқыту* — (Б.Скиннер, Н.Краудер, В. Г. Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту.

*Оқытудың компьютерлік технологиясы* — ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады.

*Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы* — (Л.Джинна Стил, С.Куртик). Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады.

*Өз-өздігінен даму технологиясы* — (М.Монтессори) баланы жан — жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін — өзі дамытады.

*Дамыта оқыту технологиясы* — (Л. С. Выготский, Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин, В. Б. Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар — намыс қасиеттерін дамыту.

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, ол оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді және жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқытудағы басты нәрсе — бұл білім алу және өздігінен білім алу негізінде адам қабілеттерін, икемділіктерін дамыту. Жаңа білім беру парадигмасында тұлғаның қызығушылықтарын қамтамасыз етуде тұтастық, бағыттылықпен бірге мықты негізділік (фундаменталдылық) те шешуші рөлге ие.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. Алматы, 2005
2. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі //Алматы 2001 - 75 б.
3. М.Валиева «Жаңа педагогикалық технологиялар» Әдістем.нұсқау, 2002

**ОӘЖ 373:37.011**

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫ**

**Аязбай А, студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Андатпа:** мақалада бастауыш сынып оқушыларына экологиялық тәрбие берудің жан-жақты дамытуға, олардың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге бағыттайтыны айтыла келе, оны қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырудың мүмкіндіктері қарастырылады

**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып, мектеп оқушылары, экологиялық тәрбие.

ҚР «Білім туралы» заңында: «Экологиялық тәрбие алған экологиялық білімдер негізінде қоршаған ортаға ұқыпты қарауы мен табиғат байлықтарын ұтымды пайдалану» - деп анықтама берілген. Ал, бұл болса, оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырып, олардың бойына елге, жерге деген сүйіспеншілікті ұялату болып табылады. Дамыған елдерде адам өмірінде бірнеше рет мамандықтарын ауыстырады, бұл оларға жамандық болып көрінбейді. Сондықтан бүгінгі мектеп оқушыларын алдағы өмірге лайық дайындауға дағды қалыптастыру керек, өйткені еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестікке қатысу үшін өздігінен ақпаратты меңгеру қажет. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының бастапқы экологиялық мәдениетінің психологиялық ерекшеліктері мен педагогикалық мүмкіндіктеріне қарай қалыптастырудың мазмұнын анықтау – қазіргі мектептің, мұғалімдердің міндеттері болып қала бермек.

Қазіргідей көз ілеспес жылдамдықпен қарқындап өсіп- өзгеріп отыратын қоғамда шапшаң бейімделіп отыратын адамның ғана көп жетістікке қол жеткізіп, жеңіске жететіні ешкімге жасырын емес. Ондай жан-жақты жетілген жеке тұлғадан экологиялық және экономикалық сауаттылық, кәсіби жан-жақтылық талап етілуде, ол бала өмірінде үлкен үшін өте маңызды. Ондай тереңдетілген білім негізі бастауыштан бастап қалануы қажет екендігі қазіргі жаңашыл қоғамда көкейтесті мәселенің бірі екендігі даусыз. Оқушылар табиғи органы күтуде, қорғауда орман – тоғай шаруашылығын, мемлекеттік қорықтарды басқаратын қызметкерлерге көмектеседі, өсімдіктерді қорғау жұмыстарына қатысады. Оқушылар ауыл шаруашылық өндірісінің әртүрлі жұмыстарына қатысады. Сондықтан олар жұмыстың түрлеріне байланысты негізгі мәселермен таныс болуы қажет: жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тыңайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алып отыру.

Сондықтан да, экологиялық мәдениет бастауыш сынып оқушыларының бастапқы ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, экологиялық санасының өзегі болып, баланың рухани бейнесіне тұтастық әкеледі, оны қоршаған табиғи ортаға әлеуметтік мәнді және экологиялық қолайлы қағидалар тұрғысында қаруландырады. Педагогикалық жағынан бастауыш мектеп кезеңінде балалар бойында табиғаттағы мінез-құлқын өздігінен реттеу,

баланың қажеттілік дағдысын табиғатқа келтіретін зиянмен салыстыра отырып дамыту өте қажет. Балалардың есеюімен бірге « қоршаған орта» түсінігі айтарлықтай кеңейеді. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие мазмұны әр түрлі сыныптар және жеке пәндер бойынша, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады. Бастауыш сынып оқушылары табиғат байлығын ауыл шаруашылығында пайдалану жайлы алғашқы ұғымды еңбек сабақтарында алады. Олар үй мүліктерін, киім-кешек, тағам т.б. жасайтын табиғат заттарын қалай пайдаланумен танысады. Бастауыш сыныптардың оқу бағдарламасы оқушыларды төмендегі іскерлікті, дағдыны қалыптастыруға бағытталған: өсімдіктердің даму кезеңінде фенологиялық бақылау жүргізу; мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту; тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану. Бүгінгі таңда жас ұрпақтың білім сапасы мен тәрбие жұмысының деңгейіне үлкен талаптар қойылып отыр. Бұның бәрі қоғамдағы экологиялық өмірдің субъективтік жақтарын, яғни жастардың жаңаша экономикалық ойлау әрекетін, адамгершілік әлеуметтік қасиеттерін көрсетеді. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру жалпы білім берудің бір тармағы ретінде оқушыны жан-жақты дамытуға, оның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге бағыттайды.

Классикалық педагогикада табиғаттың әсем көріністері арқылы жас ұрпақтарды тәрбиелеу А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов, шығармаларында табиғат пен адам өмірін ажырамайтын біртұтас дүние ретінде қарастырылған. Табиғат құбылыстарының өзгеріп отыруы заңдылық екенін айта келіп, табиғатқа сипаттамалар беріп, болашақта бұрын-соңды болмаған жаңа дәстүрдің туып орнығуына жол салды.

Білімнің негізі бастауышта қаланатынын ескерсек, әсіресе осы бастауышқа қатысты экологиялық оқу материалдарының тәрбиелік мүмкіндіктерінің өте жоғары екендігі рас болғанымен, олар педагогикалық тұрғыдан оқу-тәрбие жүйесінде кем қарастырылуда. Оқушылар дала жағдайында да тәжірибе жұмысын жүргізу кезеңінде әр түрлі аймақтардың топырағы мен ауа райын есепке алып, дәнді және бақша өсімдіктерінің сорттарын, олардан түсетін өнімді зерттейді, химиялық құралдарды қолдану жолымен егістік жерлерде өсетін арам шөптермен күрес жүргізеді.

Экологиялық тәрбиеге байланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, лекциялар, әңгімелер, көрмелер, сайыстар, оқушылардың шығармалары, рефераттары, баяндамалары, табиғатты қорғау тақырыптарына арналған плакаттар, т.б. Осылардың бәрі оқушылардың экологиялық мәдениетті саналы, жете түсінуіне, табиғи органы қорғау мен жақсартуына игі әсер ететін өте қажетті құралдардың бірі.

Егер экологиялық құлық және еңбек іс-әрекеттерін ұштастырып, тікелей табиғи байланысты жүргізсе, олардың жақсы нәтиже беретіндігіне ешқандай күмән келтіруге болмайды және ол бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып ала бермек.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университет студенттеріне арналған оқу құралы.- алматы, 2000-384б
2. Аганина Қ.Ж. Мектеп оқушыларына экономикалық білім беру. Үздіксіз білім ғылым еңбек жинағы, - А:- 2014.

## ЖАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Игилманова А., студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы  
Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.  
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа:** мақалада экологиялық мәдениет ұғымына берілген ғалымдардың анықтамаларына талдаулар беріліп, жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда білім беру орындарының оқу-тәрбие үрдісіне экологиялық білім берудің ұтымды жолдарын, әдіс-тәсілдері жайлы айтылады.

**Түйінді сөздер:** жастар, қоршаған орта, экологиялық мәдениет.

«Теңіздің тұнық болуы – бұлақтардан» дегендей табиғатты қорғау, қалпына келтіру мәселелерін ақылмен, білгірлікпен және ұтымды жолмен жүргізудің өзіміз үшін де, келесі ұрпақтар үшін де маңызы зор екенін балалардың, жасөспірімдердің санасына салып, экологиялық мәдениетін, тәрбиені бесіктен бастау керектігі бүгінгі күннің өмір талабы.

Табиғат құбылыстарының алуан түрлілігіне қарамастан, олардың бәрі өзара байланыста, қарым-қатынаста, яғни біртұтас бірлікте. Сол себепті де, егер адам табиғат құбылыстарының бір саласына әсер етіп, оны өзгертуге әрекет етсе, онда ол сонымен іштей байланысты басқа жақтарының «тынышын бұзуы» мүмкін. Сондықтан, табиғат қорларына құнтты болу, бүлінгендерін қалпына келтіріп отыру, оларды тиімді пайдалану, ауаға, жерге, суға өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қамқорлықты күшейту барлық азаматтардың борышы мен абыройлы міндеті болып саналады.

Біздің елімізде табиғат қоршаған ортаны қорғау саяси, экономикалық және мемлекеттің әлеуметтік тапсырмасының маңыздылығына жатқызылған. Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетілген: “Мемлекет өзінің мақсатын адам денсаулығын және өмірге қолайлы, қоршаған ортаны қорғау қойылған”. Экологиялық мәдениет - әрбір қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі болып табылады, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланыста болады. Яғни экологиялық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен табиғаттың өзара қарым – қатынасын реттеу қажеттілігінен туындайды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы бойынша алыс және жақын шет елдік ғалымдардың қырықтан астам еңбектерінде қарастырылуы оның күрделі де, сан қырлы екендігіне көз жеткізеді.

Ғылыми әдебиеттерде «экологиялық мәдениет» ұғымына көптеген түсінік, анықтамалар берілген. Э.В.Гирусовтың пікірінше, экологиялық мәдениет - қоғамның материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі сондай-ақ, табиғи ортаны сақтауға бағытталған әрекеттердің бірлігі. Сөйтіп, мәдениеттің мәнін адамның өзіндік материалдық және рухани қажеттілікке жетелейтін іс-әрекетке байланысты туындайтын өнім деуге болады. Педагогика теориясы мен тарихында экологиялық білім беру мен тәрбиелеу мәселелері П.П.Блонский, С.Т.Шацкий, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский т.б. ғалым-педагогтардың еңбектерінен бастау алды.

Ғалым Б.Т. Лихачевтің пайымдауынша экологиялық мәдениеттің мәні экологиялық тұрғыда негізделген еркін қалыптастыруы мүмкін. Экологиялық мәдениет тұлғамен, оның түрлі қыр – сырымен және қасиеттерімен органикалық байланыста болады.

Ғалымдардың педагогикалық ой-пікірлері бойынша, «экологиялық мәдениет» - жалпы дүниежүзілік мәдени дамуының құрамдас бөлігі және кезеңі болашақта адамзаттың

дамуына игі әсер ететіні өмірдегі барлық жалпы маңызды экологиялық проблемалармен сипатталады. Бұл анықтамада ерекше назар аударатын тұс – «экологиялық мәдениеттің» жеке ұлттық немесе ұлтаралық деңгейде емес, бүкіл дүниежүзілік деңгейдегі адамзатқа әсер ететін проблемалар қатарында сипатталуында. Ғұлама ойшылдар философ, математик, психолог, педагог, табиғат зерттеушісі Әбу -Насыр -Аль Фараби, Ж. Баласағұн, С. Бақырғани, М. Қашқари сонау ерте кезден -ақ табиғат — қоғам — адам арасындағы дамудың өзара байланыстығын және оның біртұтастығын өздерінің ғылыми дүниетанымына арқау ете отырып табиғатты жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезім тәрбиелеудің негізі екендігін көре білді. Халқымыздың ақын жыраулары Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қорқыт ата, Асан қайғы және т.б. барлық уақытта өз жырларында табиғат олардың өзекті мәселесі болды. Қазіргі заманда жеке экология мәдениетін түсіну, бөлек адамның құндылығын мойындайтын, оның білімге құқығы, бақытқа және адамның бастапқы құқығы – таза табиғат ортасында мәнсіз (мағынасыз) өмірсүру мүмкүндігін көрсету.

Экологиялық мәдениет ұғымына берілген анықтамаларды пайымдауда олардың мазмұны мен басты идеяларына қарай бірнеше бағытта қарастырылғандығын көрсетеді: экологиялық мәдениет – жалпы мәдениеттің бір бөлігі; экологиялық мәдениет адамдардың табиғатпен қарым – қатынастары жөніндегі қалыптасқан дүниетанымы, сенімі, түсініктері, білімі, іскерлігі, құндылық бағдар жүйесі; экологиялық мәдениетке – адамның өмірлік белсенді тұғырнамасы; экологиялық мәдениет адамның табиғатты теориялық, материалдық-практикалық, рухани ізгілікті меңгеруі және жаңартудағы мәнді күш-қуатының өлшемі, іс — әрекетінің жиынтығы; экологиялық мәдениет – адамның табиғатпен ғана емес, әлеуметтік – тарихи ортамен, биосферамен өзара әрекеттестігі. Олай болса, орта білім беру жүйесін жаңарту жағдайында жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде қалыптастыру, оның қоршаған ортаға жауапкершілігін және құндылық бағдарын, рухани сипаттағы іс-әрекетін қамтамасыз ету маңызды бағыт болып табылады. Жоғары мектеп оқушылар мен студент жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда білім беру орындарының оқу-тәрбие үрдісіне экологиялық білім берудің ұтымды жолдарын, әдіс-тәсілдерін анықтап, тақырыптар бойынша сабақ өткізу әдістемесін жетілдіру қажет деп ойлаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика: Университет студенттеріне арналған оқу құралы.- алматы, 2000-384
2. Исламова И.К. Оқу процесінде оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру: п. ғ. к. дисс. автореф.–Алматы, 2002. 29 б

## ТӨМЕНГІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАЗМҰНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Көшек Ш, студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы  
Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.  
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа:** мақалада экологиялық мазмұндағы қызықты есептер мен мысалдар арқылы бастауыш сынып оқушыларын экономикалық тұрғыдан тәрбиелеуге болатындығы баяндалып, мысалдар келтіріледі.

**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып, математикалық есептер, шығармашылық тапсырмалар, экономикалық тәрбие.

Бастауыш сынып оқушыларына экономикалық тәрбиені қалыптастыру күрделі және ұзаққа созылатын психологиялық-педагогикалық жүйе. Психологтар мен педагогтар балаларды уақытқа, табиғатқа заттарға деген ұқыптылыққа тәрбиелеуде мұғалімдер мен ата-аналарға көмек боларлықтай ғылыми жинақтар шығарған. Экономикалық білім концепциясын жасаған И.В.Липсиц, Л.Л.Любимов, В.А.Поляков, И.А.Сасова, В.Д.Симоненко, А.С.Прутченков т.б. бұл білім үздіксіз берілуі тиіс деп санайды.

Экономика күшті болуы үшін адам баласын оқытып, тәрбиелейтін мектептер қазіргі заман талабына сай болуы керек. Сондықтан да, экономикалық білім беруді бастауыш сатыдан бастап жүргізу керек, себебі бастауыш білім беру сатысы үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен тек сабақтас болуымен ғана емес, ең алдымен оқушы тұлғасының қалыптасып дамуымен аса маңызды, құнды, қайталанбайтын буын екендігімен ерекшеленеді.

Мектеп пәндері соның ішінде математика сабағының экономикалық мазмұнын арттырудың, жекеленген пәндердің республикалық және оқушының өз өлкесінің шаруашылық өміріне байланысын қамтамасыз етудің, экономикалық құбылысты ойда қорытуға жәрдемдесудің маңызы зор. Математика –кең көлемді әрі түрлі мазмұнды кеңістік, ал экономикалық жаңа білім берудің құралы. Бастауыш сыныпта математиканы оқытуды жетілдіруде экономикалық мазмұндағы есептер орны ерекше.

Экономикалық мазмұнды есептер мен мысалдар арқылы оқушыларды экономикалық тұрғыдан тәрбиелеуге болады. Ол оқыту жүйесін ғана емес, сонымен қатар оқушының экономикалық білімге үйрену, оқу дағдысы мен тәжірибесін кеңейтіп, психологиялық-педагогикалық жақтарын да қарастырады. Экономикалық мазмұнды есептерді шешу –білімді практикалық іс-әрекет тәсілдерін, таным әдістерін қажет ететін ақпараттарды мұғалімдердің оқушыларға беруі, оқушылардың оларды меңгеру, олардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері. Әсіресе, шығармашылық есептерді шешудің ақпараттарды тарату тәсілі ретінде өз артықшылығы бар.

Математика сабақтарында балалардың экономикалық мазмұндағы мәтіндік міндеттерді талдау мен шешу арқылы экономикалық талдаудың және экономикалық есептей білудің іскерліктері мен дағдыларын, ал сыныптан тыс жұмыстарды табиғи ресурстарға ұқыпты қараудың экономикалық негіздерін меңгеруіне мүмкіндік туғызады. Бастауыш сыныптардағы еңбекке оқыту оқушыларда белгілі бір экономикалық білімдерді, еңбек қызметі дағдыларын, іскерлігін, әдеттерді, экономикалық мәдениетті, тұлғаның қасиеттерін қалыптастыруды белгілейді. Экономикалық мазмұнды жаттығуларды шығарту барысында балалардың бойында экономикалық түсінікті қалыптастыруға болады.

Математика пәніне арналған бастауыш мектептің бағдарламасы мен математика оқулықтарына түсініктер қалыптастыру тұрғысынан талдау жасайық. Математика

сабақтарында төменгі сынып оқушыларына өз бетінше жұмыс істеу, білімін көтеру, икемділік пен машықты жетілдіру әдістерін үйрену қажет. Оқушылардың экономикалық мазмұнды шығаратын есептері математиканы оқыту мақсатына сәйкес болып, олардың мазмұны өмірден алынуы тиіс. Ендеше, сөзіміз дәлелді болу үшін төменде мысал келтіре кетейік: Бастауыш сынып оқушыларына мынадай экономикалық мазмұнды шығармашылық тапсырмалар мен есептерберуге болады:

1. «Дәужан» қант орталығында бір қап қант 2600 теңге (массасы 50 кг), ал базарда 2520 теңге (массасы 45 кг) тұрады. Қантты қайдан сатып алған тиімді болар еді?  
 $2600 / 50 = 52$  теңгеден (қанторталығы)  
 $2520 / 45 = 56$  теңгеден(базарда)  
Жауабы: Қантты қант орталығынан алған тиімді.
2. а) Нан заводы күн сайын бірдей мөлшерде өнім шығарып, 7 күнде 1750 т нан пісірді. Олбір айда (30 күндепалсақ)неше тонна нанпісіреді?  
Шешуі: 7 күнде –1750 т  
1 айда -? т нан.  
 $1750 / 7 = 250$  т (біркүнде)немесе  $30 * (1750 / 7) = 7500$  т  
 $250 * 30 = 7500$  т (1 айда). Жауабы: 1 айда 7500 тонна нан.
3. Ағаш шебері 30 күнде 120 орындық жасап беруге мектеппен келісім-шарт жасасты. Егер күніне 5 орындықтанжасаса, ол келісім шартты неше күн бұрын орындайды?  
а) Бір ағаш шебері күніне 3 терезе, ал екіншісі 4 терезежасады. 70 терезе жасау үшін екі шебер неше күн жұмыс істеуі керек?

Шешуі:  $120 / 5 = 24$  (күн)

ә)  $30 - 24 = 6$  (күн);

Жауабы: 6 күн бұрын орындайды.

Оқушының оқу жұмысы әртүрлі іс-әрекеттерден тұрады. Ал күрделілеуіс-әрекеттерді, мысалы, экономикалық мазмұнды есептерді шешуде оқушы өзінің жинақтаған білімдері мен дағдыларын, тәжірибелерін қолдана алулары тиіс. Өзінің білімі мен дағдыларын мақсатқа сәйкес реттеу үшін қажетті психикалық іс-әрекеттердің күрделі жүйесін меңгеру білік деп аталады. Олай болса, білікті түрлі жағдайларда қарапайым және күрделі іс-әрекеттерді орындауға қажетті білім мен дағдыларды саналы түрде қолдануға болады деп ойлаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ұзақбаева С.А. Эстетикалық және экономикалық тәрбие негіздері. Алматы. 1991.-30б
2. Қосанов Б.М. Математикадан сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға экономикалық тәрбие беру. Алматы, 1998

**ОӘЖ 373:37.09**

### БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ҚОҒАМҒА ҚАЙТА БЕЙІМДЕУ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Табылдиева Қ, студент, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы  
Ғылыми жетекшісі: Көкшеева З.Т.  
Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Андатпа:** мақалада бас бостандығынан айырылған адамдардың психологиялық күйзелісі, оларды дайындау, күнделікті өмірге дағдыландыру, яғни қоғамға қайтадан бейімдеудің қажеттілігі жайлы сөз болады.

**Түйінді сөздер:** бостандыққа шыққандар, жеке тұлға, түрме, сотталғандар, бейімдеу психологиясы.

Бас бостандығынан айырылған адамдарды күнделікті өмірге бейімделуі, дағдылануы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналууда. Жалпы айта кететін болсақ соңғы жылдардың өзінде елімізде жасалатын қылмыстар саны азаймай отырғандығын статистикалық деректерден анық көрінеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ еліміздегі қылмыскерлер саны 2010 жылы 84410 болса, оның ішінде 6070 кәмелеттік жасқа толмаған жас өспірімдер. Олардың саны 2014 жылы 109899 адам болған, оның 4212 – ін кәмелеттік жасқа толмаған жас өспірімдер құрайды. Ал істелген қылмыс санына келетін болсақ 2010 жылы 131896 қылмыс тіркелген. Ол 2014 жылы 341291 ге артты. Осыншама бас бостандығынан айырылған адамдарды өмірге бейімделуін, қоғамға сіңісіп кетуін кімдер қадағалауда. Халықаралық түрме реформасының деректеріне сүйенетін болсақ, Қазақстандағы қамауда отырғандардың 49 пайызы – бұрын сотталғандар[1]. Бұл мемлекеттік маңызы бар мәселе деп ойлаймын. Себебі жазасын өтеп шыққан әрбір азамат мемлекеттің қолдауына зәру жандар болып табылады. Жазасын өтеп шыққан азаматтар қалыпты азаматтық ортаға бейімдеу ол мемлекеттің міндетті жұмысы. Себебі, қоғам үшін сол адамдардың келешекте қылмысқа қайта оралмауы маңызды.

Бостандыққа шыққандардың қалыпты өмірге үйреніп кетуі оңайға соқпайды. Көбісінің түрмеден шыққан соң өмірі өзгеріп, басқа арнаға түседі.

1.Қоғам қабылдамайды; 2.Жұмыссыздық; 3.Отбасының теріс айналуы; 4.Барар жері болмайды.Себебі қылмыс жасады деп, тіпті, өз бауырлары, туған-туысқандары ондай адамдардан теріс айналып шыға келетіні де жасырын емес. Ал тек оннан бірін күтіп алар жан ашыр ата-анасы барлар ғана. Бостандыққа шыққандардың көбісі өздерін керексіз сезініп,психологиялық күйзеліске түсіп жатады. Сондықтан олар абақтыға түсудің амалдарын ойластырып, тағы да қылмыс жасайды. Себебі бостандықта үй-күйсіз жүргендіктен гөрі, түрмеде жағдай жасалатындығын білгендіктен олар жеңілдеу өмірге, түрмедегі өмірге оралуды жөн көріп жататындар да аз емес. Біздің елде қадамын шалыс басқандардың бәрін бірдей түрмеге қамап, бас бостандығынан айырып жатады. Әрине, қылмыс жасағандарды бас бостандығынан айыру заңды әрекет, яғни кез-келген әрекетте немесе әрекетсіздікте қылмыс құрамы анықталған болса, оны жасағанды айыпкер деп танып, соттың үкімі шыққан соң ол қылмыскер болып табылады. Сондай-ақ,Қазақстан түрмелерінде жазасын өтеп жатқандардың шектен тыс көп екенін алға тартқым келеді. Ол өз кезегінде,кішігірім қоғамға қауіпті әрекет жасағандардың бәрін бірдей бас бостандығынан айыруға жазалаудан да болып отырған жағдай деп ойлаймыз. Мысалға Батыс Қазақстанда бухгалтер болып істеген бір жас келіншекті 17 000 теңге үшін 7 жыл түрмеге отырғызғаны,тауық ұрлаған үшін бас бостандығынан бірнеше жылға айырылғандарды сот тәжірибесінен көруге болады. Сондықтан осындай кішігірім қылмыстарды жасаған адамдарға бірден бас бостандығынан айыру түріндегі жаза емес, оларды ендігі жолы осындай қылмыстарға бармауға әрекет жасау, яғни олармен құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу, бас бостандығынан айыру емес түріндегі жазаларды(қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, тәрбиелік іс шараларын, психологиялық көмек , бас бостандығын шектеу) тағайындау керек деп есептеймін. Себебі осындай кішігірім қылмыстардың болашақта үлкен қылмыстарға айналатынын түсіне отырып, алдағы уақытта қылмыстарды болдырмаудың алдын алудың маңызы өте зор. Бас бостандығынан айырылғандар санының артуы мемлекет қазынасына да айтарлықтай ауыртпалық салып отыр. Бізде абақтыда отырған бір адам үшін жылына 700 мың теңгеден қаржы бөлінеді екен. ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты Д.Назарбаева жиынның бірінде:«бүлдіршіндерге қарағанда түрмеде отырғандарға қаржы көп бөлінетіндігін айтты». Демек бұл дегеніміз, бостандыққа шыққандардың көбісі жұмыс таппай, жақындарымен қарым-қатынасын жоғалтып алғандықтан, үлкен күйзеліске түсіп, қоғамда өз орнын таппай қайта қылмыс жасап түрмеге өз еркімен түскісі келетіндері де бар. Себебі түрмеде жағдайлары жасалған[2].

Дегенменде сотталып шыққандардың бәрі бірдей қайта қылмыс жасағысы келіп, қайтадан түрме есігін аттағысы келеді деп айтуға болмайды. Ал бостандыққа шыққан соң олардың алдағы өміріне бейімделіп кетуіне қылмыстық атқару органдары жәрдемдесуі керек. Оларға әлеуметтік көмек көрсету, жазаны өтегеннен кейін оларды еңбекке орналасуға, күнделікті тұрмысына көмектесуді ұйымдастырады. Қылмыскерлердің жазасын жеңілдету және темір тордан шыққан соң оларға жағдай жасау жағынан біздің еліміз артта қалғаны аян. Елімізде бостандыққа шыққандардың көпшілігі бірінші кезекте олар жұмыссыздық мәселесіне ұрынады. Себебі сотталып келгендердің көпшілігі бостандыққа шыққан соң жұмыс таппағандықтан, ақша болмағандықтан өздерінің ескі әдеттеріне көшіп, қылмыс жасауға бейім тұрады. Тағы айта кететін жайт, түрмеде отырып келгендердің бәрі бірдей жұмысқа деген құлшынысы болады деп те айту қиын. Сотты болған адамның алдымен өзі еңбек етуге құлықсыз. Себебі олар жатып үйреніп қалған адамдар, дайын тамақ және бәрі тегін келіп тұрғандықтан түрмедегі адамдарда жалқаулық мінез–құлық қалыптасып кетеді деп ойлаймын. Сондықтан түрмеде жазасын өтеп жатқандарды еңбекке араластыру керек, оларды сегіз сағаттық жұмысқа салу керек. Кеңес үкіметі кезінде әр мекемеде сотталғандар еңбек ететін жұмыс орындары болды. Мысалы, кеңес үкіметі кезінде КА-168/2 мекемесінде үлкен жиһаз фабрикасы болды. Темір жолдың қосалқы бөлшектерін жасайтын цех болған. Қазір де бар, жоқ емес. Бірақ қазір бұрынғыдай сырттан тапсырыс жоқ. Жұмыс ауқымы азайды. Мекемеге қажетті азын-аулақ заттарды жасап алумен шектеледі[2]. Біздің ойымызша, түрмеде отырған кезден бастап еңбекке тәрбиелеу қажет. Түрмеде еңбектеніп үйренген адам бостандыққа шыққаннан кейін де еңбекке араласуы жеңілдеу болады. Сол себепті де жазасын өтеп шыққандарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту орталықтарына орналастыруды ұйымдастырып, оларға арнайы жұмыс орнын қалыптастыру керек деп ойлаймын. Елімізде «Қылмыстық жазасын өтегендерді әлеуметтік бейімдеу және оңалту» орталығы түрмеден босап шыққан адамдарға консультациялық көмек беріп қана қоймай, керек жағдайда ақысыз оқу мен мүгедектікті алу жағынан да жәрдем береді. Ал, мұндай орталық елімізде тек Шымкент пен Павлодар қалаларында ғана бар. Сондықтан аталған орталықтың санын көбейткен жөн. Ал, жұмыс берушілер сотталған десе, бастарын ала қашады. Сондықтан болу керек бостандыққа шығып, өз бетімен жұмыс тапқандары көбіне өздерінің сотталғандығы туралы айтпайды, жасырады. Сотталғандарды жұмысқа алу туралы қаулы бар болғанымен, бірақ сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне қатысты қарапайым шарттардың өзі орындалмай отыр. Еңбекті бақылау департаменті мекемелерді тексеріп сотталғандардың еңбек етуге деген құқықтары орындалмай жатқанын ашып көрсетуі керек сияқты. Үнемі тексеріс жасалып, түзеу мекемесінен шыққандарды жұмыспен қамтамасыз етуді заңдастыруды әкімшілік өз тарапынан жұмысқа орналастыруға белсенді атсалысса, бұл ол адамдардың бостандық өмірге тезірек үйреніп, бейімделуіне оңайлау болар еді.

Қазақстанда алғаш рет 1720 жылы қылмыс жасағандарды топырлатып қамайтын түрме Петропавлда салынып, кейіннен Семей, Орал секілді қалаларда жалғасты. Сөйтіп, ХХ ғасырдың басында 20 абақты болды. Ондағы жағдай туралы айтудың өзі қиын, өйткені, олардың бәрі кек қайтару мен ұсталғандарды қорқытуға, үрейлендіруге арналған еді. Еліміз өзінің егемендігін алар кезде сотталғандар саны бойынша біз әлемде АҚШ пен Ресейден кейінгі 3 орында тұрдық. Көптеген тынымсыз жұмыстардың арқасында әуелгі уақытта түзеу мекемелеріндегі жағдайды оңтайландыруға қол жетті. Сөйтіп, соңғы 12 жылда бас бостандығынан айырылып сотталғандардың саны 4 есеге төмендеді. Егер сонау 2000 жылы 40 мың адам сотталса, өткен жылы 9 мыңнан сәл артты. Осының арқасында болса керек, 2011 жылы Қазақстан халықаралық түрме орталығының мәліметтеріне сәйкес түрме индексі бойынша 3-ші орыннан 31-ші орынға ауысты. Әрине, бұл айтарлықтай нәтиже болғаны даусыз. Бір қатар шет елдерде қылмыскерлерді электронды басқару жүйесі қолға алынған, электронды мониторинг күш көрсету арқылы қылмыс жасағандарға немесе күш көрсетіп жасалған қылмыс «абайсызда» болды дегендерге қолданылады. Ал

Швецияда телефон компьютерге жалғанып, сотталғанның аяғына арнайы білезік тағылады. Пробация қызметінің қызметкері сотталғанның қашан пробация қызметіне келу қажеттігін, жұмыста және қанша уақыт үйде болу керектігін тізбелеп береді. Қорытындылай келе, мақаламызда бас бостандығынан айырылған адамдардың қоғамға қайта бейімдеудің қажеттілігі туралы баяндалды. Болашақ психолог маман ретінде осы мәселені зерттеу өз жалғасын табады деген ойдамыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)
2. Group-global.org Авторы: М. Бисенова
3. Тасболатова А. Түрме жетіскеннен отыратын жер емес // Егемен Қазақстан. № 2013

ж.

ӘОЖ 547:378(045)

### ОГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҰҒЫМДАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

**Кушербаева Қ., магистрант, Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Научный руководитель: Туркменбаева М. Б.**  
**Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Аннотация:** Мақалада білім беру саласында органикалық химия курсы мазмұнын жетілдірудің негізгі бағыты мен ұғымдарын ашып көрсету арқылы оқу пәнінің мүмкіндіктерін барынша толық пайдаланудың әдістемелік мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** органикалық химия, оқыту әдістемесі, ұғымдар жүйесі, жаттығулар.

Органикалық химияны оқып үйренуде жаттығулар алуан түрлі қызмет атқарады. Олар оқытушыға баяндау процесінде материалды студенттердің қаншалықты түсінгендігін тексеруге, өтілген материалды пысықтауға, қалыптастырылатын ұғымдарды дәлелдей, тереңдете түсуге, білімді қолдана білуді үйретуге мүмкіндік береді. Жаттығулар студенттердің таным қабілетін сөзсіз дамытатын құрал екендігі белгілі.

Оқытушы бір жаттығуларды жаңа материалдарды баяндау немесе оны қорытындылау процесінде пайдаланады – бұлар білімді жаңа жағдайға көшіруді керек етпейтін біршама оңайлау мәселелер; басқа, күрделілеулерін білімді бекітуге үйге тапсырмаға береді, үшіншілерін келесі сабақтарда білімді тексеру, ұғымдарды нақтылап, дамыту үшін пайдаланады, жаттығулардың бір бөлігін аудиторияда студенттердің өздігінен жұмыс істеуі үшін іріктеп алады және т.с.с.

Жаттығуларды таңдау тақырыптың, сабақтың, қалыптастырылатын белгілі бір ұғымның барлық негізгі мәселелерін қамтуы тиіс. Мысалы, метанды өткенде бұл газдың жеңіл, түссіз, жанғыш екендігі, оның оттегімен және ауамен қоспасының қопарылыс беретін қауіпті екендігі айқындалады, жану өнімдері бойынша заттың сапа құрамы жайлы болжау жасалады. Студенттер бұл ұғымдарды қаншалықты меңгергендігін қалай тексеруге болады? Қайталайтын жауапқа есептелген тікелей сұрақтар бұл мақсат үшін онша нәтижелі еместігі айқын нәрсе. Білімді саналы түсініп меңгерудің белгісі оны басқаша жағдайда қолдана білу болып табылады. Мұнда сонымен қатар ұғымдарды нақтылап, дамыта түсуге көмегін тигізетін жаңа білім элементтері пайда болуы тиіс.

Метан бірқатар белгілері бойынша сутекпен ұқсас. Айыратын белгілерін табу қажеттігі туады, осыған байланысты мынадай сұрақтар қоюға болады: метанды сутектен қалай ажыратуға болады? Газдардың тығыздығын табу жайлы ұғымды бекіту мақсатымен

метанның сутек және ауа бойынша тығыздығын анықтау ұсынылады. Жану реакциясын және оны метанның сапалық құрамын дәлелдеу үшін пайдалануды қалай меңгергендігін тексеру үшін сандық құрамын анықтау әдісін табуды ұсыну керек. Бұл жаттығуды орындау метан жанған кездегі газдардың көлемдік арақатынасын білу қопарғылыштықтың жоғарғы және төменгі шектеріндегі газдардың арақатынасын табу жайлы мәселе қоюға мүмкіндік береді.

Метанның химиялық қасиеттерінен хлорлау реакциясы барынша толық қарастырылады. Қайталанатын сұрақтарды қолданбау үшін, басқа галогендердің әсері туралы түсінік беріп, метанды бромдау реакциясының теңдеуін, йодоформның формуласын және т.б. келтіру ұсынылады.

Жаттығуларды көп жағдайда ұғымдарды қалыптастырып, дамытудың ажырамас элементін құрайтындықтан, оларды шығарып тастау білімнің жеткіліксіз болуына әкеп соғады.

Студенттер белгілі бір заттың химиялық қасиеттерін сипаттағанда, көбіне сабақта өтілген реакцияларды ғана келтіретіндігі мәлім. Жаттығулардың мақсаты – елеулі белгі – реакциялардың типі бар болғанда реагенттерді таңдап алу өзгермелі белгі екендігін көрсету. Сондықтан, мысалы, спирттердің гомологтық қатарын оқып үйрену кезінде спирттердің әр түрлі сілтілік металдармен және галогенсутектермен реакциялары теңдеулерін құруға, симметриялық қана емес, сондай-ақ аралас эфирлерді алуға арналған жаттығулар беріледі.

Тек жаттығулардың көмегімен ғана үлкен молекулалы заттар мен оларды синтездеу үшін полимерлену және поликонденсациялау реакцияларының маңызы жайлы ұғымды едәуір кеңейтуге болады. Студенттер тек жаттығулар жүйесінде ғана тефлонның, полихлорвинилдің, кейбір каучуктардың, синтетикалық талшықтар – лавсан, нейлон, тағыда басқаларының синтезделуі, құрылысы және жалпылама түрде қасиеттерімен танысады. Мұндай жаттығуларды орындау тұтасымен бұрыннан игерген білімді қолдануға негізделеді де оларды тереңдетіп, бекіте түседі. Тефлонның синтезі этиленнің полимерлену реакциясын түсінуді нықтайды; лавсан синтезін қарастыру этерификация реакциясын білуді керек етеді; полиамидті талшықтар синтезі теңдеулерін құрастыруға арналған жаттығулар амин қышқылдарының поликонденсациялау реакциясы жайлы білімді бекітеді және т.с.с.

Органикалық химияның жалпы ұғымдарын қалыптастырып, дамытуда жаттығулардың ролі ерекше айқын көрінеді.

Гомология ұғымы көмірсутектерінің алғашқы қатарларының мысалында қалыптасатындығы белгілі. Осы ұғымды меңгерген білім алушылар кейін өтілген заттар үшін гомологтық қатарларды өздері табуы тиіс. Гомологтарды жай біліп қою онша маңызды болмаса да, әр алуан заттарды оқып үйрену кезінде олардың структуралық формулаларын қарастыруға арналған жаттығуларды үнемі орындау қажет, атап айтқанда, гомология және изомерия ұғымдарын ажыратуға байланысты жаттығулар үнемі берілуі керек.

Өтілген ұғымдарды салыстырып, қорытындылауға арналған жаттығуларды айрықша ойластырып берген жөн. Мұндай жаттығуларды осы логикалық операцияларды қажет ететін білім қоры жиналуына қарай жүйелі түрде беріп отыру керек.

Жаттығулар ұғымдарды қалыптастыру және дамыту процесінде орынды түрде енетіндіктен, оларды үйге тапсырмаға беріп, кейін дәптерлерін көз жүгіртіп қарап шығумен шектелмей, аса маңызды жаттығуларды аудиторияда талқылап, олардан туатын қажетті қорытындыларды тұжырымдап отырған жөн.

Пәнді оқып үйренудегі жоғары нәтиженің – студенттердің білімі мен дамуы сапасының көрсеткіші – олардың жаттығулар құрастыруы болып табылады. Жаттығуды тұжырымдау үшін әр түрлі білімді салыстырып, көптеген синтездеу жұмысын атқарып, осыған сүйене отырып, шешуді керек ететін сұрақты көре білу талап етіледі. Мұндай жұмыс ғылымға интеллектуальды ынта – ықыластың пайда болуына және белсенді ақыл –

ой әрекетінің дамуына зор мүмкіншілік беретінін біле отырып, студенттерді бұған барынша талпындыру керек. Студенттердің қызық сұрақтар мен жаттығуларды тұжырымдай алатындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Тәрбиелік мақсатта олардың ұсыныстарын аудиторияда талқылап, ең сәтті шыққандарын сабақта пайдаланып отырудың маңызы зор.

Сонымен, ұғымды қалыптастыру процесін ойдағыдай және мақсатты түрде басқару үшін оқытушы әрбір ұғым үшін негізгі кезеңдерді айқын біліп, әзірлік жұмысының мазмұнын не құрайтынын алғашқы оқып зерттеу кезінде қандай белгілер, қандай материалдар арқылы және қандай тереңдікте ашылуы керек екенін, одан кейін қандай жақтары дамытылуы тиіс екенін, ұғымды қолдану және оны бекіту үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылуы қажет екенін анықтауы керек. Ұғымдарды алдын ала талдау процесінде студенттердің ой желісін дұрыс басқаруды қамтамасыз ету үшін оларды оқып үйрену студенттерден қандай ой операцияларын (салыстыру, абстракциялау, т.с.с.) керек ететінін анықтау қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Корощенко А.С. Преподавание органической химии на базовом уровне. Методическое пособие – М.: Дрофа. 2007.- 224 с.

2. Нұғыманұлы И., Шоқыбаев Ж. Ә., Өнербаева З. О. Химияны оқыту әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы: PRINT-S, 2005.- 354 б.

ӘОЖ 541:64(045)

## ПЛАСТМАССА ӨНДІРІСІНІҢ ҚАЛДЫҚТАРЫН ӨНДЕУ

Туркменбаева М. Б., Ш. Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аннотация:** Мақалада «Экология және химиялық инжиниринг» кафедрасының жанында ұйымдастырылған «Жас технолог» үйірмесінің ғылыми ізденіс саласы бойынша ең нәтижелі ізденістерінің біріне қалдықтарды көбіктелген полистролдан қабатты орта қорғағыш конструкция жылу өткізбейтін және конструкциялы функция ретінде пайдалану мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** пластмасса өндірісі, өндіріс қалдықтары, полимерлік қалдықтарды пайдалану, пиролиз процесі, көбіктелген полистрол.

Қазіргі халық шаруашылығында күннен күнге полимерлік материалдарға қажеттілік өсіп жатыр. Пластмасса өндірісінің өсуі мен оны қолдану арқылы одан қалатын өндірістің қалдықтары да көбеюде.

Полимерлік пластмассалардың қалдықтарын іске асыру шикізат қорларын көбейтуде шикізаттың негізгі алғашқы керектілігін азайтудағы ең негізгі фактор болып қаралады. Бұл полимерлік қалдықтарды пайдалану қоршаған ортаны қорғауда ең шешуші проблемаларға жатады, өйткені атмосфералық жағдайда полимерлер ыдырағандықтан, олардың көбеюі топырақты ластайды.

Қазіргі кезде пластмассалы қалдықтарды өңдеу екі бағытта жүреді: оларды жою және қолдану.

Бірінші жолы - қоршаған ортаны қорғауда проблеманы шешпейді, полимерлі материалдардың шикізат қорын көбейтіп оны сол уақытта қолданады, егерде қалдықтарды басқа жағдайда қолдануға жарамсыз болады. Оларды жоюдың мына әдістері кең өріс алған: нақтылы жойып құрту, фото және бидеструкциялы жолымен көму сол сияқты. Пластмассалы қалдықтарды жағу қазіргі кезде кең өріс алған әдістерге жатады, дегенмен бұл тәсілді қолдануда кейбір қиындықтар кездеседі, Кейбір пластмассалар басқа

қалдықтарға қарағанда өте қатты жанады, сондықтан оны жағуға ауаны 4-5 есе көп қажет етеді. Полимерлердің жоғары жылу тауарлығына байланысты жылдам температурасы көтеріледі де пештің жұмыс істеуін қиындатады. Жағу кезінде пеште қолатын қалдықтарда (көмір қалдықтары, фосфорлы, кальций және басқа қатты қоспалар) жөндеу жұмысын ауырлатады. Сонымен қатар жағу кезінде пайда болатын улы газдар да екінші рет ауаны ластайды да қалдықты өңдеуде қосымша қиындықтар туғызады. Негізі мұндай қиындықтар голоңды қосылыстары бар поливинилхлоридта және отқа төзімді пластмассаларда болады. Бұндай жағдайда қалдықтарды жағуға мынандай типті пештердің ыңғайлы екені белгілі: түпті, ротоцианды, бұрылмалы ауа ағынды құрамындағы төменгі деңгейдегі жалынды пештер. Полимерлі қалдықтарды жағуда бұндай әдістер экономика тұрғысынан тиімсіз. Өңдеудің нарқын төмендету үшін регенерацияға түсетін жағу өнімдерінде пайда болатын жылуды қолданады.

Соңғы кездерде тексеріліп және жұмыс істеуге ыңғайлы фотодеструкциялық полимерлі қалдықтарды өңдейтін әдіс іске қосылуда. Полимерлі қалдықтардың фотоыдырауын полистиролды жолдары көп көңіл аудартады. Ауылшаруашылығында екінші рет фотоыдырауды қолдану топырақты мульцирваларда кортофель және көкөністерді өсіруде олардың гидротермиялық қасиетін жоғарылата отырып, арамшөптердің өсуін кетіріп өсімдіктерді қадағалаудағы шығынды азайта отырып, өсімдіктердің жоғары өнім беруіне де септігін туғызады.

Полимерлерді, полимерлі қалдықтарды жерге көму перспектикалы әдіске жатпайды, өйткені бұл әдіс ауаны ластай отырып үлкен көлемді жерді керке етеді және ол жерлер ұзақ жылдар бойы ауыл шаруашылығына жарамсыз болып қалады. Полимерлерлі қалдықтарды қолданудың бірнеше жолдары бар. Пайдаланудың әдісі болып пластмассаны регенерациялау соңғы жылдары жоғары өріс алып келеді.

Термопластикалық смол қалдықтарын регенерациялауда метниктерді жинап, майдалап және 5-10% есебінде бастапқы шикізатқа қосады. Терморреактивті пластмассалар қалдығын регенерациялауда оларды ұнтақ түрге дейін майдалап инертті қоспа жағдайына қолданылады. Бұл бастапқы смолаларға қарағанда 2 есе арзанға түседі шикізатқа (компонетке) 20% дейін қалдықты литья технологиясын қысым арқылы өзгертудің қажеті жоқ. Пенополиуренд және пенополициция пенополцизацияуендтардан қалған қатты қалдықтардан полиоландарды регенерациялау әдісі құрастырылды. Майдаланған қалдықты реакторда қыздырады, ертіндімен толтырылған 90-95% алифаттылық гликолды және 5-10% диалкаколина. Тұтқырлық сұйықтарды гидролиздеу азотты ауада 20 сағатқа галогенді қоспа түзгенше жүргізеді. Регенировандалған полиол тазаламай-ақ пенополиуренді өндірісіне жіберуге болады.

Пластмасты қалдықтардың келешегі бар әдістерге термиялық ыдырау жатады пиролиз. Пиролиз жүргізу 973-1273 К оттекті немесе оттегі аз ауада полимердің жануына жағдай туғызады. Пиролиздің өнімнің құрамы мен мөлшері оның полимерден бастапқы жағдайы мен технологиялық реттігіне байланысты болады. Полиэтиленнен пиролиз жолымен псевдоөнімдік қабатына 1013 К-де 25% дейін этилен, 16% метан, 12% бензол және 10% пропилен алынады. Пиролиздеуге полимер қалдықтарынан пайдалы (воскілер) немесе микроорганизмдердің жәрдемімен тез ыдырайтын үздіксіз жолы ұсынылады.

«Экология және химиялық инжиниринг» кафедрасының жанында ұйымдастырылған «Жас технолог» үйірмесінің ғылыми ізденіс саласы бойынша ең нәтижелі ізденістерінің біріне қалдықтарды көбіктелген полистролдан қабатты орта қорғағыш конструкция жылу өткізбейтін және конструкциялы функция ретінде пайдалану болып табылады. Сонымен қатар полимер қалдықтарынан жеңіл салмақты полибетондар өндірісінде толықтырғыштар алынады және полимербетон отқа өте төзімді агрессивтік ортаға тұрақты, жылу жібермейтін қасиеттерге мол. Сол сияқты жол қабатында қолданылатын асфальтобитум алу процесі де жол құрылысын жақсартатын материалдарда полистролды қалдықтардан алыну жолы да жолға қойылуда. Пластмасса қалдықтарын құрылысқа қолдану мүмкіншілігі туралы іздену жұмыстары жүргізілуде.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Туркменбаев Б.А., Туркменбаева М.Б. Өндірістің табиғатқа тигізетін әсері./ Ж. «Ғылым және білім», №2, Ақтау, 2012. 30-35б.
2. Туркменбаева М.Б. Жол-құрылыс материалдарын алу негізінде мұнай қалдықтарын пайдалану. IV- халықаралық ғылыми- практ. конф. материал. жинағы.– Атырау, 24-25 сәуір 2014,-Т. 2, 275-279б.
3. Туркменбаева М.Б., Қуанова А. А. Тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарынан бөлінетін эмиссиялық газдар көлемін есептеу тәсілдері. «I Халықаралық Есенов оқулары» жинағы, Ш. Есенов ат. КМИТУ Ақтау.
4. Туркменбаева М.Б., Аяпбергенов Е.О., Акмуратов К.А. Разработка перспективных асфальтобетонных смесей на основе НБП (Кира) месторождения Карасязь-Таспас.//Yessenov Science Journal, №2 (34) 2018, с.57-61.

УДК 643.48.04

### ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ БИОРАЗНООБРАЗИЯ КАСПИЙСКОГО РЕГИОНА

Балкиев Е., студент, КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Ақтау  
Научный руководитель: Кисаева З.Н.  
КГУТИ им. Ш. Есенова, г. Ақтау

**Аннотация:** Разрушение прибрежных ландшафтов и прибрежной инфраструктуры, вызванное современными изменениями уровня моря, приводит к дополнительному загрязнению водной среды нефтепродуктами. В связи с этим первостепенное значение приобретает изучение причин изменения уровня моря, прогнозирование его многолетних колебаний. Колебания уровня Каспия, в свою очередь, вызывают интерес и как показатель регионального изменения климата, связанного с глобальными изменениями.

**Ключевые слова:** Каспий, экология, биоразнообразие, окружающая среда, климат.

Каспийское море-озеро, расположенное во внутриматериковой впадине на границе Европы и Азии, является самым большим внутренним водоемом на Земле с водосборной территорией около 3,5 млн. км<sup>2</sup> и общей площадью около 400 000 км<sup>2</sup> (за период инструментальных измерений площадь моря менялась приблизительно от 350 000 км<sup>2</sup> до 430 000 км<sup>2</sup> при изменении уровня моря от -25 м до -30 м) [Голицын, Панин, 1989а, б]. Говоря о Каспийском море, мы в первую очередь характеризуем его как водоем, производящий осетровых, хотя не меньшего внимания заслуживают его нефтяные и газовые ресурсы. Специфической особенностью этого моря-озера являются резкие изменения уровня воды в нем. Каспийское море уникально и по размеру: длина его 1200 км и ширина от 196 до 435 км. Объем воды — приблизительно 78 700 км<sup>3</sup>.

В настоящее время Каспийский регион, и в первую очередь само море, переживает серьезные изменения окружающей среды, влияющие на условия жизни коренного населения. Это выражается в ухудшении здоровья человека и качества его жизни, снижении запасов коммерческих видов рыб, включая осетровых, снижении биоразнообразия. Экологические проблемы Каспия и его побережья являются следствием всей истории экстенсивного экономического развития в странах региона. На это накладываются как долговременные природные изменения (вековые колебания уровня

моря, изменение климата), так и социально-экономические проблемы сегодняшнего дня (экономические кризисы, региональные конфликты, развитие добычи нефти).

Разрушение прибрежных ландшафтов и прибрежной инфраструктуры, вызванное современными изменениями уровня моря, приводит к дополнительному загрязнению водной среды нефтепродуктами. В связи с этим первостепенное значение приобретает изучение причин изменения уровня моря, прогнозирование его многолетних колебаний. Колебания уровня Каспия, в свою очередь, вызывают интерес и как показатель регионального изменения климата, связанного с глобальными изменениями. Заметим, что опасности, обусловленные климатическими изменениями, признаются самыми серьезными угрозами человечеству в наступившем XXI в.

К основным экологическим проблемам в Каспийском регионе в настоящий момент относят также "биологическое загрязнение" в виде новых вселенцев. Заметим, что вселение (преднамеренное или случайное) новых видов животных и растений может оказаться для Каспийского моря наиболее существенным и возможно самым необратимым. Значительная часть ущерба, наносимого природе человеческой деятельностью, не поддается пока точным экономическим расчетам. Отсутствие надежных методов экономической оценки биоразнообразия и экологического состояния моря приводит к тому, что прикаспийские страны отдают пока предпочтение развитию добывающих отраслей в ущерб устойчивому развитию Каспийского региона. Несмотря на остроту экологических проблем в отдельных районах Каспийского моря, в целом бассейн, по нашим оценкам, остается еще достаточно чистым.

Особое место занимает рассмотрение экологических проблем Каспийского моря, его биоразнообразия, а также анализ современной социально-экологической ситуации в Каспийском регионе.

Биоразнообразие Каспийского региона обусловлено историей и географической изоляцией. Биоразнообразие водной среды Каспия связано с многолетней историей моря и его изоляцией, способствовавшей видообразованию. Число эндемических водных таксонов впечатляет – 400. На Каспии 115 видов рыб, некоторые из которых являются анадромными и мигрируют на нерест в реки. Среди них наиболее известными являются семь видов и подвидов осетровых, которые веками были ценным хозяйственным ресурсом. Каспийский тюлень, эндемик — один из двух существующих в мире видов пресноводных тюленей (еще один вид обитает в озере Байкал). Прибрежные водно-болотные угодья, включая временные и постоянные озера, многие из которых — соленые, привлекают различные виды птиц. В течение года птицы в больших количествах встречаются на Каспии и вокруг него; во время миграций их число значительно возрастает, птицы занимают обширные дельты, мелководья и водно-болотные угодья.

В Каспийском море обитает около 90 процентов мировых запасов осетровых рыб. Однако, возможно, уже через пять лет каспийские осетры исчезнут совсем. Сейчас их численность достигла критической отметки. Для самого же Каспия наступили трагические времена. Такая ситуация сложилась во всех пяти прикаспийских странах.

Растительный мир Каспийского моря состоит из 728 видов и подвидов низших растений и 5 видов высших. Необходимо учитывать, что морская флора существенно отличается от наземной. Если на суше преобладают высшие, то в морях — низшие растения (водоросли).

Следы флоры Каспийского моря известны с миоцена. Населявшая его морская флора претерпела коренные изменения под влиянием неоднократных осолонений и опреснений, что привело его к обогащению пресноводными видами и к значительному обеднению морской флорой. В ней отсутствуют многие группы водорослей, свойственные морям с нормальной соленостью. Так, в Средиземном и Черном морях преобладают красные водоросли, а в Каспийском — диатомовые (292 вида), зеленые (139 видов) и сине-зеленые (203 вида). Остальные типы водорослей представлены значительно меньшим числом видов.

**ВОДОРΟΣЛИ.** К водорослям относится сборная группа низших, обычно водных растений. Одноклеточные, колониальные и многоклеточные, иногда тканевого строения, организмы. Они содержат в своих клетках хлорофилл и другие пигменты и вырабатывают органические вещества в процессе фотосинтеза, Цветков и семян у водорослей нет. Окраска весьма разнообразная и зависит от соотношения хлорофилла и других пигментов.

Водоросли обитают преимущественно в воде, однако среди них есть формы, живущие на суше.

Синезеленые водоросли или цианобактерии. Одноклеточные, колониальные или многоклеточные организмы. Отличаются примитивностью морфологической организации, сближающей их с бактериями.

Сине-зеленые водоросли могут жить в условиях низких (0оС) и высоких (90оС) температур, в водах различного химического состава. Им свойственен также симбиоз с растениями и бактериями, паразитизм на растениях и животных. Всего известно 2000 видов сине-зеленых водорослей, в Каспийском море обнаружено 203 вида, что составляет около 10%.

Наиболее разнообразно сине-зеленые водоросли представлены в Северном Каспии, приносимые сюда водами Волги. Видовой состав сине-зеленых водорослей разных участков Каспийского моря неодинаков. Наиболее богат сине-зелеными видами Северный Каспий, наименее — Южный. Средний Каспий по видовому разнообразию сине-зеленых, ближе к Южному, чем к северному. В целом, в Каспийском море преобладают не морские, а пресноводные и солоновато-водные виды.

Зеленые водоросли. Отличаются зеленым цветом и набором пигментов, характерным для высших растений, одноклеточные, колониальные, многоклеточные и неклеточного строения.

Зеленые водоросли обитают главным образом в пресных водах, некоторые виды — на суше, на почве, на поверхности снега и льда и в термальных источниках. Много видов обитает также в солоноватых и морских водоемах. Известно 20 тыс. видов.

В Каспийском море обитает 139 видов зеленых водорослей. Они встречаются исключительно в устьевых участках рек и в Северном Каспии.

В Каспийском море встречено 39 видов пиррофитовых водорослей. Они обитают в планктоне. Наиболее широко распространенным видом является ЭКЗУВИЕДЛА.

**ХАРОВЫЕ ВОДОРΟΣЛИ.** Представляют собой крупные растения, кустисто ветвящиеся, членисто-мутовчатого строения, укореняющиеся бесцветными ризоидами. Каждое междоузлие — одна многоядерная гигантская клетка длиной до нескольких сантиметров.

Они широко распространены в пресноводных прудах и озерах, **ОСОБЕННО С ЖЕСТКОЙ ИЗВЕСТКОВОЙ ВОДОЙ**, некоторые встречаются в морских заливах и солоноватых водоемах. Известно около 300 видов, а в бывшем СССР -57 видов. В Каспийском море обитает 10 видов, развивающихся главным образом в районе мелководных, заиленных, защищенных от волнений заливов.

**БУРЫЕ ВОДОРΟΣЛИ.** Характеризуются бурым цветом. Длина до 60 м. К ним относятся разнообразные по форме и строению многоклеточные морские водоросли. Размножаются половым путем.

Бурые водоросли обитают преимущественно в холодных морях, есть и эстуарные виды. Известно около 1500 видов бурых водорослей. В Каспийском море встречается 13 видов, в Каспийском заливе широко распространен ЭКТОКАРПУС.

**КРАСНЫЕ ВОДОРΟΣЛИ.** Цвет от розового до темно-красного. Клеточная стенка состоит из внутреннего целлюлозного и внешнего пектинового слоев. Обитают преимущественно в морях, некоторые виды в холодных текучих водах, на почве, на стенах. Среди красных водорослей есть паразиты и полупаразиты, живущие на красных водорослях других видов. Всего известно 3800 видов красных водорослей, в Каспийском

море — 25 видов. Наиболее широко распространены по всему морю ЛАУРЕНЦИЯ, ПОЛИСИФОНИЯ, МЕЛОБЕЗИЯ.

**ВЫСШИЕ РАСТЕНИЯ** В отличие от низших растений высшие растения — сложные дифференцированные многоклеточные организмы, приспособленные к жизни в наземной и водной среде. Преобладают наземные растения, в морских и пресных водах обитает небольшое число видов высших растений. В настоящее время известно 3000 видов высших растений. В Каспийском море, не считая сильно опресненных участков, обнаружено всего 7 видов высших водных растений.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. <http://referati-besplatno.ru/ekologiya-kaspiya>
2. <https://www.kazedu.kz/referat/91248>
3. <https://ecoteco.ru/library/magazine/zhurnal-111/ekologiya/kaspiy-problemy-kaspiya-resheniya-problem-kaspiya-na-sovremennom-etape/>.

**ӘОЖ 349.6 (045)**

### ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Аймұханқызы А., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**  
**Ғылыми жетекші: Усенбаева А. У.**  
**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы**

**Андатпа:** Мақалада экологиялық білім беру, экологиялық ағарту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** ақпарат; маман; заңгер.

Қазіргі кезде экологиялық білім беру және тәрбие мәселелері жалпы тәрбие беру мен білім жүйелері дамуының өзекті бағыттарының бірі болып саналады. Экологиялық білімсіз қоғамдық экологиялық сана құруы мүмкін емес.

Экологиялық білім беру - жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларды қалыптастыру, имандылық-эстетикалық қатынастарды қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз білімін көтеруінің және дамуының үздіксіз процесін білдіреді.

Экологиялық білім беру мен ағартудың мақсаты орнықты даму принциптеріне негізделген азаматтардың белсенді өмірлік ұстанымын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы экологиялық білім беру, экологиялық ағарту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру орнықты дамуға арналған білім жүйесінің бір бөлігі ретінде дамиды.

Экологиялық ағарту ісі - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білім, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпарат тарату болып саналады.

Экологиялық тәрбие дегеніміз бұл адамдардың сезіміне, санасына, көзқарастарына әсер ету әдістері ретінде көрініс табады. Ол азаматтардың саналық деңгейінің артуына, табиғатқа қарым қатынасының өзгеруіне, табиғат ресурстарына ұқыптылықпен, үнемшілікпен қарауға, оның жайкүйіне жаны ашып қарауға, табиғи ортада өзін өнегелі ұстауға әсер етеді.

Экологиялық тәрбие қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтып бірнеше деңгейлерде жүргізілуі керек. Жеке тұлғаның түзілуі негізінен отбасында жүреді.

Сондықтан ата-ана баланың қоғамдағы негізгі мінез құлық нормаларымен қатар, экологиялық мәдениеттің де негіздерін үйрете бастауы керек.

Көбіне, балалардың экологиялық білімділігі ата-аналарының деңгейінен әлдеқайда жоғары. Ата-аналары мен балалары өздерінің зерттеулерінің нәтижелері бойынша, қоршаған ортаға ешқандай жамандық жасамай ақ тіршілік ортасына белгілі бір дәрежеде зиян тигізіп жатқанымызды байқауға болады: қайта қалпына келмейтін табиғи ресурстарды ондысолды шашудамыз, суды, ауаны ластаудамыз, көптеген тұрмыстық қоқыстарды шығарып жатырмыз. Табиғатты қорғауды өз үйіңнен бастауға болады, яғни суды үнемдеп жұмсау, оның ластануын төмендету, озон бұзатын заттары жоқ аэрозольдарды қолдану және тағы басқалар. Сөйтіп экологиялық мәдениеттің басы отбасында түзіле бастайды [1].

Одан кейінгі экологиялық тәрбиенің қалыптасуы қоғамның қатысуымен болуы керек. Бұл көбіне елдің басшыларына, олардың экологиялық мәдениетінің деңгейіне, қоршаған табиғи ортаны қорғау мақсаттарына қаншалықты көңіл бөлініп жатқанына байланысты.

Экологиялық тәрбие беруді әртүрлі жолдармен жүргізуге болады. Бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының және қоғамдық экологиялық ұйымдардың ролі зор. Баспасөз ақпарат құралдарының бірінші болып экологиялық қолайсыз жағдайлар туралы дабыл қағып халықты құлағдар етіп отыруы керек. Осының арқасында халықтың экологиялық сана сезімі өсіп, көтеріледі. Экологиялық тәрбие экологиялық білім берумен толықтырылады.

Экологиялық білім беру - балабақша, орта мектеп, лицей, гимназия, колледждерде, жоғарғы оқу орындарында үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру мен ұйымдастырудың мемлекеттік жүйесі болып саналады.

Экологиялық білім беру - бұл табиғатты пайдаланудың дайындау, іргелі негіздері ретінде жалпы экологияның теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі. Ол табиғатты қорғаудың теориясы мен практикасын игеруге бағытталған оқыту жүйесі - табиғатты қорғау білімімен тығыз байланысты.

Экологиялық білім - қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті білімді, әдетті, ептілікті, икемдікті қамтиды. Ол кәсіби мамандарды дайындауға ықпал етіп, кадрларға білім беру, оларды дайындау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Заңдар бойынша экологиялық тәрбие мен білім берудің бәріне ортақ кшендік және үздіксіз болуы қарастырылған.

Бәріне ортақ қағидасы бойынша экологиялық тәрбие мен білім беру қоғамның барлық мүшесін қамтуы керек. Экологиялық пәндерді оқыту жоғары оқу орындарының барлығында жүргізілуі керек. Алайда, жоғарыда айтылғандай, экологиялық ағарту жұмысы тек оқытумен ғана шектелмеу керек, бұл жерде баспасөз ақпарат құралдарының, қоғамдық экологиялық ұйымдардың да ролі зор.

Экологиялық тәрбие мен білім берудің кешендік қағидасы бойынша, әртүрлі екі процестің ғылыми негізделген әдістемелік талаптарды ескере отырып адамдардың санасына бірлесіп кешенді әсер ету.

Үздіксіз қағидасы, азаматтардың, мамандардың, басшылардың кәсіби жұмысы барысында қоршаған ортаға, адамдар денсаулығына жағымсыз әсер етуіне байланысты экологиялық тәрбие және білім беру жүйесі бойынша өздерінің біліктілігін көтерудің құқығы мен міндеттерін білдіреді.

Сонымен, экологиялық тәрбие мен білім берудің негізгі мақсаты - қоғамдық сананы экологизациялау болып табылады. Экология міндеті - адамның тіршілік барысында қалыптасатын рухани ортасын сақтау. Ол өз кезегінде өмірдегі қоғамдық мәселелермен қатар, өзі тіршілік ететін ортаны басқаруды да белсенді, көрегендікпен шеше алатын жеке тұлғаның дамуына ықпал ету [2].

Экологиялық ақпараттар алуға және қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдауға қоғамның қатысуы бойынша Қазақстан қол қойған Орхус Конвенциясы халықтың экологиялық саясатқа қатысуына үлкен жол ашады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қуатбаев А.Т. Жалпы экология. – Алматы, 2008 ж, 220 б.
2. Күлтелеев С.Т., Рахметов Е.Ш. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы. – Алматы, 2008 ж, 10 б.

ӘОЖ 349.6 (045)

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ АҒARTУ

Усенбаева А.У., Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қаласы

**Аңдатпа:** Бұл мақалада экологиялық білім беру, экологиялық мәдениет және экологиялық ағарту мәселелері қарастырылған.

**Түйінді сөздер:** ресурс; кадр; зерттеу.

Қазіргі таңда экологиялық дайындықтан өткен тәрбиешілердің жеткіліксіз болуына және оқу құралдары мен бағдарламалардың болмауына байланысты көптеген балалар экологиялық тәрбие беру жүйесінен шет қалып отыр. Республика мектептерінде экология сабақтары жүйелі түрде өткізілмейді. Оқу процесінде пайдаланатын экология пәні бойынша оқулықтар мен оқу құралдары ескірген, қазіргі таңдағы Қазақстандағы экологиялық мәселелердің ерекшеліктерін көрсете алмайды. Осы күнге дейін елімізде экологиялық білім берудің біртұтас бағдарламасы және экологиялық арнайы мектептер, гимназиялар, лицейлер жоқ деп айтуға болады [1].

Жоғары оқу орындарында экологиялық білім беру біршама кәсіби деңгейде жүргізіледі. Қазіргі кезде Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында экологиялық пәндері бар факультеттер бар. Айта кетерлігі, халықаралық талаптар бойынша эколог-мамандарды даярлауда тек жетекші университеттер ғана есепке алынады.

Қоршаған ортаны қорғау туралы, ерекше қорғалатын аймақтар туралы заңдар, қажетті нормативтік құқықтық базалар, экономикалық механизмдер болғанымен іс жүзінде ол заңдар, ережелер өз дәрежесінде жұмыс істемей жатыр. Мұның бір себебі, азаматтардың экологиялық мәдениеті деңгейінің төмендігі.

Экологиялық мәдениет бұл азаматтардың экологиялық салауаттылығы, ақпараттармен хабардар болуы, табиғатты тиімді пайдаланудың нормаларын күнделікті орындау белсенділігі мен сенімділігі ретінде көрініс табады [2].

Экологиялық ағарту ісі - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білім, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпарат тарату болып табылады.

Экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы негізгі міндеттер:

- экологиялық білім берудің мазмұнын өзекті ету, білім беру ұйымдарын қазіргі заманғы оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, оқытушы кадрлардың біліктілігін арттыру арқылы экологиялық білім берудің сапасын жақсартуды;
- қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі ұйымдастыру негіздерін, бағдарламалар мен іс-шараларды дамытуды;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттерді іске асыру үшін кәсіби кадрлар даярлауды қамтиды.

Экологиялық білім беру және ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру саласындағы қызметті мемлекеттік органдар, білім беру, мәдениет және ғылым ұйымдары, табиғат қорғау мекемелері, табиғат пайдаланушылар, қоғамдық бірлестіктер, жекелеген жетекші педагогтар мен ғалымдар ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Қоғам мен отбасында экологиялық ағартуды ұйымдастыруды оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде сектораралық ынтымақтасу мен ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау, біліктілікті арттыру мен қайта даярлау мақсатында білім беру, ғылым ұйымдары мен қоғамдық бірлестіктер жанынан өңірлік кеңестер (орталықтар) құрылады. Үздіксіз және кешенді экологиялық білім беру жүйесі білім берудің барлық деңгейлерін қамтиды.

Білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беру мамандандырылған және пәнаралық білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ экологиялық аспектілерді казіргі оқу пәндеріне кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

Табиғат қорғау мен табиғат байлықтарына ұқыптылықпен қарауға белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің басым міндеттерінің бірі ретінде танылады.

Сонымен қатар жеке тұлғалар мен қоғамдық бірлестіктердің қоршаған ортаны қорғау саласында өз қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық бағдарламаларды әзірлеуге, насихаттауға, экологиялық білім беру мен ағарту жұмыстарын орындауға, қоршаған ортаны қорғау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуге, мемлекеттік органдар мен ұйымдардан уақтылы, толық және дұрыс экологиялық ақпарат алуға, қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және өзара іс-қимыл жасауға, олармен келісімдер жасауға, олар үшін шарттар бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген белгілі бір жұмыстарды орындауға, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезеңінде оларды талқылауға қатысуға және әзірлеушілерге өз ескертпелерін ұсынуға, қоршаған ортаға байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды дайындау процесіне қатысуға құқылы болып саналады.

Экологиялық білім берумен қатар экологиялық ғылыми зерттеулерді жүргізу қажеттігі туындайды. Экологиялық ғылыми зерттеулер қоршаған ортаны қорғауды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету, табиғи экологиялық жүйелерді жақсарту, қалпына келтіру, орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі ғылыми негізделген іс-шараларды әзірлеу, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту, Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігі мен әлеуметтік, экономикалық және экологиялық теңгерімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Экологиялық ғылыми зерттеулердің міндеттері - қоршаған ортаның жай-күйін ғылыми тұрғыдан бағалау және болжау; ғылыми негізделген экологиялық нормативтерді, стандарттар мен талаптарды әзірлеу; табиғи ресурстарды кешенді және ұтымды пайдалануды негіздеу; қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында мемлекеттік реттеу мен басқаруды қамтамасыз ету үшін ғылыми ұсынымдар әзірлеу; экологиялық тұрғыдан тиімді ресурстарды сақтау технологияларын ғылыми тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және енгізу болып табылады.

Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттары мен қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы мамандықтар бойынша кәсіби білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді.

Мемлекет мынадай басым бағыттар бойынша:

1) Қазақстан Республикасының орнықты дамуға көшуі үшін білім беру саласында ұзақ мерзімді іс-қимыл жоспарын айқындау;

2) экологиялық білім беру мен ағартудың оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік негіздерін жетілдіру;

- 3) қоршаған ортаны қорғау саласында білікті мамандар даярлау;
- 4) экологиялық білім беру мен ағарту жөніндегі оқу және әдістемелік материалдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 5) қоғам мен отбасында экологиялық ағарту жөніндегі бағдарламаларды және іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымдарды дамытуға жәрдемдесу жөнінде экологиялық білім беру мен ағартуды қолдауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік қолдау шаралары: білім беру ұйымдарындағы экологиялық білім беруді (экологиялық білім беру мен ағарту, мамандардың біліктілігін арттыру жөніндегі оқу-әдістемелік жұмыстар мен іс-шараларды) әртүрлі мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламалар шеңберінде қаржыландыруды; мемлекеттік органдардың мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға белсене қатысуын; орнықты даму үшін білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс беруді; экологиялық білім беру мен ағарту саласындағы қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс беруді; қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалар шеңберінде экологиялық білім беру мен ағарту, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жөніндегі қажетті іс-шараларды қамтамасыз етуді қамтиды [3].

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2018. – 85 б.
2. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы. - Алматы. 2005. – 396 б.
3. Байдельдинов Л.Л. Экологическое законодательство РК. Алматы, 1995, стр. 128.

**ӘОЖ 349.6 (045)**

### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

**Дәуренова А.Д., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.  
Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.  
Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада экологиялық білім мен тәрбиенің көкейтестілігі, мақсаттары мен міндеттері, маңыздылығы айтылады. Сондай-ақ экологиялық тәрбиенің балаға бастауыш сыныптан бастап мектеп бітіргенше, одан соң жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға да берілуі туралы сөз болады.

**Түйінді сөздер:** «Экология» ғылымы, экологиялық білім, экологиялықтәрбие, экологиялық тәрбиенің көкейкестілігі.

Экологияның көп болса небәрі екі жүз жылдық тарихы бар. Экология терминін неміс биологы Эрнест Геккель (1968ж.). «Естественная история происхождения» атты кітабында[1] алғаш рет қолданған. Экология – «ойкос» деген грек сөзі, «үй, баспана» ұғымын білдіреді. Э.Геккельдің айтуы бойынша экология – зоологияның бір тармағы, жандыма құлықтардың органикалық және анорганикалық ортамен өзара қатынасын зерттейді. Экология ғылымы жеке пән түрінде биология ішінде пайд аболды. Экологияны ғылыми негіздеген эволюция туралы ілімнің негізін салушыағылшынғалымы Чарльз Дарвин, оның анықтауы бойынша экология тірі ағзалардың ортадағы тіршілік әрекетін және өзара қатынасын зерттейтін биологиялық ғылым. «Экология» ғылымы теориялық және тәжірибелік маңызы бар барлық ғылымның кешенді негізінде тез дами

бастаған салаға айналды. Экология дегеніміз – табиғатты пайдалануды қғылыми-теориялық негізі.

Экологиялық білім мен тәрбие берудің мынадай мақсаттарын алдымызға қойуымыз керек:

- қоршаған ортаға жауапсыздықпен қараушыларға жол бермеу;
- жастардың бойында экологиялық мәдениет дағдысын қалыптастыру;
- қоғамдық пайдалы еңбек және еңбек тәрбиесі арқылы табиғатты қорғау, күту және жақсарту;

- экологиялық білімді насихаттау.

- Экологиялық тәрбиенің негізгі мақсаты – жастардың экологиялық көзқарасын, санасын, табиғатқа үлкен парасаттылық, жауапкершілік, қарым-қатынасын қалыптастыру. Осы тәрбие арқылы адамның мәдениеттілік сезімі, экологиялық санасы қалыптасады. Осындай мақсаттардан экологиялық тәрбиенің мынадай басты міндеттері шығады:

- өмірде және нақты іс-әрекетінде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу;

- табиғатты қорғау және өзгертуге байланысты оқушыларды жаппай қоғамдық пайдалы еңбекке қосу;

- мектепте экологиялық білім және тәрбие қорамын ұйымдастыру; Ең басты міндеттердің бірі – мектеп оқушыларын табиғатты қорғау мәселелері туралы ғылыми теориялық және тәжірибелік біліммен қаруландыру.

Экологиялық тәрбие еңбек тәрбиесімен байланысты, өйткені өндірістік іс-әрекеттің барысында адам жерді пайдалану негіздерін, топырақты эрозиядан қорғауды игеру, дақылдарды суару мөлшерін, минералдық тықайтқыштарды, улы химиялық заттарды беру мөлшерінің мерзімін технологиялық талаптарға сәйкес есепке алып отырады.

Оқушылардың экологиялық білімнің белгілі жүйесін игеруі, табиғатты қорғауы, жер байлығын тиімді пайдалануы экологиялық мәдениетті жетілдіріп, дүние тану көзқарасын қалыптастырады. Аталмыш тәрбие балаға сонау бастауыш сыныптардан басталу керек. Олардың оқу бағдарламасындағы оқушылардың экологиялық іскерлік дағдысын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлері: өсімдіктердің даму кезеңіне фенологиялық бақылау жүргізу, мектеп және қоғамдық мүлікті ұқыптылықпен күту, тұрмыста электроэнергияны, газды, суды үнемді пайдалану сияқты пункттер енуі керек.

Ал орта және жоғары сыныптар оқушыларын кең көлемде экологиялық біліммен қаруландыру қажет.

Экологиялық тәрбие жұмыстарының мынадай түрлері бар:

1. Ауыл мектептерінің оқу-тәжірибе алақын бағалы ағаштар тұқымының көшеттерін өсіріп, көгалдандыруға пайдалану.

2. Мектеп оқушылары мемлекеттік орман шаруашылығына үнемі көмек көрсетіп отырады. Олардың негізгі атқаратын жұмыстарының түрлері: көшет материалдарын өсіру, ағаштар отырғызу, оларды күту, өрттен, ұрылардан қорғау, орман-тоғай зиянды жәндіктермен күресу.

- дәрі өсімдіктерін дайындау, жидек, саңырау-құлақ, т.б. жемістерді жинау;
- пайдалы жануарларды қорғау және есебін алып отыру;
- фенологиялық бақылау жүргізу.

3. Оқушылар ауылшаруашылық тәжірибе жұмысымен айналысады. Тәжірибе жұмысы биология, химия мұғалімдерінің, жергілікті ғалымдарының басшылығымен жүргізіледі.

4. Оқушылар табиғатқа зиян келтіретін адамдармен күреседі, қорықтағы ережені бұзушыларды анықтайды, химиялық улы заттарды, минералдық тықайтқыштарды сақтау және қолдану ережелерін бұзушыларды әшкерлейді.

5. Экологиялық тәрбиеге байланысты мектепте жаппай шаралар ұйымдастырылады. Олар: кештер, дәрістер, баяндамалар, т.б.

6. Жалпы білім беретін мектептерде экологиялық білім мен тәрбие әр түрлі сыныптардағы оқу пәндерінің мазмұны, қоғамға пайдалы жұмыс және өндірістік еңбек арқылы іске асырылады.

Экологиялық қоғамның мақсаты: қоғам мүшелерін өздері тұрған аймақтың табиғатын қорғауға, күтуге тәрбиелеу, зерттеу жұмысына тарту, зерттеуді жүргізудің әдістері мен тәсілдеріне үйрету, мектепті экологиялық жұмыстың орталығына айналдыру.

Қоғам мүшелері мектептегі жастар ұйымымен ынтымақтасып, тұрғылықты жерде экологиялық штабтар құрады, жорықтар, саяхаттар ұйымдастырады. Экологиялық деректерді, ғылыми мағлұматтарды білім және тәрбие процесінде пайдалану мұғалімнің білімділігіне, педагогикалық шеберлігіне, жоғары мәдениеттілігіне байланысты. Экологиялық тәрбие оқушылардың – табиғатқа жаңаша көзқарасын қалыптастырып, әр түрлі нысандарда жүргізіліп, жеке тұлғаның эмоциялық сезімдік әлемін қалыптастыруға бағытталып, адамгершілік, жауапкершілік қасиеттерін жетілдіреді.

Қазіргі жағдайда өндіріс табиғатқа күшті әсер етуші фактор болып отыр. Осыған орай табиғатты ұтымды пайдалануды ғылыми білімге негізделетінін жоғары оқу орындарының студенттері, яғни біздер де жақсы түсінуіміз керек. Өндірістік іс-әрекеттің нәтижесінде ортада әр түрлі өзгерістер болып жатыр. Осыларды бағамдап, қоршаған ортаны қорғауға, бүлдірмеуге, оған жол бермеуге әрқайсымыз дайын тұруымыз керек. Экологиялық білім мен тәрбиенің маңызы осында жатыр.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Геккель Э. Естественная история происхождения. Москва, 1968ж.
2. Окружающая среда и мир на планете. -М.: Наука, 1986.

**ӘОЖ 349.6 (045)**

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ПРОБЛЕМАСЫ

**Туралы И., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Бүгінде әлем назары экологиялық білім беру проблемасына аудды. Бұл мақалада қазіргі таңда кез келген адам баласы үшін кезек күттірмейтін туындап отырған мәселелер сөз болады. Экологиялық мәдениет әр қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі екендігі айтылады.

**Түйінді сөздер:** Экология, білім беру проблемасы, экологиялық мәдениет, қоршаған ортаны қорғау.

Экологиялық білім беру проблемасы да өзекті мәселе болып тұр. Біріншіден, адам қазіргі кезде табиғатпен тығыз қарым-қатынаста болуы, алайда мұның арты орны толмас экологиялық қиын жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін. Екіншіден, онда биосфераны сақтап қалуға тырысу керек, ол үшін адамдардың табиғатқа деген көзқарасын түбегейлі өзгерте отырып, жаңа экологиялық мәдениетті қалыптастыру қажет. Бұны, БҰҰ мен бірқатар мемлекеттердің адам және оны қоршаған орта туралы жаңа бағыттағы білім жүйесін қалыптастыратын, биосфераны сақтап қалуға бағытталған, энергияны және ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізуді міндеттейтін тұрақты даму стратегиясын қабылдауына байланысты түсіндіруге болады. Экологиялық білім беру проблемасына қоғамның назар аударуының тағы бір себебіне, антропогендік түрдегі (табиғи ресурстардың азаюы, биоалуантүрліліктің төмендеуі, қоршаған орта жағдайының төмендеуі, зиянды қосылыстардың көбеюі және т.б.) экологиялық проблемалардың пайда

болуы жатады. Қазіргі кезеңде экологияның ғаламдық мәселелері көптеген адамдардың қызығушылығын тудырып отыр. Біздің республикамызда табиғат қоршаған ортаны қорғау саяси, экономикалық және мемлекеттің әлеуметтік тапсырмасының маңыздылығына жатқызылған. Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабында былай деп көрсетілген: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды» [1].

Экологиялық мәдениет – әр қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі, өйткені әлеуметтік іс-әрекет ұдайы қоршаған ортаның өмір сүру талаптарымен байланыста болады. Яғни экологиялық мәдениет әлеуметтік феномен ретінде қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасын реттеу қажеттілігінен туындайды. Б.Т. Лихачевтің пайымдауынша экологиялық мәдениеттің мәні экологиялық тұрғыда негізделген еркін қалыптастыруы мүмкін. Экологиялық мәдениет тұлғамен, оның түрлі қыр – сырымен және қасиеттерімен органикалық байланыста болады. Ғылыми әдебиеттерде «экологиялық мәдениет» ұғымына көптеген түсінік, анықтамалар берілген. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы бойынша алыс және жақын шет елдік ғалымдардың қырықтан астам еңбектерінде қарастырылуы оның күрделі де, сан қырлы екендігіне көз жеткізеді. Экологиялық мәдениет ұғымына берілген анықтамаларды пайымдауда олардың мазмұны мен басты идеяларына қарай бірнеше бағытта қарастырылғандығын көрсетеді: экологиялық мәдениет – жалпы мәдениеттің бір бөлігі; экологиялық мәдениет адамдардың табиғатпен қарым – қатынастары жөніндегі қалыптасқан дүниетанымы, сенімі, түсініктері, білімі, іскерлігі, құндылық бағдар жүйесі; экологиялық мәдениетке – адамның өмірлік белсенді тұғырнамасы; экологиялық мәдениет адамның табиғатты теориялық, материалдық – практикалық, рухани ізгілікті меңгеруі және жаңартудағы мәнді күш – қуатының өлшемі, іс - әрекетінің жиынтығы; экологиялық мәдениет – адамның табиғатпен ғана емес, әлеуметтік – тарихи ортамен, биосферамен өзара әрекеттестігі [2, 39]. Студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру үшін экологиялық білім мен тәрбие қоса берілуі керек. Себебі, экология негіздерін білу – білім алушылардың бойында қалыптасып, дамитын экологиялық мәдениеттің түп тамыры іспеттес. 1993 жылы Ф.Майром ЮНЕСКО басшылығымен талданған жүргізуші халықаралық жобаның «Әлем мәдениеті» бағдарламасы болды (UNESKO and a culture of peace Promoting a Global Movement), мұнда негізгі буын болып «Экологиялық мәдениет» бағдарламасы табылады. Адамзатта ең өзекті мәселе болып жаңа қоғам өмірін ұйымдастыру және бір тұтас білім принциптері болып табылады. Әрбір қоғамның даму сатысында азамат баласының табиғат пен саналы қарым-қатынас жасауының, яғни өзі тіршілік еткен ортасын қорғау мақсатында, жас ұрпақты тәрбиелеуде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар. Ғұлама ойшылдар философ, математик, психолог, педагог, табиғат зерттеушісі Әбу-Насыр -Аль Фараби, Ж. Баласағұн, С. Бақырғани, М. Қашқари сонау ерте кезден -ақ табиғат — қоғам – адам арасындағы дамудың өзара байланыстығын және оның біртұтастығын өздерінің ғылыми дүниетанымына арқау ете отырып табиғатты жеке адамның ақыл-ойы мен сана-сезім тәрбиелеудің негізі екендігін көре білді. Халқымыздың ақын жыраулары Бұқар жырау Қалқаманұлы, Қорқыт ата, Асан қайғы және т.б. барлық уақытта өз жырларында табиғат олардың өзекті мәселесі болды. Қазіргі заманда жеке экология мәдениетін түсіну, бөлек адамның құндылығын мойындайтын, оның білімге құқығы, бақытқа және адамның бастапқы құқығы – таза табиғат ортасында мәнсіз (мағынасыз) өмірсүру мүмкіндігін көрсету. Адам – табиғаттың бір бөлігі, барлық табиғатқа қарсы істелген істер адам табиғатына әсер етуіде мүмкін және оның психикасына, ойлау қабілетіне, әлеуметтік белсенділігіне ықпал етуі мүмкін. Э.В.Гирусова былай деген «экологиялық мәдениет – бұл біздің ішіміздегі ноосфераның пайда болуы» [3, 56]. Білімді экологияландыру барлық білім жүйесіндегі органикалық және басымдылық бөлімі ретінде қаралады, стратегиялық мақсатты анықтау және жүргізуші бағыттар, оған жаңа құндылық беру, тек қана табиғатта ғана жаңа қарым-қатынас құрмайды, сонымен бірге қоғаммен де, адамдармен де байланысты. Қолайлы

жағдайлардың пайда болуына әрбір адамның құқығын қамтамасыз ету және қоршаған табиғат ортасындағы дағдарысты жоюға мүмкіндігі бар, қоғамды құрастыру шешімдері. Экологиялық мәдениет, жалпыадамзат мәдениетіндегі құрамдас бөлігі болып келеді, адам арасындағы құнды қарым-қатынас көлемі және әлеуметті табиғат ортасындағы процесстің пайда болуы және материалдық және рухани құндылықты және мінезін анықтайды, бағалы бағыт жүйесі пайда болады және қоғамның жауаптылық сатысы және тұрақты биосферадағы жеке адамды сақтау, экологиялық іс-әрекетті дәлелдеу және адамзат қызметінің шешімінде және барлық түрлерде игеріледі, табиғатты қорғау және танумен байланысты. Барлық танымдық қызмет кезеңдерінде экологиялық мәдениетті құрастыру келе-келе болады, басқа бөлек жалпы білім беру пәндерінде оқытылады. Сонымен, экологиялық мәдениет барлық білім алушылардың ойларында құрастырылуы керек, оны құрастыруға білім беру ұйымдарына үлкен жауаптылық жатады. Экологиялық мәдениеттің негізгі саласына жаратылыстану білімі жатады, бұл студенттердің білім жүйесіне, қазіргі заманғы адекваттық ғылыми әлем суретін құрастыру; экологиялық ойлау, әлемді тану, бағалы жобалар, экология заңын түсінуге көмек көрсету мүмкіндігі, тәжірбиелі қызметтер, табиғатты пайдалануды игеруге септігін тигізетіні анық.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл
2. Лихачев Д.С. Экология культуры. Альманах Всеросс. Общ-ва охраны памятников истории и культуры. – 1980. - №2. - С. 38-44.
3. Гирусов Э.В. Основы социальной экологии: Учебное пособие. - М.: Высшая школа, 1998. – 312 с.

ӘОЖ 349.6 (045)

## БІЛІМДІ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ

**Жәңгірханова А., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Қазіргі экологияның ғаламдық мәселелері қазіргі таңда көптеген адамдардың қызығушылығын тудырып отыр. Өмірдегі маңызды, адамзат алдындағы, бірінші санаттағы белгі болып экология, табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану мәселелері тұр. Мақалада білімді экологияландыру, жасыл экономика ауысу мәселелері сөз болады.

**Түйінді сөздер:** Экология, білімді экологияландыру, жасыл экономика, тұлға қалыптастыру.

Біздің елімізде табиғат қоршаған ортаны қорғау саяси, экономикалық және мемлекеттің әлеуметтік тапсырмасының маңыздылығына жатқызылған.

Қоғамдық және адам өмірінің мәдениеті, экономиканың әртүрлі жақтарының бір түйінін байлайды және өз алдына Адам және Табиғат қатынасындағы орталығы болып келеді.

Басқада қоғам өмірі талабымен және әлеуметтік, экономикалық байланысты, жаңа мәдениеттеу ұғымын табиғатқа қатысты процесі ұзақ, Бірақта жаңа өсіп келе жатқан ұрпаққа және республикамыздың барлық азаматтарына жаңа әлемді түсіну, мінез-құлық жағайын және жаңа түсінікпен табиғат алдындағы жауаптылық оңай емес.

«Образ және жеке мәдениет келбетін құрастыру, әр тұлға өзін мәдениетке баулу – бұл тапсырма, мәдени процесс тек адамға ғана тән» [1], - дейді ғалым В.М.Межуев. Өз

кезегінде, гуманитаризм және гуманизм байланысын, мәдениетті жасайтын функция пайда болғанда, мәдениетті игергенде, мәдениеттің өсу қарқыны адамдардың ынта-жігерінің дамуына тікелей байланысты.

Адамзатта ең өзекті мәселе болып жаңа қоғам өмірін ұйымдастыру және бір тұтас білім принциптері блып табылады. В.И.Вернадский былай деген: «Планетада адамзатты сақтап қалу ноосфера бүтіндігін жалпы тапсырманы құрастыру негізінде сақтап қалу мүмкін» [2, 145] деген. Бұл үшін: үшінші мыңжылдықта адам алдында тұрған. жаңадан ойлау, жаңа саясат, жаңа мәдениет, сонымен қатар білім, сәйкес деңгейіне қарай бірнғай тапсырмалар қажет.

Жеке экологиялық мәдениет биосфераның ноосфераға ауысу процесінде ғана құрылмайды, және ол мынандай ауысуға қатысады. «Адам мәдениетінің қуаты, - В.И.Вернадский былай деп жазған, - сол биохимиялық қуат қалыпы, қазіргі кезде ноосфераны жасайды. Жаңа мораль, мінез – құлыққа тәрбиелеу және қоғамды қайта құру және адамзаттан үлкен күшті талап етеді, бұл қын және ауыртпалы процесс болады» [2, 170].

Адамдардың өмірі табиғаттың қолдауына байланысты (су, ауа, күннің көзінің қуаты, тағам және т.б. қажеттіліктер) және денсаулық, ал табиғат факторлары, қоғам тұтұнушылары құндылығына экологиялық мәдениет құндылығы жүйесіндегі ұнамды салт болуы керек. Бұдан басқа В.И.Вернадскийдің нақты лебізі «жаңа күштің келісуі өзімен өзі дұысталады және адамның өмірқызметінің бір көзі шындығында өмірдің әртүрлі формасы болып есептелінеді».

Экологиялық мәдениет ресурстағы бар табиғат мүмкүншілігі талаптарын өлшеу мүмкүншілігімен қалыптастырады, қоршаған орта мүмкүншілігі, яғни жеке тұтұнушылық жүйелі экологиялық негіздеуді қажет етеді. Жеке мәдениеттің ең бір маңызды белгісі болып ғылыми және этикалық негіздеу нормативі болып табылады, және, керісінше, тіртіпсіздік мәдениетсіздіктің белгісі болып табылады.

Қазіргі заманда жеке экология мәдениетін түсіну, бөлек адамның құндылығын мойындайтын, оның білімге құқығы, бақытқа және адамның бастапқы құқығы – таза табиғат ортасында мәнсіз (мағынасыз) өмірсүру мүмкүндігін көрсету. Адам – табиғаттың бір бөлігі, барлық табиғатқа қарсы істелген істер адам табиғатына әсер етуіде мүмкүн және оның психикасына, ойлау қабілетіне, әлеуметтік белсенділігіне ықпал етуі мүмкүн. Білім стратегиясын өзгерту қажет, бағалы және орнату қызметі; мазмұнына байланысты: жаңа педагогикалық технология құндылығын пайдалану және құру экологиялық мәдениеттің дамуын анықтайды, жалпы білім жүйесіндегі жаңа бағдар, негізінен жалпыбілім беру жүйесі тұлғаның дамуы, белгілі ішкі бостандыққа ие, істеріне, сөзіне, ойларына байланысты болып келмейді; тұлға, өзінің қарым-қатынасын экологиялық мәдениеттен шығып, табиғатпен және қоршаған ортамен байланыстырады.

Білімді экологияландыру барлық білім жүйесіндегі органикалық және басымдылық бөлімі ретінде қаралады, стратегиялық мақсатты анықтау және жүргізуші бағыттар, оған жаңа құндылық беру, тек қана табиғатта ғана жаңа қарым – қатынас құрастырмайды, сонымен қатар қоғамға, адамдарға. Қолайлы жағдайлардың пайда болуына әрбір адамның құқығын қамтамасыз ету және қоршаған табиғат ортасындағы дағдарысты жоюға мүмкіндігі бар, қоғамды құрастыру шешімдері.

Экологиялық мәдениет, жалпыадамзат мәдениетінің құрамдас бөлігі болып келеді, Адам арасындағы құнды қарым-қатынас көлемі және әлеуметті табиғат ортасындағы процестің пайда болуы және материалдық және рухнаи құндылықты және мінезін анықтайды, бағалы бағыт жүйесі пайда болады және қоғамның жауаптылық сатысы және тұрақты биосферадағы жеке адамды сақтау, экологиялық іс - әрекетті дәлелдеу және адамзат қызметінің шешімінде және барлық түрлерде игеріледі, табиғатты қорғау және танумен байланысты.

Біздің мемлекетіміз «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқанда, біз осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап «таза» болашақты құруға қадамдар жасай аламыз.

Қоғамда «жасыл» экономика сөз тіркесі барынша жиі қолданыла бастады. Өткен «РИО + 20» Саммитінен кейін біздің мемлекеттің Президенті осы сөзді елді ары қарай дамыту жолындағы бірінші дәрежелі факторлардың бірі ретінде белгіледі.

Жасыл экономиканың негізінде – таза немесе «жасыл» технологиялар жатыр. Мамандардың айтуы бойынша «жасыл» экономиканы дамыту, көптеген пост-индустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға мүмкіндік береді.

Қазақстанның «жасыл экономикаға» өтуі жөніндегі іТұжырымдамаға сәйкес, ҚТҚ қайта өңдеу көрсеткіштері 2050 жылы олардың түзілуінен 50% деңгейге жетуі керек. Бұл өте жоғары көрсеткіш, себебі бұл көрсеткішке жету үшін коммуналдық қалдықтарды бөліп жинау жүйесін бірлесе қолдана отырып қол жеткізуге болады.

Қазақстанда өндірістік қалдықтардың пайдалы компоненттерін бөлек жинауды және пайдаға асыруды жүзеге асыратын компаниялар бар. Қазіргі уақытта қағаз және картон қалдықтарын, тозған доңғалақтарды, шыныларды, жинақтау және пайдаға асыру жүйесі жолға қойылған, электрондық қалдықтарды пайдаға асыру жүйесі жолға қойылуда.

Біздің мемлекетіміз «жасыл» экономикаға ауысу саласындағы саясатты белсенді жүргізіп жатқанда, біз осы үдерістің бөлігі ретінде қазірден бастап «таза» болашақты құруға қадамдар жасай аламыз.

Қалдықтарды залалсыздандыру және утилиттеу әдісін таңдау олардың химиялық құрамы мен қоршаған ортаға әсер ету дәрежесіне тәуелді болады. Кейбір жағдайларда машинажасау және металлургия өнеркәсіптерінің қалдықтары шикізат ретінде қолданылатын химиялық қосылыстардан тұрады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Межуев В.М. История культурологии. Москва, 2006.
- 2.Волков В.А., Вонский Е.В., Кузнецова Г.И. Выдающиеся химики мира. – М.: ВШ, 1991.

ӘОЖ 349.6 (045)

### ЖАСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сембаева М. А., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Табиғат пен адам арасындағы қатынас, экологиялық апат, қоршаған ортаны қорғау туралы нақты айтылады.

**Түйінді сөздер:** Табиғат пен қоғам, табиғат пен адам, экологиялық апат, қоршаған ортаны қорғау, экологиялық білім.

Табиғат пен қоғам, адам арасындағы қарым-қатынастар қайшылықсыз, әрдайым үйлесімді деп қарауға болмайды. Олардың арасында барған сайын ішкі қайшылықтар көбейіп отырады. Бұл қайшылықтардың қайнар көзі қоғам мен табиғат дамуларының бір-біріне қарама-қарсы екі тенденциясында жатыр. Біріншіден, қоғам мен оның өндіргіш күштері дамыған сайын адамның табиғатқа «үстемдігі» арта түседі, ал екіншіден, бұл екеуінің арасында үйлесімділік туып, барған сайын шиеленісе береді. Табиғат

құбылыстарының алуан түрлілігіне қарамастан, олардың бәрі өзара байланыста, қарым-қатынаста, яғни біртұтас бірлікте. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру проблемасы бойынша алыс және жақын шет елдік ғалымдардың қырықтан астам еңбектерінде қарастырылуы оның күрделі де, сан қырлы екендігіне көз жеткізеді. Экологиялық мәдениет ұғымына берілген анықтамаларды пайымдауда олардың мазмұны мен басты идеяларына қарай бірнеше бағытта қарастырылғандығын көрсетеді: экологиялық мәдениет – жалпы мәдениеттің бір бөлігі; экологиялық мәдениет адамдардың табиғатпен қарым-қатынастары жөніндегі қалыптасқан дүниетанымы, сенімі, түсініктері, білімі, іскерлігі, құндылық бағдар жүйесі; экологиялық мәдениетке – адамның өмірлік белсенді тұғырнамасы; экологиялық мәдениет адамның табиғатты теориялық, материалдық-практикалық, рухани ізгілікті меңгеруі және жаңартудағы мәнді күш-қуатының өлшемі, іс-әрекетінің жиынтығы; экологиялық мәдениет – адамның табиғатпен ғана емес, әлеуметтік-тарихи ортамен, биосферамен өзара әрекеттестігі.

Жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруының негізі білім болып табылады. Әр жас оны мектеп дәуірінде, ақпарат құралдарынан өз туған елі, жері туралы кітап қорларынан оқып үйренеді. Білім – адамның ғылыми фактілерді, ұғымдарды, ережеледі, заңдарды, қағидаларды түсінуі, есінде сақтауы және қайта жаңғыртуы. Табиғат пен қоғам жайында ғылымда жинақталған білім, білік, дағды жүйесін жеке тұлға, мектепте оқу барысында меңгереді және оны өмірде тиімді етіп қолдана алады. Тұлғаның экологиялық мәдениеті басқа да мәдениеттермен тығыз байланысты. Олар интеллектуалдық-танымдық мәдениет, жаратылыстану ғылыми білімділік, табиғат заңдылықтарын тануын олардың өзара заңды байланыстарын қамтамасыз етеді.

Экологиялық тәрбиенің мақсаты ретінде субъектінің экологиялық мәдениетін қалыптастыру жаралытыстану ғылымының, гуманитарлық, экономикалық және құқықтық білімдерді қолдану табиғатқа деген жаңа экологиялық этикалық қатынас орнату екенін ұқтық. Олай болса, орта білім беру жүйесін жаңарту жағдайында жас ұрпақтың экологиялық мәдениетін ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде қалыптастыру, оның қоршаған ортаға жауапкершілігін және құндылық бағдарын, рухани сипаттағы іс-әрекетін қамтамасыз ету маңызды бағыт болып табылады.

Экологиялық тәрбиенің көкейкестілігі Қазақстандағы экологиялық апат аймақтарының болуымен тығыз байланысты. Қазақстанда экологиялық апат аймақтары алаңдатады, әсіресе Батыс аймақтардың, оның ішінде Маңғыстау халқын әскери полигондар, экологиялық талаптарды өрескел бұзып отырған өндіріс орындары алаңдатады. Қарашығанақ кен орнын игеруге 3000 гектарға жуық егіс, жайылым және орман жері пайдаланылады. Бұрғылайтын қондырғылар мен магистралды газ мұнай тасымалдайтын құбырлар кездейсоқ апатты жағдайға ұшыратуы мүмкін, осы кезде қоршаған ортаның әсіресе жер бетіндегі сулардың ластануы орын алады. Апаттық жағдайлардың тууының негізгі себебі – тасымалдау құбырларының коррозия процесіне ұшырап, жарылуы (90,5 %). Еділ мен Жайық өзенінің аралығында орналасқан аумағы 40 мың км<sup>2</sup> құмды өңір орта есеппен теңіз деңгейінен 0,21 м төмен жатыр. Жер астының тұщы су қоры мол екені анықталды. Облыс тұрғындары Азғыр мен Капустин Ярдағы әскери ядролық сынақ полигонын жабуды, сынақ аймақтарын өз иелеріне байырғы тұрғындарға қайтаруды, т.б. талап етіп, осы мақсатта бұқаралық саяси күрес шараларын жүзеге асыратын қоғамдық қозғалыс құруды ұсынды. 1990 жылғы мамыр 1992 жылғы мамыр аралығында «Нарын» қозғалысының орталығы Орда ауданында болды.

Органикалық отынды жағу кезінде атмосфераға күкірттің қос тотығынан басқа азоттың қос тотығы да шығарылады. Күкірт пен азоттың қос тотықтары «Қышқылдық жаңбыр» деп аталатын жауын түсуіне себепші болады, олар топыраққа араласа отырып, оның қышқылдылығының жоғарылауына әкеп соқтырады. Ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігіне әсерін тигізді. Қышқылдық жаңбырлар металды жабдықтар мен құбырлардың тоттануын туғызуы мүмкін. Әскери полигон БатысҚазақстаноблысы мен Астрахань облыстыңшекарасындаорналасқан. Адамдар мен тірі табиғатқа тигізген

зияндары жөнінен «Азғыр», «Капустин Яр» белгілі Семей полигонынан асып түседі. Полигондаронкологиялық, жүреқтамыр және басқа ауруларды қоздырып, жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне зиянын тигізді.

Озон қабатының жұқаруы, қышқылды жаңбыр, жер ғаламшарларындағы климаттың жылына бастауы жер биосферасындағы тіршілікке тікелей қауіп төндіруде. Ойықтардың пайда болуына өнеркәсіптерден бөлінетін М, Си, Fe, Мп, С1, Р оксидтері әсер етеді. Озон қабатының бұзылуы жер бетіндегі тіршілікке зиянды әсер етеді.

2019 жылдың 25 наурыз күні Маңғыстау ауданындағы «Маңғыстау МұнайГаз» АҚ-тың «Қаламқас» мұнай кен орнындағы ұңғымалардың бірінен шыққан газ жанып, биікті 10 метрге дейін жалын атқылап тұрғандығын әлеуметтік желілерден көріп, қатты күйзелдік. Сол кездегі өрттің аумағы 900 шаршы метрді құраған. Сонымен қатар, апат орнында ілеспе судың сынамасы алынды. Ілеспе судың талдау нәтижелері сульфаттар тұзының, хлоридтердің, азот тобының және мұнай өнімдерінің жоғары мөлшерін көрсеткендігін мамандардың мәлімдемесінен білдік.

Бұдан бөлек Каспий теңізіне лас, қоқысты сулардың ағызылып жатқанын да көрдік. Бұлар – біздің көзімізге көрінген, бізге белгілілері ғана. Біз білмейтін құпиялар қаншама. Біз жас ұрпақ ертеңімізге алаңдаймыз. Қоршаған орта ластанса өмір сүруіміз не болады? Осы мәселелер эколог болмаса да әр адамды ойландыруы керек.

Егер адам табиғат құбылыстарының бір саласына әсер етіп, оны өзгертуге әрекет етсе, онда ол сонымен іштей байланысты басқа жақтарының «тынышын бұзуы» мүмкін. Сондықтан, табиғат қорларына құнтты болу, бүлінгендерін қалпына келтіріп отыру, оларды тиімді пайдалану, ауаға, жерге, суға өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қамқорлықты күшейту барлық азаматтардың борышы мен абыройлы міндеті болып саналады. «Теңіздің тұнық болуы – бұлақтардан» дегендей табиғатты қорғау, қалпына келтіру мәселелерін ақылмен, білгірлікпен және ұтымды жолмен жүргізудің өзіміз үшін де, келесі ұрпақтар үшін де маңызы зор екенін балалардың, жасөспірімдердің санасына салып, экологиялық мәдениетін, тәрбиені бесіктен бастау керектігі – бүгінгі күннің өмір талабы.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл
2. Лихачев Д.С. Экология культуры. Альманах Всеросс. Общ-ва охраны памятников истории и культуры. – 1980. - №2. - С. 38-44.
3. Гирусов Э.В. Основы социальной экологии: Учебное пособие. - М.: Высшая школа, 1998. – 312 с.

ӘОЖ 349.6 (045)

### ҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

**Оразымбетова С., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**  
**Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.**  
**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Кейінгі жылдары әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрден бастау алатын көпсалалы халық педагогикасын жан-жақты зерттеу, жинақтау, оны жұртшылыққа жеткізу кең өріс алып келеді. Бұл мақалада халқымыздың туған табиғатқа деген көзқарасы, оны түсініп-ұғынуы, аялауы мен орнын тауып пайдалануы, адамзат игілігіне жаратуы, табиғатты қорғауға байланысты ұлтымыздың экологиялық мәдениеті туралы айтылады.

**Түйінді сөздер:** «Экология» термині, қазақтың ұлттық экологиялық мәдениеті, халықтық көзқарас.

«Экология» термині грек тілінен «үй туралы» (қоршаған табиғи орта) ілім деп аударылады да, ол табиғатты қорғаумен байланыстырылады. Ғылыми әдебиеттерде оған «табиғаттың тазалығын, сұлулығын сақтай, қорғай отырып, оны адам қажетіне ұқыпты пайдалану» деген анықтама беріледі.

Ал экологиялық мәдениетке осы тұрғыдан жауап іздестірсек, онда: қоғам мен табиғаттың талаптарына адамзаттың білікті берген жауабы арқылы қалыптасатын, нәтижесінде адам мен табиғаттың арасындағы еркін (залал келтірмейтін) қатынастардан туындайтын мәдениет – экологиялық мәдениет деп сенімді түрде қорытынды жасауға болады.

Өйткені, «мәдениет дегеніміздің өзі – адамдардың өздерін қоршаған табиғи және әлеуметтік аяны өзгертіп, сол екі ортада өздерін де өзгерте білу қабілеті. Ендеше, әрбір мәдениет-дербестіктің ар жағында белгілі бір табиғи ортада тарихи қалыптасқан қауымның күн көрісіндегі тұрақтанған дәстүрлі қарекеттер болып табылады» [1, 79] немесе «Мәдениет – тіршілік ету күресі жолындағы еңбекзейнеттен туған, табиғатпен, адами ортамен үйлесімді өмір сүре білу өнері, адамның әдет-ғұрыптар мен заңдарға сүйенген қоғамда қадірін түсірмей тұра білуі, қоғамның басқа қауымдармен қатар өмір сүре білуі. Мәдениет – ол тарихи тәжірибе айтып берген дағдылы машықтардың, рұқсат етулер мен тыйым салулардың тұтас бір жүйесі» [2, 3] Туған жердің табиғи болмыс-бітімін танып-түсіну, қоршаған ортамен тіл табысу, тіптен сол ортамен үндес өмір салтын қалыптастыру халқымыздың ғибрат тұтар экологиялық мәдениетін дамытып қалыптастырды.

Жиырмамыншы ғасырдың бас кезіне дейін қазақ халқының көшпелі өмір салтында болғанын бәріміз білеміз. Сондықтан, «сахарада көшіп жүрген, күнделікті өмірі жазда, күзде, тіпті жыл бойы дерлік кең далада, төңкерілген ашық аспан астында, өзен-судың жағасында өтетін елдің өзін ұдайы табиғаттың аясында, құшағында отырғандай сезінуі таңғаларлық нәрсе емес. Даланың сайы, белі, тау-тасы, өзен-көлі – қыр адамы кезінде бір көріп қызықтайтын ғана көрініс емес, оның ғұмыр кешетін, ұдайы малын бағып, орын теуіп отырған ортасы, мекен-жайы. Айналасындағы табиғаттың әр сипат-белгісі оның ой-санасында ерекше орын алады» [3, 58]. Яғни, ұзақ ғасырлар бойы біздің ата-бабаларымыз табиғат құшағында көшіп қонып жүріп, оның сырын жан-жақты білуге дағдыланған. Осының арқасында халқымыз табиғатпен етене біртұтас болып кеткен. Кейінгі отырықшы тұрмысқа көшкен кездің өзінде де қанға сіңген табиғатты сүю қасиеті халқымызды өлкенің нағыз аялаушы қожасы ретінде сақтап келеді.

Адамзат цивилизациясы ғылыми-техникалық дамудың жолына түскенге дейінгі жылдар бойында (алтын үзікті киіз үйді еуропалық тас сарайға ауыстырып) бұл далада бірыңғай отырықшы болып ұшпаққа жету мүмкін емес еді. Сондықтан да, мыңдаған жылдар бойы тірнектеп жинаған өмір тәжірибесі, әсіресе табиғаттың апталық, айлық, маусымдық, жылдық құбылыстарын терең білудің нәтижесі ұлы дала тұрғындарының арасында астрономиялық, географиялық, математикалық, гидрометеорологиялық зерденің айрықша дамуына ықпал етіп, ешкімге ұқсамайтын көшпелілер мәдениетін дүниеге әкелді.

Ол қандай мәдениет? Ол – тағы да қайталап айтсақ, нағыз табиғатты терең тануға, табиғатпен мінсіз үндесуге негізделген қазақи экологиялық мәдениет! Жаңарса да, жаңғырса да, олардың авторы данышпан қазақ халқының өзі, сол халық болып қала бермек.

Ата-бабаларымыздың табиғатпен үндескен қағида-тұжырымдарын табиғатты өмірлік қажетімізге пайдалануда міндетті түрде орындау – біздің баянды өмір сүруіміздің негізгі болмақ. Біздің мақсатымыз да осы ата-бабаның асыл қасиетінің ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне көмектесу. Бұл бағытта әңгімені қалай өрістетсек те оған тарихи негіз бар. Ал тарих дегеніміз – бұлтартпас шындық.

Мысалы, әрідегі қазақ фольклорын алайық. Онда жаратылыстың әртүрлі көріністері туралы, неше түрлі формадағы тастар мен шың-құздар жайлы, сондай-ақ сырт түрімен ерекшеленетін тау, шоқы, өзен-көлдер, жан-жануарлар, т.б. жайында ертегіден бастап, небір әдемі аңыздар мен әңгімелер жан-жақты көрініс тапқан.

Айталық, найзағайдың жарқылы, күн күркіреуі, құйын секілді табиғат құбылыстарына қазақтар ерекше қасиет берген. Көктемде алғаш рет күн күркіреп, найзағай ойнағанда қазақтар қолындағы ожаумен киіз үйден жүгіріп шығып, үйді айнала ожаумен ұрғылап: «Сүт көп, отын аз», - деп кейін үйге кіріп ожауын есік алдындағы керегеге қадаған. Мұның бәрі сүттің көп болып, мал басының көбеюін тілеген жақсылық тілектен пайда болған. Егер ұзақ мезгіл күн күркіреп, найзағай ойнап, жаңбыр жаумаса, қазақтар тасаттық жасап, мал сойып, тәңірге құлшылық еткен, немесе олардың тәңірі – көк аспан, құдіреті – көктегі күн болған (күнге киіз үй есігін қаратып тігу). Бұлар табиғатты өмірдің тірегі ретінде түсінудің ашық көрінісі.

Қазақтардың отағасы деп үй иесін атауы, «отың өшсін» деп қарғауы, «отбасы» деп Отанын, үйін атауы; отқа түкірмей, от жаққан жерді баспауы оттың зор қасиеттілігін ұқтырады. Мал төлдеп жатқанда, сондай-ақ әйел босанып, баланың кіндігі түскенше басқаларға от бермеген, үйден от алып шықпаған. Жаңа түскен келін босағадан аттарда басынан от айналдырып, отқа май тастайды, «от ана» жарылқа деп жалбарынған. Бұлай еткенде жаңа түскен келін эзәзілдің тіліне ермейді, сол босағаға шын беріледі деп ұғынған.

Ата-бабаларымыз тіпті аң-құстар арқылы да айналадағы құбылыстардың сырын аңғарып, құпиясын ұға білген. Бізге жеткен ата ұрпақтың пайымдауы бойынша мысалы, шағалалар көл үстінде ұшып жүріп тоқтаса, артынша ауа райы бұзылады. Ал егер шабақ балықтар су бетіне шығып қайта сүңгіп жүрсе, онда ізін суытпай жаңбыр болады. Ашық күнде қарлығаштар ұшып, жүруін тоқтатса, онда көп ұзамай дауыл тұрады. Жазда шегірткелер шырылын тоқтатып, жым-жылас болып айналада тыныштық орнаса, онда жеделғабыл жаңбыр жауады. Қыста ақбөкендер жайылымын тастап, басқа жаққа жосылып кете бастаса, немесе сексеуіл тоғайы мен құм төбелерді паналаса, онда ол жерде көп ұзамай боран соғады, көктемнің бірінші жаңбырында күн күркіресе, шөп шүйгін шығады, күн батарда аспанның солтүстігі қоңырқай тартса жел тұрады; күн бұлтқа батса, келесі күні жауын-шашын болады, ашық батса – күн ашық болады.

«Жетіқарақшы жамбасқа ойысыпты» деп олардың орын ауысуларына сүйеніп, уақыт пен ауа райы туралы болжау; үркерге қарап уақыт белгілеп, күзетшілердің кезегін ауыстыру; темірқазыққа қарап жолаушының түнгі бағытын айқындауы; желмаясын желдіртіп халқына Жерұйық іздеген Асан қайғы бабамыздың әр өңірдің қадір-қасиетін қапысыз айтқан: «Алты күнге ат семіртіп мінетін жер екен», «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған» сөздері - табиғатпен тіл табысудың ең бір үлкен айғағы, қалыптасқан экологиялық мәдениеттің қағидалары.

Табиғаттың бұндай жұмбақ көріністерімен қазақ балалары ерте кезде-ақ ес біле таныс болған, жоғарыдағыдай тіршілік тәжірибе-шешімдерін болашақтан-болашаққа жалғастырып, тиімді қимыл-әрекеттерге барған. Мысалы, «пішенді салқында шап, қойды салқында бақ», «қой жайын көздесең құмға көш, сиыр жайын көздесең сырға көш», «жазғытұрғы жел жардай атанды жығады», «көбік қарда түлкі ойнар, көк көрпеде жылқы ойнар», «түйе – шөл кемесі», «үркер үйден көрінсе үш ай тоқсан қысың бар, үркер інірде жанбасқа келсе жаз шықпаған несі бар», «сәуір болмай жауын болмас, жауын болмай тәуір болмас», «бұлбұл мен гүл мінездес: екеуі де күнді аңдиды», «сулы жер - нулы жер», «шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жолға ағаш еккен - адамгершіліктің үш сауабы» екенін айтып, шыбын-шіркейдің дала жусаны өскен жерде болмайтынын, қарақұрт пен қырықаяқтың қой жүнінің иісінен сескенетінін, сондықтан төсек салса жусанды жерге киіз төсеп шыбын-шіркей, құрт-құмырсқадан қауіптенбей жата берген. Осылайша қазақ атам өз жерінің табиғатын, онда болатын құбылыстарды жақсы біліп, осыған орай өз әрекеттерін алдын ала болжап отырған.

Басқасын былай қойғанда, атам қазақ өзін қоршаған табиғат байлығының адам денсаулығына әсерін жазбай таныған: «Жұпар ауа – дертке дауа» дей отырып, жылқы майының, саумалының шипалығын, киік мүйізінен дәрі жасауы, қымызды жетпіс түрлі ауруға ем деуі (скифтер заманынан бері ашытылып келген қасиетті тарихи экологиялық таза асымызды Европаның арағына алмастырып ажырай бастағанымыз өкінішті-ақ), шұбатпен өкпе, асқазан, ішек ауруларын емдеуі, түйенің шудасын бел ауруына пайдаланып, тұзды суға қайнатып «сорботқа» жасау арқылы ісік қайтаруы, түйенің қотырын күкірт түтінімен булап, қойдың құйрық майымен жел-құзды, жөтелді емдеуі, кейде керім толғақ боп босана алмай жатқан әйелге ірімшіктің сүтін езіп ішкізуі, сексеуілмен (шөл далада, ауызсуға тапшы жерден, суы салқын табиғи температурада) шегендеп құдық қазуы.

Осы негізде күнделікті өмір тіршілігіне қажетті экологиялық таза өнім, тағам түрлерін де дайындаған: қазы-қарта, жал-жаясы, бір білем бағылан қозының шикі құйрық, не аздаған сүрі қазы тастап дайындаған қымызы, сары ірімшік, қаймақ, сары май, айран, сүзбе қатығы, таза қой жүнінен дайындаған, бүгінде қолға түсе бермейтін сәнді киімдері, композиторларымыз бен сал-серілердің ешкінің ащы ішегінен домбыраларына ішек, сәмбі талдан өрген бесік жасауы, аңның терісін киім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ине ету қай мәдениеттің қойын бағады?

Я болмаса, қазақи әдіспен **сақар** алудың өзі үлкен өнер: сексеуілдің басындағы көк гүлі түспей тұрған кезде, тамыз айында жинап алынып, алдын ала су себіліп, тапталып, сыпырылған тегіс әрі тақыр жерге мол етіп үйіліп, өртеледі. Содан соң қазанға су құйып, осы гүлді қосып, сақырлатып күні бойы қайнатып, түн асырып, тұндырып қояды. Тұнбаны **сілті** деп атайды. Тіліміздегі «сілтідей тынды» деген тұрақты сөз тіркесі де осыдан қалыптасқан. Әрі қарай сақар алу үшін түн асқан сілтіні ертесіне отты баяу жағып, былғауышпен араластырып, әбден қоюланып, құрғап ұнтаққа айналғанша қайнатады. Оған өсімдік майын, малдың немесе балықтың майын қосып, ұнтаққа айналған сілтіге (сақарға) қосып араластырып, әбден қоюланған кезде шүберекке орап немесе қалыпқа құйып, белгілі бір кейіпке келтірсе, сақар, яғни **қара сабын** дайын болады. Қара сабын берік болуы үшін оған кейде қойдың жүнін, ешкінің түбітін, түйенің шудасын қосады. Қара сабын дайын болған соң одан үзіп алып, қолмен сығымдап, көршілерге, абысын-ажынға үлестіреді. Оны «**бұзаушық**» деп атайды.

Кезінде күнделікті тұрмыста кеңінен қолданылып, бұл күндері ұмыт бола бастаған қазақтың қара сабыны – сақардың емдік, шипалық қасиеттері де көп болған: малдың сүйегін қайнатып, оған сәл сілті қосып, майын қалқып алып, іш ауырғанда, тұмау тигенде аздап ішкізген; басы ауырған адамды қара сабынмен басын жуып, жылы бүркеп жатқызып қойса, басы ауруы қояды; бөртеп, қызарып шыққан денедегі жараны, теміреткіні сақармен жуып, емдеген; көз, құлақ іріңдеп ауырғанда қара сабынмен жуады; жас нәрестені бір күн қара сабынмен, бір күн тұзды суға алма-кезек шомылдырады; денеге шыққан шиқанның аузына қара сабын тартады.

Атадан балаға ғасырлар бойы іс арқылы ұдайы қайталанып жеткен бұл асыл қасиеттерді бір-бірімізге, ұрпақтарымызға үйрету – халық дәстүрі, экологиялық мәдениетіміздің ажырамас бөліктері. Айта берсек, атам қазақ тек табиғаттың өзі берген игіліктерімен ғана күн көріп жүрген шағында жыл мезгілдеріне орай **уақыттың маусымдық, айлық межелерін**: көктем шыға, жаздың басында, күз түсе, қар бір жауғанда, қыс ортасында, құралайдың салқыны кезінде, өліарада, жазғытұрымда, көк шыға, ел жайлауға көшерде, күзекке көтерілгенде, қыстауға қайтар кезде, т.б., ал **қысқа уақыт өлшемдерін**: таң алдында, таңсәріде, елең-алаңда, таң құланиектенен, күн шыға, күн көтеріле, күн құрық бойы көтерілгенде, күн арқан бойы көтерілгенде, түсте, сәске түс, тал түс, талма түс, түс ауа, түс қайта, кешке қарай, кешқұрым, ақшам кезінде, қас қарая, апақ-сапақта, қызыл іңірде, түнде, түн ортасы, түн ортасы ауа, - деп белгіленген.

Тіпті кейбір **шаруашылық әрекеттерінің** өзін экологиялық уақытпен орайластырған: жылқы күзерде, бие байларда, күзем жүн қырқымында, қозы күземде,

соғым басында, ел орынға отырарда, құс қайта, қансонарға шығарда; **ал кейбір мезеттік сәттерді:** ат ерттегенше, сүт пісірім, шай қайнатым, бие сауым, көз шырымын алғанша, ет асым сияқты межелермен мөлшерленген. Немесе үркер көтеріле, сүмбіле туа, жұлдыз сөне, т.б. деп келетін межелерді – тек қана экологиялық уақыт өлшемі емес, экожүймен байланысты ситуациялық уақыт өлшемдері деп те қарастыруға болады...

Немесе, көшпелі қазақтың экологиялық мәдениетінде жер қазбаларының да үлкен орын алатынын біз біле береміз бе? Егер жер астында қазына немесе байлық болса, сол жерде қар тоқтамай еріп кетеді. Жер асты байлықтарының бір нышаны-ұрығы себілмеген жерден райхан гүлі өсіп шығады. Тау баурайында, жұрт тұратын жерден аулақта күнжіт немесе бақлажан өссе, сортаң жердің ортасында бұқа терісіндей ғана жақсы жер немесе домбаз, кірпіш құюға жарайтын топырақ болса; жемтік, өлімтік жоқ жерде құзғындар айналып ұшып жүрсе, ол жерлерде де қазына-байлық бар болғаны. Жаңбыр жауып тұрғанда шұңқырсыз тегіс жерге судан қақ тұрса; қыстыгүні қайсыбір жерде қар тез еріп кетіп, айналасында қар қалса; тас бейне бір майланғандай жалтырап көрінсе және оған жаңбыр мен су жұқпаса; таудан бірге ойнап, құрылдасып түсіп келе жатқан қырғауыл мен кекілік көзге шалынса, немесе кенет, күтпеген жағдайда бал аралар бір жерге топтана қонса, яки қайсыбір ағаштың бірер бұтағы басқаларына қарағанда жуандау, қуаттырақ болып өссе, бұл жерлерде бабалар болжамы бойынша қазына бар дей беріңіз.

Зейінді, білгір, сезімтал бабалар мен аға ұрпақтар кен-байлықты табу мақсатында осының бәрін назарға алып отырған. Осы ата-баба тәмсілдерін біз де санамызға сіңіруіміз керек. Табиғатты сүю, қоршаған ортаны қорғау осыдан басталады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Кекілбаев Ә. Заманамен сұхбат. Алматы, 1995.
- 2.Сүлейменов О. «Дүние», №2, 2003.
- 3.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1995.

**ӘОЖ 349.6 (045)**

## ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

**Ергалиева Д., студент, Ш.Есенов атындағы КМТИУ**

**Ғылыми жетекші: Қамарова Н.С.**

**Ш.Есенов атындағы КМТИУ, Ақтау қ.**

**Аңдатпа.** Бүгінде әлем назары экологиялық білім беру проблемасына ауды. Бұл мақалада қазіргі таңда кез келген адам баласы үшін кезек күттірмейтін туындап отырған мәселелер сөз болады. Экологиялық мәдениет әр қоғамдағы жалпы мәдениеттің ең мәнді элементтерінің бірі екендігі айтылады.

**Түйінді сөздер:** Экология, білім беру проблемасы, экологиялық мәдениет, қоршаған ортаны қорғау.

Қоршаған ортаны қорғау – жерді сақтау және оның пайдалы қазбаларын, су ресурстарын, өсімдіктер мен жануарларын қолдану, ауа мен судың тазалығын қамсыздандыру, пайдалы қазбаларды қайта өндіру, қоғам мен табиғаттың гармониялық қарым-қатынасын қамсыздандыруға бағытталған ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылықтық, әкімшіліктік-құқықтық іс-шаралар кешені. Жылдан-жылға өзінің денсаулығына дұрыс қарамағандығынан және қоршаған ортаның ластануынан әртүрлі ауруларға шалдыққан адамдары бар экономиканы көзге елестетіп көріңіз. Қандай ауыр да аянышты!

Сондықтан жастар өзінің бүкіл өмірінде денсаулығы мықты болып және қоршаған орта да таза болса, онда біздің құрып жатқан қоғамымыз да өркениетті болады. Атмосфералық ауаны ластау көзі болып эксплуатация кезінде зиянды заттар шығаратын технологиялық агрегаттар табылады. Бөлінген заттар мөлшері өндірістің типі мен өндіріс қуатына, оның техникалық қамсыздандыруына байланысты болады және құралдық өлшеулер, арнайы салалық тәсілдерді қолдану арқылы жүргізілген есептеулер арқылы анықталады.

Қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың мөлшерін азайту үшін жүргізілетін іс-шаралар: өндірістік қоқыстарды азайту, жаңа тазалағыш құрылғыларды құрастыру және оның тиімділігін арттыру, лас көздерін жою, қалдықтарды қайта өндіру табылады.

Машина жасау өндірісінің кәсіпорындарына тән нәрсе – вентиляциялық қалдықтарды газ-тозандар мен аулау, әсіресе металды ашық түрде құю кезінде.

Өнеркәсіптік өндіріс қалдықтарынан тұратын газдарды тазалау және зиянсыздандыру ластайтын заттардың құрамымен, концентрациясымен, өндіріс типімен және қалдық тастау шартымен анықталады.

Вентиляциялық қалдықтарды механикалық қоспалардан тазалау дымқыл және құрғақ шаң-тозандармен аулайтын аппараттармен, талшықты және электрлік сүзгілермен жүзеге асырылады.

Сүзгі ретінде әртүрлісүзгілейтін жұқа, дөрекі талшықты материалдар қолданылады. Машина жасау кәсіпорындарында электродқа шөккен бөлшектерді жою тәсіліне байланысты құрғақ және дымқыл деп бөлінетін электр сүзгілері қолданылады.

Тұрғын суды тазалау дәрежесі жергілікті жағдайға байланысты, тазаланған тұрғын суды қолдану мүмкіндігін (өнеркәсіп және ауыл шарушылық қажеттігі үшін) ескере отырып, тағайындалады.

Металлургиямен машина жасау өнеркәсіптерінің кәсіпорындарында тұрғын суды тазалау коагулянтты (отстойник, шлаконакопитель, нефте-масловушка) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Тазаланған су үйлердісумен қамсыздандыру үшін қолданылады.

Қоршаған ортаны қорғаудың маңызды бағыты болып топырақты су және жел эрозиясынан сақтау, судың тұздалуымен күрес, орманның қорғау жолақтарын құру, мелиорациясын қолдану табылады.

Топырақтың ластануын төмендету мақсатында тәжірибеде келесі іс-шаралар қарастырылады: утилизация, өртеу арқылы залалсыздандыру, арнайы полигондарда жерлеу, жетілдірілген қоқыс шоғырлары.

Салауатты өмір салтын сақтап, әлеуетті өмір сүрудің бір негізі – қоршаған ортаға көңіл бөліп, бай табиғатымызды қорғай білу.

Ел азаматтарының өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған табиғи ортаны қорғау мемлекеттің міндеті ретінде бекітілген. Сонымен бірге республиканың әрбір азаматына табиғатты сақтау мен оның байлықтарына ұқыптылықпен қарау міндет болып табылады. Адамның қолайлы қоршаған ортаға құқығы әр түрлі заңдарда бекітілген.

Табиғат пен оның байлықтары Қазақстан Республикасы халықтарының өмірі мен қызметінің, олардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы мен әл-ауқатын арттырудың табиғи негізі болып табылады.

Осы Заң қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүдделері үшін қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық, экономикалық, және әлеуметтік негіздерін белгілейді және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, шаруашылық және өзге де қызметтің табиғи экологиялық жүйелерге зиянды әсерін болғызбауға, биологиялық алуан түрлілікті сақтау мен табиғатты ұтымды пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

Бүгінгі күні адамның қолайлы қоршаған табиғи ортаға құқығы мынадай мәселелерді қамтиды:

- халықаралық және ұлттық стандарттарға сай келетін салауатты қоршаған табиғи ортада өмір сүрудің шынайы мүмкіндіктері;
